

85,313 (5Қаз-4Паб)

Б 17



Керекті Баспа  
кітапханасы

Рухнама



Жаяу Мұса  
Байжанов





85.313/5КазЧПаву  
Б 17

Кереку-Баян  
кітапханасы

Рухнама



# Жаяу Мұса Байжанов

502.203

9 - кітап

Павлодар Павлодарской области  
2003 Библиотека  
С. Терейберг

ББК 84.5 (Қаз)

Б-22

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында  
ұсынылған «Мәдени мұра»  
арнаулы орта мерзімді бағдарламасы  
бойынша

Редакция алқасы:

Арын Е.М. (бас редактор), Нухұлы А. (бас редактордың орынбасары), Құдабаев А.Ж. (кұрастырушы, жауапты редактор), Ақышев А.А., Алдабергенов Қ.М., Әбдиев Д., Әлімбаев М., Бәделхан А., Елікбаев С., Жақсыбаев С., Жаманбалинов М., Жұмабекова Р. Ж., Жүсіп Қ.П., Исабаев Қ., Кадысова Р., Қанафина А.М., Сарбалаев Ж., Сүтжанов С., Шапауов Ә.

Б-22 Жаяу Мұса Байжанов. Павлодар:  
«ЭКО»ҒӨФ, 2003. - 166 бет.

ISBN 9965-599-27-5

Бұл кітапта Жаяу Мұсаның халқымыздың рухани байлығын терең ашып көрсететін “Ақ сиса”, “Сапар”, “Баян ауыл”, “Боз торғай” атты өлеңдері мен “Қыз күйі”, “Құмылжан күйі” т.б. күйлерінің ноталары камтылған.

Кітап ғылыми қызметкерлерге, аспиранттарға, жоғары оқу орындары мен мектеп оқытушыларына, студенттерге, сондай-ақ ғалымның өмірі мен шығармашылығы жайлы мағлұмат алғысы келетін жалпы көпшілік қауымға арналған.

Б  $\frac{4702250200}{00-(05)-03}$

ББК 84.5 (Қаз)

ISBN 9965-9965-599-27-5

© “С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті”, 2003

## ЖАЯУ МҰСАНЫҢ ӨМІРІ МЕН МУЗЫКАЛЫҚ ТВОРЧЕСТВОСЫ

Әділдікті жүргізіп,  
Жауыздықты жерлесем.  
Деген арман менде бар,  
Жетермін ақыр өлмесем.

Ж а я у М ұ с а

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген өнер иелері ішінде Жаяу Мұсаның алатын орны ерекше. Ақын, әнші, композитор, музыкант, прогресшіл ой иесі, қажырлы күрескер — осындай жан-жақты адам, осы салалардың бәрінде де айта қалғандай із қалдырып кетті. Ал оның өмірі мен музыкалық творчествосын бөліп қарауға келмейді.

Мұса Байжановтың әндерін бірінші рет қағаз бетіне түсіріп, композитордың творчествосымен оқушы жұртшылықты таныстырған — қазақ совет музыка этнографиясының іргетасын қалаушы А. В. Затаевич. Ол “Қазақ халқының 1000 әні” (1925) мен “Қазақтың 500 ән, күйі” (1931) деген жинақтарында Мұсаның бірнеше әндерін жариялап, оларға біраз сипаттама берді. Ал, А. Затаевичтің көзі тірісінде бастырып шығаруға үлгіре алмаған “Үшінші том” аталатын қолжазба жинағында Жаяу Мұсаның тағы бірнеше әндері бар.

Аталған еңбектерде Жаяу Мұсаның “Ескендір”, “Тұрымтай”, “Күлбай”, “Гауһар қыз” әнінің екі түрі, “Ақсисаның” екі түрі, “Қатын

өлгенде" (жұбайы Сапарға арналған), "Басқұлбай" әндерінің жазбалары бар. Сонымен бірге "1000 ән" жинағында А. Затаевич Мұсаның музыкалық творчествосына да қысқаша тоқталады. Оның жеке басына байланысты жайларға, ойнайтын музыка аспаптары, композиторлық және ақындық өнері туралы естігендерін жазды. Егер Затаевич Жаяу Мұсамен кездесіп, оның әндерін өз аузынан жазып алса, Мұса жөніндегі деректер әлдеқайда кеңірек, анығырақ болып, айтылатын пікірлер де басқашалау құрылар еді. Бірақ сол кезге тән түрлі жағдайларға байланысты, А. Затаевич өз ойлағандарының бәрін түгелдей жүзеге асыра алмады.

Сондай-ақ А. Затаевич казактың демократ композиторлары Күрманғазы, Жаяу Мұса, Абайдың музыкалық шығармаларына орыс, украин музыкасының кейбір интонациялық жана элементтерінің әж бастағанын байқамай, олардың әндерін орыстан, татардан ауысқан туындылар деп, тар шеңберде түсінді. Сөйтіп, орыс музыкасының казак халқының музыка мәдениетіне еткен әсерін, прогрессивтік маңызын бағаламады.

Сондықтан да ол "1000 әнге" жазған 41 түсінігінде: "Жамбаловтың сөзіне қарағанда Мұса — көңілді қарт, казак ақындарының әдетінше домбырада емес, татар әншілері тәрізді көбінесе скрипкада ойнаған. Шынында да кейбір татар әсерінің жұртқа ұнаймын деген, профессионалды жағыну нәтижесінен туған болуы мүмкін (Мұса орысша да ән салған). Сөйтіп, Мұсаның творчествосында казактарда кездесе

бермейтін күлкі, жеңілтектік кезеңдер де бар. Оның жеңіл де камсыз, басқаша айтқанда көңіл көтерерлік әуендері біркелкі екі ширектік өлшемге сыйып отырады (бұл да татарға тән), солай аяғына дейін өзгермей, “гитарға лайықты” сүйемелденіп биге шақырып тұрғандай болады (ол қазақта тіпті жоқ) — дейді.

1938 жылы Жаяу Мұсаның жиырма шығармасын сол уақытта қазақтың Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясының көркемдік жағын басқарған композитор М. Лалинов жазып алған. М. Лалиновтың жинағы қазір Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы қолжазба бөлімінде. Онда композитордың белгілі әндері “Басқұлбай”, “Сапар”, “Бәшерден ұрыға”, “Сүйіндік”, “Арап батыр” тағы басқалары бар. М. Лалинов Жаяу Мұсаның баласы Салық Мусиннің орындауынан нотаға түсірген.

1942 жылы шыққан “Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы” деген кітабының бір бөлімін Ахмет Жұбанов Жаяу Мұсаға арнаған. Онда Жаяу Мұсаның өмір жолы, музыкалық творчествосы әңгіме болады, бірнеше әндерінің ноталары келеді. Бұл қазақтың халық композиторлары туралы бірінші музыкалық зерттеу еді.

1955 жылы филология ғылымының кандидаттары Ш. Сарыбаев пен Ж. Досқараев Қазанның В. И. Ленин атындағы университетінің кітапханасынан Жаяу Мұсаның елу бір беттік қолжазбасын тауып, ол жөнінде — мақала жариялады. Мақалада композитордың қолжазба-

сынын табылғанын қысқаша хабарлай келіп, ондағы өлең-жырлардың бірнеше тақырыпқа бөлінетінін айтады. Мұның ішінде "Бөрібай хақында", "Дүниенің жаратылған оқиғасы", "Кітап ул Орман Олжабай", "Қоңтажы әңгімесі", "Қолбасылар хикаясы", "Қазақ уалаяының арқаға шығып хан сайлайды" сияқты шығармаларын сөз етеді. Осы мақалада Мұсаның Олжабай батыр туралы өлеңінің үзінді келтірілген.

Жаяу Мұсаның өлеңдерінің тағы бір қолжазбасын Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, белгілі археолог, қазақтың өнер тарихын, оның ішінде ескі замандағы өнеріміздің тарихынан көп жаңалықтар ашқан академик Әлкей Марғұлан 1959 жылы География қоғамының жаындағы Омбы музейінің кітапханасынан тапты. Автордың айтуынша, Мұса қолжазбасын 1901 жылдары Семей облыстық санақ басқармасының хатшысы Николай Яковлевич Коншиннің өтініші бойынша жіберген екен. Ол өлеңдерін бір дәптерге біріктіріп "Шыгтырман фибрат өлең кітабы" деп ат қойған. Оған енгендер: "Секретарьға өлең", "Баянауыл дуанында", "Данышпан қазы" (поэма), "Қазақ сыйлары", "Жұлдыз" (қазақ календары), "Мола" (әйелі Сапардың қабірінің басында айтқаны).

1959 жылы музыка зерттеуші Б. Г. Ерзакович композитордың әр кезде, түрлі тақырыпқа арнап шығарған шығармаларын нотаға түсіріп және оларды құрастырып "Жаяу Мұса" деген атпен ән-күйлерінің жинағын шығарды. Мұнда Мұсаның елуге тарта шығармасы бар. Мұнан

бөлек Б. Г. Ерзакович Омбы архивінен Жаяу Мұсаға байланысты тың материалдар тауып жариялады.

Бұл жаңа материалда Жаяу Мұсаның ауыл әкімдері — болыс, билерінің, уезд бастықтарының кедей ауылдарға жасаған қысымшылықтарын әшкерелеп жоғарғы ұлықтардан ондай озбырлықты тоқтатуды сұрап жазған Мұсаның арыздары бар.

1961 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан Н. Оразбековтың “Жаяу Мұса” атты шағын кітапшасы шықты. Автор бұл очеркінде, көбіне Жаяу Мұсаның баласы Салықтың әкесі туралы жазған “Естелігіне” сүйенген. “Естелік” қазір Қазақтың Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы. Кітапшада, неге екені белгісіз, Мұсаға байланысты, “Естеліктен” тысқары деректердің қашан, кімдерден алынғаны жөйлі әңгіме болмайды. Мұнда Жаяу Мұсаның ақындық, күрескерлік, композиторлық жақтары баяндалғанда өмір шындығын ақындық, жорамалдық әрекеттер көлеңкелей береді. Ал, Мұсаның музыкалық творчествосына берілген “батыл” бағалар біраз тұжырымдауды тілейтін сияқты.

Қазақ ССР Ғылым академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Қазақтың С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университетінің 1963 жылы шығарған “XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары” (жалпы редакциясын басқарған Ы.Т. Дүйсенбаев) деген жинақта Жаяу Мұсаның бір топ өлеңдері ба басылған. Олар 1959 жылы




шыққан "Жаяу Мұса" кітабындағы ән текстері мен Орталық ғылыми кітапханада сақтаулы тұрған Мұса қолжазбасынан алынған.

1963 жылы жарыққа шыққан Ахмет Жұбановтың "Замана бұлбұлдары" деген үлкен еңбегінде қазақ халқының атышулы әнші-композиторлары Біржан, Ақан, Мұхит, Балуан Шолақ және басқа халық арасынан шыққан өнерпаздарымен қатар Жаяу Мұса өмірі, оның ән творчествосының өзіндік ерекшеліктері, қазақ совет музыка мәдениетіне Мұсаның қосқан зор үлесі туралы көлемді очеркі орын алған.

А. Жұбанов өзінің кезекті ғылыми сапарында қазақ музыкасына қатысы бар ертеректегі архив материалдарың, оның ішінде жоғарыда баяндалған Қазан университетінің кітапханасынан Жаяу Мұса дәптерінің фотокошірмесін алып келді. Ол дәптерінде Мұса басынан кешірген түрлі оқиғаларын, әскери бөлімде болып, көптеген орыс және еуропа қалаларын аралағанын, Азия жорығында болғанын өз қолымен өлең формасында жазған.

Осы зерттеулерді жалғастыру, композитордың халық аузында айтылып жүрген музыкалық мұрасын жинау мақсатымен 1963 жылы Жаяу Мұсаның туған ауылында болып, оны көрген, білген адамдармен, туған-туыстарымен әңгімелестік. Соның нәтижесінде Мұса Байжановтың көпшілік қауымға белгісіз әндерінің кейбір варианттарын, мысалдары мен сықак өлеңдерін, сол сияқты әншінің өміріне қатысы бар тың деректерді жазып алдық. Ол жөнінде арнайы мақала жарияланған болатын.



Жаяу Мұсаның қызы Анна, ұлы Салық, жерлестері Айдарбеков Смак, Ертісбаев Адам, Дұрманов Орхан, Ысқақов Темірғали, Мұстафин Ағынтай, Бошанай Мұстафин, Жаяу Мұсаның келіні Жанкүміс Сөйінқызы (Жанкүміс Ескендірдің баласы Әмірдің зайыбы. Ескендір Байжанның екінші әйелінен туған бала) және басқалар Жаяу Мұсаға байланысты кейбір естеліктерін айтып берді.

Мұсаның өмірі, композиторлық және ақындық творчествосы жөніндегі жазылып, жарияланған мақалалар мен зерттеулер әзірше осылар.

Әкесі туралы Салық Мусиннің 1938 жылы жазып тапсырған естелігі және басқа да композитордың өмірін бейнелейтін әр кезде жиналған деректер “Жаяу Мұсаның шығармалары (331 п.)” деген атпен Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы тұр.

\*\*\*

Жаяу Мұса қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы, Ақшоқы деген жерде 1835 жылы туған. Әкесі Байжан, молда шақыртып, азан айтқызып жататын шамасы жоқ, аузына “күдай салған” бір атты қоя салады. Нәрестенің аты Мұса болады.

Мұсаның анасы Нақыш ертеректе өліп, Байжан екінші әйелге үйленеді (кейбіреулер Нақыштың үстіне тоқал алған дейді). Өгей шеше Балжан мінезі шөлкес, жайсыз, Мұсаны балам деп баурына тартпай, бойын аулақ ұстайды. Ал, үй шаруасын келістіруден әрі аспайтын момын

Байжан Балжанның ынғайынан ешқайда шыға алмайды. Кішкене Мұсаға жаны ашып-ақ тұрса да токалының өктемдігінен баланы арашалап ала алмайды.

Бұл жәйдін бәрін күнде көріп жүрген — Байжанның інісі Тайжанның әйелі — Сәтбала да жас жетімнің тағдырына араласуға бел байлайды. Нақыштың көзін көріп қалған, өткен аз жылдар ішінде тату-тәтті, абысын-ажынды болып өскен Сәтбала, Нақыштың әруағының алдында өзін борышты санайды. Онын үстіне, жаратылысынан Сәтбала ақкөңіл, мейірімді, пейілі кең, дүние үшін күйіп-піспейтін, аса орнықты адам болыпты.

Ол Мұсаны кішкентайынан өз тәрбиесіне алады. Әке-шешесінің жылы сөзін, жұмсақ күшағын көрмесе де, аюдай ақырған Балжанның не бір сүйектен өтетін былапыт сөздеріне Мұсаның еңсесі түспейді, қажымайды. Ескерімді, бір айтқан әңгімені қайталапмай ұғып алатын зерек, бір есіткен әнді "қағып алатын" құлағы түріңкі болады.

Сәтбала Мұсаның көп тентектің бірі емес, талапты жас екенін сезеді. Оның, танымаса да, қағаз, кітап қарауға құмарлығын көріп тағы куанады. "Өзіміз қара надан қалсақ та, мына талапкерді оқытайық" деген түйінге келеді. Сөйтіп Мұсаны жеті, сегіз жасында ауылдағы Тайжан деген молдаға береді. Жас баланың бақытына молдасы хат білетін болады (өйткені ауыл молдаларының оқи біліп, жазу білмейтіндері де болған). Оқыту әдісі қаншама ескірген болса да, молданың басқа діни ақылдарын тыңдай оты-



ра, ұқыпты жас — Мұса тез хат танып кетеді. Асты-үстімен оқитын әптіек, құран сияқты “минимумдарын” өткеннен кейін, енді түрік, шағатай аралас кітаптарды, киссалар тауып оқиды. Онымен де місе тұтпай, көзіне түскен газет-журнал кеңсе қағаздары болса да реті келіп қалса жібермей, бір шалып өтеді.

Мұсаның тез хат танып кетуі Сәтбаланы қатты қуантады. Оның үстіне, жас та болса қырағы көзді Мұса, сол айналада қала мектептерінде оқып жүрген ұлықтардың балаларын көріп, олардың киген ықшам киімдеріне, газалықтарына, ауыл жастарынан өзгеше жүріс-тұрыстарына, өзі түсініп тұрмаса да олардың орыс тілінде сөйлейтіндеріне қызыға қарайды. Ішінен: “Әттең, қолдың қысқалығы-ай! Әйтпесе мен де осылардан кем соқпас едім, қалаға барып оқуға түсе алсам”, — деп армандайды. Танымаса да солардан сұрап алып келген орысша газеттерді қызықтап, ұзақ уақыт ерінбей, қарайды. Мұсаның қасқабағына қарап отыратын Сәтбала баланың мінез-құлқында туған өзгерістің барын да байқайды. Ауылдан ешқайда шықпай “үй күшік” бөлып қалған Сәтбала Мұсадай бауырына басқан балапанның көзінен таса қылғысы келмейді. Мұсаның басқа еркеліктеріне көңілімен қалаға жібергісі келмейді.

Мұса ауылда домбырасын тартып, әнін салып, оқыған кітап, газеттеріндегі әңгімелерін айтып, ауыл жастарының, қарттардың ықыластарын өзіне аударады. Мұса өзі қатарлылардың арасында сауаттылығы, ән-күйге деген қабілетімен көзге түседі. Ауылда дәулетті үйлерге келіп-

Кетіп жүрген әнші-күйшілердің өнерін көріп, тыңдап халық музыкасының, орындаушылықтың неше алуан түрлерімен танысады. Молданың іш пыстыратын, өмір мұқтажына жанаспайтын оқуынан бір мезет "демалғысы" келгенде Мұса қолына домбырасын алады. Бұл аспапты ойнауды қатты меңгеріп кете қоймағанымен ән қосуға жарайтындай дәрежеде шығарды. Бірақ есі-дерті ауылдан кетіп, қалаға жету, қатардан қалмай оқу, көзін ашу, оның ішінде орыс тілін білу арманы мазасын ала береді. Күндіз-түні, "қалаға қалай кету" жоспары өзінше сызылады. Сөйтіп, күндердің бір күнінде Қызылжарға кіре айдайтын көрші ауылдың бір кісісімен келісіп, Мұса ешкімге білдірмей үйден қашып кетеді, "Қазан дәптеріндегі", "Үйіңен өнер іздеп кетті қаша"- деуі жәй, өлең ұйқасы үшін жазыла салған жол емес. Осыған қарағанда Мұсаны ешкім де "аттандырып" салмаған. Бұл — 1851—1852 жылдардың шамасы болса керек.

Қалаға келгеннен кейін де ол бір жағынан қолынан келген жұмысын істеп, тамағын асырап, екіншіден негізгі арманы оқу орнына түсуді көздейді. Бірақ қолында ешбір жолдама жоқ, өз бетімен келген қазақ баласына мектепке түсе қою оңай болмайды. Сондықтан Мұса бір жылдай орыс тілін шатпақтап үйреніп, біраз көзін ашады.

Көпшілік пікір бойынша, Мұса белгілі мектепте оқымаған, оның орыс тілі айналасындағы білгенінің бәрі өз бетімен жүріп алған. Бірақ архивтен табылған, түрлі әкімдерге жазған арыздары, жазуының аса көркемдігін былай қойғанда, сауаттылық жағынан жоғары дәрежеде.



Оның үстіне, Мұсаның, орыстың сол кездегі аттары әлемге әйгілі жазушыларының, акындарының шығармаларымен таныс болуы, тіпті, соларға еліктеп өзінің шығарма жазуы, оларға өзінің туындыларының бірқатарын бағыштауы — ешбір басшылықсыз, тек өз бетімен хат таныған адамның қолынан келеді деуге сиыңқырамайды.

Ұйқыда жатқан ауылға қарағанда, қаланың өмір өзгешелігін Мұса бірден сезеді. Бар кісінің баласындай бара сала қала адамынша киініп кетуге мүмкіншілігі болмай, біразға шейін ауылдан барған киімімен жүреді. Бара-бара ықшамданып, жартылай болса да орысша киіне бастайды.

Зейінді Мұса алғашқы жылдың өзінде-ақ орыс тілін ауызша біраз меңгеріп алады. Қалай дегенмен оның мұсылманша (“қазақша” деу киін) хат білуі орыс әріптерін ежіктеп оқи бастап, тез жүргізіп кетуіне себеп болады. Мұса орысша жазуды оқи бастағанда оның алдынан өзінің ауылда жүріп арман еткен жаңа дүниенің, ертегідегідей, алдынан алтын қақпа ашылғандай болады. Біресе пәтер ұстап, қалаға келген қазақтарды түсіріп, олардан “отын ақы”, “шәй ақы”, “жамбас ақы” алуды кәсіп етіп отырған татарлардың самауырыншысы, реті келген жерде арбаға шөп, отын тиесіп те жіберетін өзінің мәзсіз міндеттерін де, жана бір әріп таңбасын қағаз бетіне түсірген күні, желе-жортып, өндете жүріп орындайды. Алдына қойған ұлы мақсат жолында қандай бейнет кездесе де тартынбайды. Бір жағынан адал еңбегімен тамақ, киім, жатар орын ақысын тауып, екіншіден орысша хат тану

аркасында жылдай-жыл өте жалпы дүние тану шеңбері кеңейе түседі.

Қызылжарда тұрып, Мұса қала халқының неше алуан топтарын кездестіреді: ірі саудагерлер, ұсақ-ұсақ алыпсатарлар, олардың арасында жүретін мақләрлер, ірілі-уақты дүкен иелері, қасапшылар, тігінші, етікші, ағашшы, темір ұстасы сияқты ұсақ кәсіпшөлер елге шығып, қазақ байларымен жалғасып алмастыру саудасын жасап жүрген қаланың татар байлары, тағы тағылар. Бұлардың өмірлік мақсаттары "бес тиын кір, бір тиын шық" дегеннен аспайтын, олардан рухани азық алуға болмайтынын түсінеді. Екінші жағынан бірлі-жарым да болса қаладағы мектептерде, клубтарда үлгі аларлықтай оқу жұмысы, сауық кештерінің өтіп тұратынын көреді. Мүмкіншілігі болғанша ондай мәдени оқиғаларды жібергісі келмейді. Ал, анда-санда өзі отызыншы, самауырыншы болып жүрген пәтерге елден аты әйгілі әнші келсе, Мұсаның "күдайы беріп қалады", тыңдап рахаттанады. Кейде кешкүрым бір топ жастарды бастап "тальянка" тартқан татар гармоншысының соңынан қалай еріп жүре бергенін өзі де сезбей қалады. Сөйтіп, талапкер Мұса "тамақ асырау" мен орысша оқу арасында музыка дүниесіне де араласып қояды. Терлеп-тепшіп, күндіз-түн демей, неше түрлі жұмыстар орындап, тамақтан ауысқан ақшасына ұсталған гармонь, футлярсыз, ысқышсыз скрипка сатып алады. Енді бос уақытында екі аспапты кезек ойнап, естілген ән, күйлерді өздігінше түсіре бастайды. Мұсаның қолында, сонымен домбыра, гармонь, скрипка

үшеуі бірдей болып, музыканың неше түрін болса да “түсіріп” алатын құралдары сай болады.

Сонымен Мұса өзінің зеректігі, ізденгіштігінің арқасында білім алумен қатар сүйікті музыка өнерінен де ой-өрісін кеңейтуге талаптанады. Түрлі ойын-сауық кештерінде болып, сирек те болса Қызылжарға келіп-кетіп тұратын оркестрлердің, әнші музыканттардың орындауларындағы концерттерді қызыға тыңдайды. Мұндай жағдай жас талапкерге жақсы мағынада есер тигізеді. Оның музыкаға деген қадамын қанаттандыра түседі. Болашақ композитордың творчестволық жолында белгілі бір жол бағыт болып, кейін оның кейбір шығармаларына тікелей ықпал жасайды.


Әрине, Мұсаның бұл кезі музыка өнеріне тек сырттай еліктеп, тыңдау еді. Соның өзінде, қалада жүріп, орыстың музыкалық мәдениетімен танысып, көзімен көрген түрлі жайлар Мұсаның ой талғамының артуына, жанжақтануына себеп болумен бірге, музыкаға деген көзқарасына да өзгерістер енгізе түсті, орындаушылық өнердің өз алдына “бір төбе” болып жатқан үлкен мамандық екеніне көзін жеткізеді. Ол кездегі Қызылжарға келіп жүретін “артистердің” өнері бұл күнгі түсініктегідей профессионалдық дәрежеде болмаса да, сол жартылай диетанттардың өзі, талантты жасқа үлкен үлгі болды.

Мұсаның тиіп-қашып оқып-ақ орысша сауатын ашуы, талабы арқасында музыка дүниесінен де хабар-дерекін байытуы, осылардың бәріне жету үшін күндіз-түні демей қолынан келетін жұмыстың қандайынан болса да қашпай, қар-



жы табуы, оның тіпті бос уақытын қалдырмайды. Мұса балалық шағының зымырап өтіп бара жатқанын сезеді. Бірақ білім алу, өнер табу жолында өтіп жатқан өмірдің зая емес екендігін білгенсін, балалық шақтың еңбексіз қызығынан қалдым деп қынжылмайды, еңсесін түсірмейді.

Мұса осы үш, төрт жыл ішінде өмірінің ой-шұңқырын бірқатар түсінгендей болады. Алғаш келгенде көзіне оттай басылып дүиедегі ең үлкен қала көрінген Қызылжар, енді үйреншікті болып, жиі кездесіп тұратын жаңалығы жоқ қала, Мұса үшін де өмір ырғағы біркелкі, мәдени оқиғалары сирек, ауылға қарағанда ғана шулы болып көрініп, бара-бара мұндағы тіршіліктің тым қызықсыз екені біліне береді. Жаны бай Мұса әлде не іздейді. Қаланың бар мәдениет мүмкіншілігі оны қанағаттандырмайды. Бұлай, кеше ғана сырттан келген жалаңаяқтың рухани тілегінің оның сырт түріне лайық келмеуіне себеп — Мұсаның газет-журналдар оқу арқылы Омбы қаланың өмірімен танысуы болды. Тынымсыз жан Қызылжардың оқуын тауысқандай, енді Омбыға баруды аңсайды. Бір ғана Мұса Байжанов емес, қазақ балаларының орысша сауатын ашып, мәдениетке талпынуында Қызылжар қаласының ролі зор болғаны кейбір деректерде кездеседі. Осы бір уездік қалада тіпті XVIII ғасырдың екінші жартысында балаларға арналған орыс мектебі, кейінірек бірлі-жарым орыс-қазақ мектептері де болады. Қалада қазақ балаларына арналған интернаттар, ал жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде бастауыш мектептер мен реальдық училищелер ашылады.



“Ауылға барсам жібермей қояр” деген оймен Мұса Қызылжарда қысы-жазы шықпастан үш, төрт жыл болады. Бұл уақыт ішінде орыс тілін жақсы меңгеріп, белгілі қала адамы болып кетеді. Өмір тауқыметін тарту, оқу-білім алу өзінің “еті тірлігінің” арқасында үсті-басып да жөндеп алу, домбыра, сырнай, скринка тартуда қала жастарының алдыңғы қатарында болып кету — Мұсаның беделін күннен-күнге асыра түседі. Мұса енді сауық кештердің “жаны”, бастаушылардың бірі болып кетеді. Қысқасы — Мұса алған білімімен қатар музыкалық қабілет, орындаушылық жетістік жақтарынан да көзге түседі. Ол біртіндеген сықак өлеңдер де шығарып қояды. Мұсаның, осылай ауылда болса “бұғыш жата беретін” қасиеттері ашыла бастайды.

Енді 1855—1856 жылдар шамасында Мұса Омбы қаласына келеді. Көптеген қиыншылықтардан кейін ол орыс мектебіне түсіп оқиды. Кейбір әңгімелер бойынша, Мұса Омбыда Шоқан Уәлиханов, Сұлтанғазы Аблайхановпен танысып (біреулер тіпті Сұлтанғазының үйінде жатып оқыған дейді), солардың көмегімен екі кластық орыс мектебінде екі-үш жыл оқыған. Жоғарыда баяндалғандай, Мұсаның жазу сауатына карағанда бұл рас болуы мүмкін. Күн көріс табу, мұнда, Қызылжарға карағанда қиынға соғады. Белгілі кәсіпшілік мамандығы жоқ адамға үлкен қалада бірыңғай жұмыс болмай, кездейсоқ табыс қууға тура келеді. Мұсаның халі қиындайды. Сонда да жасынан “тесік өкпе” болып қалған шыныққан дене, алған бағытынан қайтпайтын жалынды жүрек, бәріне де төзіп, оқу-

білім жұмысын үздірмейді. Жас талапкер күн санап орысша жазу-сызуға төселе түседі. Әріне, Омбының мектебі де, оқушылары да "мінез-құлықтары" жағынан өзгеше болады.

Оқу жағы үлкен қиындықпен болса да оңға басумен қатар, Мұсаның өнерге деген талабы да жана бастайды. Генерал-губернатордың тұрағы болған Омбы мәдени-тұрмыс жағынан Қызыл-жарға карағанда жоғарырақ болады. Белгілі әскери бөлімдер, қала гарнизонының болуымен байланысты, мұнда үрлеп ойнайтын аспаптар оркестрлері, оқу орындары жанында хор, драма, музыка үйірмелері болады. Қалалық бақта ашық концерттер, өнерпаздар спектакльдері болып тұрады.

Омбыға жиі-жиі гастрольдер келеді. Олардың ішінде профессионалдар да кездеседі. Әншілер, скрипка, фортепьяно және басқа жеке аспаптарда шебер орындаушылар кештері болып тұрады. Мұнымен қатар анда-санда болса да симфониялық концерттер көрсетіледі.

Мұса Омбының кітапханаларында болып, Петербург, Москва, Орынбор, Ақмола, тағы басқа қалаларда шығып тұратын газет, журнал, кітаптар мен ведомостар оқиды. Соның арқасында, Мұса, патшашылдықты мадақтайтын бірыңғай ресми мақалалармен қатар, бұқара тұрмысын шындық тұрғысынан қарайтын, демократиялық түйінде жазылған мақалалар да кездестіреді. Өзі араласып, әңгімелесіп жүрген үлкен, кішінің арқасында социалистік көзқарастары үшін Омбыға айдалып келген адамдар жәйінде әңгімелер естиді. Осылай Мұсаның дүние та-

нуында жаңа қоғам лебімен танысуы басталады. Оның үстіне Омбыда оқып жүргенінде жаз айларында жиған-терген қаржысымен елге барып-қайтып жүргенінде, ауылдағы болып жататын түрлі оқиғалармен танысады. Байлардың, әкімдердің еңбексіз тұратынын, кедей, жалшылардың халдері нашар екенін көреді. Осының бәрі Мұсаға ой салады. Бұл әділетсіздік жөнінде өзінің қолынан келетін шарасын қолдануға бел байлайды. Мұсаның топшылауына ауылда болып жатқан әділетсіздікті жоғарғы әкімшілік орындары білмейді, алдымен соларға жеткізу керек, — деп ойлайды. Болып жатқан жайларды баяндап, ұлыққа арыз жазу керек деген шешімге келеді. Сондықтан, ол елге барып қайтқан сайын дәлелге керекті деген материалдар жинап жүреді.


Омбы дәуірінде Мұса өлең жазумен қатар ән шығаруға да талаптанады. Баста мектеп жанындағы өнерпаздар үйірмесінің бір кешінде Мұса домбырада, гармоньда, скрипкада қазақ, татар, орыс әндерін кезек тартып, оны сахнадан жібермей қойғансын, өз жанынан қыздарға арнап шығарған өлеңін белгілі бір әнге қосып айтып жүреді. Кейін сол өлеңіне өзі ән шығарып, жас-тарға сынатады. Ән бірден тыңдаушылардың құлағына жағып, “Қыздар-ай” деген атпен тарап кетеді. Сөйтіп Мұсаның тырнақалды музыкалық туындысы жарыққа шығады.

Бұл әннің Омбыда шығуы жөнінде, біздіңше, бірнеше болжаулар бар. Бірінші — қыздарға көзінше отырып ән арнау, әрине, Мұсаның, жас кезінде (осы Омбы дәуірінде) болады. Екінші —

орысша жана үйрәніп жүрген адам орыс сөздерін араластырып сөйлуге кұмар болады. Әннің қайырмасындағы орыс сөздерін қосуы жоғарыдағы айтылғанды мақұлдайды. Үшінші— “Қыздары орыс-казак бәрі кұмар” деп келетін өлең сөзі әннің қалада, орыс, казак қыздары арасында айтылғанын қуаттайды. Жаяу Мұса бұдан кейінгі шығарған ән текстерінде, өлеңдерінде орыс сөздерін орын-орнымен жарасымды түрде пайдаланып отырған. Солардың ішінде закон, люблю, сочинитель, холостой, красивый, честь, порожной, мать, женатый және басқа сөздер кездеседі.

Мұса Омбыдан қайтқанда, баяғы кірешімен Қазылжарға үрланып-кеткен “жалаңаяк” емес, салаумандай жігіт, сауатты азамат, өлең, әнге кұмар жан, музыкалық аспаптарда шебер ойнаушы өнерпаз, қалаларда болып ысылған, біраз дүниені көрген адам болып қайтады. Ол алғашқы уақытта сағынып ауыл-үй адамдары арасында болып, көрген-білгендерін айтып, газет-журнал жаңалықтарын әңгімелеп, оның арасында домбырасын, сырнайын, скрипкасын тартып, казак, татар, орыс әндерін айтып, айналасына көптеген ауылдастарын жинайды. Ара-тұра болып тұратын ойын-той, басқа жиын болса жастар біткеннің бәрі Мұсаның айналасында болады. Орысша ықшам киім, екі тілде бірдей еркін сөйлеп, жаза білу, өнерге деген талант, ойындағысын тартынбай айта салатын өжеттік — Мұсаның беделін күн санап өсіреді.

Бірақ ауылдың жалпы жәйі Мұсаны толғандырады. Теңсіздік, кедей-жалшылардың ауыр



халі, дау-жанжал, ұрлық-барымта, старшина-болыстық талас, надандық, әйел теңсіздігі, зорлық-зомбылық сияқты көріністер Мұсаға өзі ойлаған тыныштық дәурен сүргізбейді. Саналған кертартпалықтармен күресу үшін қолында не әкіммен, не байлық, не аксүйектік қасиет құралдардың бірі болмаса да, ол осы іске кірісуге шешім қабылдайды. Байжанның пәлен жыл жиналып жүріп сатып алған жалғыз торысын ерттеп мініп, Баянауыл округін аралап кетеді. Жоғарыда баяндалғандай сегіз қырлы жігіт - Мұсаның жүрген жері "айт пен той" болады. Ол тек гармонь тартып, ән салып қоймай, ауылда болып тұратын оқиғаларды әңгімелейді. Сөз арасында ел әкімдеріне тілі тиеді, "ел жақсыларын" сынайды. Басқалардың ішінде жүрген, бірақ тіс жарып айта алмайтын, старшын, болыс, билердің мансапқор парақорлықтарын айтады. Бұл сияқты кара тізімнің ішіне ол, іркілместен, "Россияның құрметті азаматы" деген атқа не болып отырған Мұса Шормановты да енгізіп жібереді.

Бір ауыл емес, осы бүкіл округті аралап, өзінің осы көзқарасын көпшілікке таратып жүреді.

Күндердің бірінде Мұсаның бұл әңгімелері Шорман балаларының құлағына жетеді. Жаман Байжанның күні кешегі қайғып кеткен баласының Қызылжар, Омбыда болып оқып келіп, сырнайлатып, әндегін, айналасына "жын-шайтандарды" жинап жатыр деп есіткен Шорманов Мұстапаз енді міне елдің "жақсыларын", "ұйытқыларын" балағаттап жүр дегенді есіткенде, оның беделінің көтерілгеніне қызғаныш туғы-



зады, "жаман неменің бір-екі ауыз орысшаға се-  
міруін кара, көргенін өзіне көп етейін" деген ыза-  
ашу да қабат тура келеді.

Бір күні Жаяу Мұса Шормановтар ауылына  
жакын жерден өтіп бара жатқанда, оны ұстап  
алып, астындағы атын тартып алып, өзін көка-  
ла қойдай егіп сабап жібереді. Мұса оған да кара-  
майды (әрине, атын қайтара алмайды, өйткені  
— Шорман ауылы ешкімге де тендік бермейді)  
қала әдетінше киініп, ат орнына қолына таяғын  
алып, жаяу-ақ ел аралай береді. Кәсібін тоқтат-  
пайды. Осы арада келіп "Аксиса" әні шығады.  
Шормановтар Мұсаны қаншама қудалағандары-  
мен атын алып, "Жаяу" Мұса атандырғандары-  
мен, өктем әнді тоқтата алмайды. "Аксиса" ра-  
дио толқынындай капелімде айналага жайылып,  
еңбек жеуші тапқа айтқан лағнет гимніндей бо-  
лып кетеді. "Аксиса" әніндегі көпке белгілі Жаяу  
Мұсаның "Шорманның Мұстапасы атымды  
алып, Атандым сол себепті Жаяу Мұса" немесе  
"Малым жоқ Шорман айдап алатұғын, Қорлы-  
ғын Мұстапаның паш қыламын" деп келетін  
өлең жолдарының өзі оның күрес объектісін  
тайға таңба басқандай көрсетеді. Әсіресе, әннің  
сөзіне сәйкес музыкасы, оның қажымас қайрат  
несінің жүрегінен шыққан өктем әуенінің өзі-ақ  
"кұлағы бар" адамға жәй "ауыл арасы" ашуы-  
ның туындысы емес екендігін дәлел дейді.

"Аксиса" композитордың күрделі шығарма-  
ларының бірі. Бұл әлеуметтік теңсіздікті, зор-  
лықшыл қиянатшыл үстем таптардың іс-әрекет-  
теріне деген наразылық пен жан ашуының уыт-  
ты күшін көрсететін ән.

Жаяу Мұса мына зорлықты тек әнге қосып қоймай, бұрынғы жинап жүрген деректерімен қоса Омбының генерал-губернаторына Шормановтардың үстінен арыз жазады. Ол әділдік жолын осылай іздеп отырғанымен оның қозғаушы күшінің неде екеніне әлі көзі жетпейді. Бұл әділетсіздіктің түбі сол генерал-губернаторда, арғы жағы патшаның өзінде екенін білмейді. Шормановтар да қарап жатпайды. Олар да Жаяу Мұсаның үстінен приговор жасау үшін материал дайындайды, бір шетін генерал-губернаторға да білдіреді. Жан-жақты адамдар, Жаяу Мұса сияқты арызды почтамен жіберіп отырмайды, Омбыға кісі шаптырады, пара береді, жоғарғы әкімдердің аузын алады. Соның нәтижесінде Мұса Байжановтың арызы зияқсыз қалып, Шормановтар, оның ішінде, әсіресе, Мұстапа басымдығын көрсетіп, “патша үкіметіне қарсы шықты, казактар арасында патша санатына наразылық күшейту үшін үгіт жұмысын жүргізіп жүр” деген приговор жасатып, Жаяу Мұсаны бірнеше жылға Тобылға (Тобольск) жер аудартады. Бұл - 1860-1861 жылдар шамасы болады. “Қазан дәптеріндегі”, “Мекен-жай оның жүрген Омбы болды, Тобылды тауық жылы барып көрді” деген жолдары осы мезгілге келеді.

Осы айтылғандармен бірге Мұса Байжановтың жер аударылуындағы тағы бір себеп мынадай жағдай болыпты: “Жаяу Мұса бір күні Құдайбергенов деген көңіл жақын адамның ауылында қонақ болып отырып, Александр II-нің портретін көреді. Патша десе төбе шашы тік тұратын Жаяу Мұса сол жерде портретті алып



жыртып тастайды. Мұндай сәтті кезенді пайдаланып, бай, болыстың өкілдері болған іс туралы дереу Дала генерал-губернаторына жеткізеді. "Мұса Байжанов опасыздық іс жасады, патшаның арын аяғына басты", - дейді. Мұндай хабарды естіген князь жарылып кете жаздайды. Князь өзінің ел тонаушы жеңдеттеріне Байжановты Баянауылдан Омбыға дейін тез жеткізулерін және қалай болмасын жаяу түрде әкелулерін бұйырады. Патша жеңдеттері жолда әбден сілесі қатып шаршаған Жаяу Мұсаны генерал-губернатордың алдына алып келеді. Омбының облыстық администрациясы Мұса Байжановтың наразылық шағымымен-есептеспей күдіретті патшаның қадірін кетірген үшін Жаяу Мұсаны он жыл каторгаға жіберуге үкім шығарады".

Сөйтіп, Жаяу Мұса екі жылдай Тобыл түрмесінде жатады. Даланың еркін ұшқан құсы, еріксіздік қапаста қиындыққа ұшырайды. Бірақ, өмірдің не бір тауқыметін жастайынан тартып, шындалып қалған адам, мойын қоймайды. Сол каторгадағы істің мән-жайын түсінетін адамдармен ақылдасып, сөйлесіп бостандыққа шығуға талаптанады. Айдауда жүрген орыстың көзі ашық адамдарының ақылы бойынша "Мені әскер қатарына алсаңыз екен" деп ұлықтарға арыз жазады (біреулер генерал-губернаторға дейді, екіншілер - тура патшаның өзіне дейді, анығы белгісіз) қалай дегенмен Жаяу Мұсаның өтініші қабылданып, ол сапар шегуге шығады. Сол арадағы бір әскер бөліміне қосылып, Жаяу Мұса Польша, Литва елдеріндегі халық көтерілісін басуға қатысады.

Осы Тобылда болған жылдарында композитордың “Сүйіндік” әні шығады. “Сүйіндік” әнінде елін, жерін сағынған жанның қайғысын ортақтасқандай көңілісіз сөз бар. “Сүйіндік айналайын аруағыңнан болмайды өз елінде жүргенде арман” деп тағдырға палиды. Автордың сондайлық реніш, күйзеліс халін көрсетуле әннің музыкалық табиғатында да ерекшелік бар. Төрт жолды өлең шумағында берілген композитордың арманды ойы параллельді мажорды-минорлы екі түрлі әуен сазы арқылы білініп тұр. Мұндай жағдай ән әсерлігін арттырып қайғылы сезімді әрқилы мелодиялық ауытқулар арқылы түрлендіріп жібереді. Әуен дамуына үлкен мүмкіншілік, еркіндік туады. “Түтқын зары” деп аталатын тағы бір әннің де осы мезгілге сәйкес шығарылуы мүмкін. Бірақ әннің өлең-сөзі болғанымен, әні, нотасы табылмады.

Жаяу Мұса әскерге алынып Тобылдан шыққан жорығында Орынбор арқылы Қазанға келеді. Өзінің “Дәптеріндегі” жазуы бойынша ол Қазанда бір ай болады.

Орынбор арқылы Қазанда бір ай жатып,  
Отарбаға Нижнийде мінеді енді.

Әрине Жаяу Мұса сияқты адам осы уақыт ішінде Қазан өмірімен танысқан болу керек. Композитордың “Қазан қыздары” әні осы сапарының жемісі болса керек. Әнінде автор татарлардың өнер-білімге ерте жетіп, халқының мәдениетті екенін үлгі етеді. Сонымен бірге қыздарға әзіл айтуды да естен шығармайды. Әнде көп ладтылық орын алған. Көңілді мажорда шығарылған. Мұндағы бір ерекшелік дыбыстардағы әлсіз үлестердің акцентпен айтылуы такти-

лердегі музыкалық ырғақтың қасиетті ұзартып, сонымен қатар тактілердің квадраттылығы жойылып тұр.

Ал, ән өлеңіндегі "Алты ай тұрып Қазанда" деген жолдарына қарағанда "Қазан қыздарының" кейініректе шығарылғандығы байқалады. Бұл Жаяу Мұсаның 1880 жылдары Қазан қаласына арнайы, қолжазбасын тапсыруға барғандағы сапарының әсерінен туған шығармасы болуы да мүмкін. Өйткені Қазан қаласынан табылған қолжазбасында Жаяу Мұсаның мынадай жолдары бар:

Анықтап қоян жылы жаздым мұны,  
Тарихы мың сегіз жүз де сексен жылы.

Осындай деректерге қарағанда ән 1880 жылдары туған.

Әннің аты "Қазан қыздары" болғанымен де мұнда татар халқының музыкасына тән пента-тоникалық сарын және басқа белгілер естілмейді. Композитордың өзіндік стиль-ерекшелігімен байланыса туған шығарма. Бұл - автордың өзі болған жерін есте қалдыру мақсатында шығарған әні.

Мұса Байжанов Новгород (осы кездегі Горький қаласы), Москва, Владимир арқылы апрель айында Петербургқа келеді. Содан кейін ол кезде полковник чиніндегі Черняевтің отрядында болып Литва, Польшада болған көтерілісті басқанын көзімен көреді. Бұған Жаяу Мұсаның "Тылында Литва, поляктардың, соғысын гвардиямен жүріп көрген" деген өлеңі дәлел болады. Сөйтіп Жаяу Мұса Россияның және Шығыс Ев-

ропаның кейбір қалаларын аралайды. Әрине, Черняев отрядындағы демалыс кездерінде болып жүретін сауықтарға қатысады. Сүйікті музыкасын ешуақытта тастамайды. Осы уақыттарда Мұсаның құлағынан марш ырғағы әбден өшпейтін орын алады. Кейін осы ырғақ композитордың шығармаларында айқын сезіледі. Осы жорықтан елге қайтқанда Мұса “Тұрымтай”, “Ескендір” сияқты әндерін шығарады. Екі ән бір-бірімен интонациялық, ырғақтық, тіпті ладтық жағынан да ұқсас. Әндерді алғаш нотаға түсірген А. Затаевич те екі әннің сөздерінің болған, болмағанын айтпайды. Әндердің жүрдек екпінде, марш сарынында құрылуы - осы әндердің аспапты музыка ретінде шығарылмайды ма екен деген ойға келесің. Өйткені бұларға арнайы текст жазсаң да әндетіп айтуға келіңкіремейді. Мүмкін Жаяу Мұса “Тұрымтай” мен “Ескендірлі” бір музыкалық аспапқа, мүмкін скрипка үшін шағын прелюдия есебінде шығаруы. Кейін ауызша жаттап алып, ыңылдап айтып жүруі сөзсіз. Бізге жеткізуші - орындаушылардың өлж-сөздерін білмеулері де сондықтан болар деген ой келеді.

Әуесқой әнші Әлікей Өтекейнің орындауынан жазып алған А. Затаевич және басқа айтушылар да “Ескендір” әнін — белгілі тарихи адам Ескендір Зұлхарнай (Александр Македонский) есіміне арнаған дейді. Македония патшасы Александр Македонский жайында тарихи: еңбектер, көркем шығармалар, аңыз, әңгімелер көп. Міне, Жаяу Мұса аталған әнді шығармасынан бұрын сондай хабар-деректерді оқып, естиді.

Сәті келгенде өзіне ұнаған есімді шығармасына қояды.

Ал, "Тұрымтай" жайында А. Затаевич: "Тұрымтай—епті кимылды, шаршап-талмайтын кішкене ғана дала құсы" — дейді. Рас Жаяу Мұсақыран құстарды өзінің ән, өлеңіне арқау еткені мәлім. Бірақ осы ән арқылы шамдағай құстың жүріс-тұрысын, аспанда шырқатып, жерге құлдилау образын көрсетемін дегеннен аулақ болған. Ол тек өзі сүйетін алғыр құстың атына ғана бола әнін осылай атаған.

Жаяу Мұсаның осы "Тұрымтайы" негізінде А. Затаевич тұңғыш рет қазақ маршын жазып, бастырып шығарады. Оркестрлерде де орындалады. Бұл ән "Қыз Жібек" операсында би орнында орындалады. Ал, композитордың "Тұрымтай", "Ескендір", "Кұлбай", "Сапар", "Басқұлбай" әнінің варианттары қала музыкасының әсерінен туған шығармалар екені даусыз. Төмендегі сегіз тактілік үзінді Жаяу Мұсаның көпшілікке әлі белгісіздеу болып жүрген "Басқұлбай" әнінен алынды.

Жаяу Мұса Черняев әскерімен бірге Алматыға келеді, қыстайды. Алатауды көріп өзінің Баян тауын сағынады. "Тауым-ай" деп келетін кайырмасы бар "Баянауыл" әнін шығарады. Ән салмақты, ойлы, байсалды сазымен ерекшеленеді. Мұнда біртіндеп, басналдақтап жүріс арқылы даму бар. Әннің бастамасы мен кайырмасындағы материалдардың арасында контрастылық жоқ. Әннің диапазондық жағы да ықшам. Солай болғанмен автордың "Жаман, жақсы болса да туып-өскен ауыл-ай" — дейтін сағыныш ли-

рикасын музыкамен суреттеу кезені өте жылы да, нанымды түрде шыққан. “Баянауыл” - Жаяу Мұсаның туған жеріне алыстан жолдаған ыстық сәлемі, сый, құрметі ретіндегі туындысы.

Енді Жаяу Мұса Верный (Алматы) қаласынан генерал Черняев әскерімен бірге Әулие-Атаға (Жамбыл қаласы) май айында барады. 1864 жылы Шымкентті алады. Патша өкіметі осы облыстардың территориясын мекен ететін халықтарды қокандықтардың езуінен босатуға әрекет жасайды. Жаяу Мұса өзінің “Қазан дәптерінде” осы басқыншылық кезіндегі оқиғаға байланысты “Сары-Ата, Әулие-Ата қараған соң, Шымкентті көп талады бек шулата” деп соғыстағы болған талан-тараждың қиындығын, халық басына түскен ауыртпалықты көрсетеді. Сондай-ақ “Надандық сол қылықтар бөрі қате” деген жолдарында сол қанды жорықты көзімен көріп, араласып жүргеніне өкініш білдірді.

Тарихтан белгілі Черняевтің отрядында қазақтың тұңғыш саяхатшысы, ғалымы Шоқан Уәлиханов және Сұлтанғазы Уәлихановтың да болғандары мәлім. Соған қарағанда Жаяу Мұсаның осылармен көрісуі мүмкін. Халық аузындағы деректерде Жаяу Мұсаның өзі өле-өлгенше Шоқанмен бірге болған күндерін айтып отырады екен.

Жаяу Мұсаның Черняев әскерінде болғанын академик А. Х. Марғұлан өзінің “Ш. Ш. Уәлиханов жөніндегі орыс және европа оқымыстыларының пікірлері” деген мақаласында былай дейді: “М. С. Знаменскийдің күнделігіне қарағанда Черняев экспедициясында Ш. Ш. Уәли-

ханов пен М. С. Знаменский (1864) жаз бойы бір-бірінен ажырамай жұмыс істей жүріп № 9 батальонның бір компаниясында болады... Дәл осы батальонда болған қазақтың болашақ ақыны және композиторы Жаяу Мұса поручик Сұлтангазы Уәлихановтың адъютанты қызметін атқарады".

Осы сапардағы Черняевтің каталдығына кезінде Шоканның да наразы болғанын ескерсек, Жаяу Мұсаның сол отрядтан еліне қашып кетуіне де Уәлихановтың әсері болмады ма екен деген ой туады.

Шымкент қорғанын басып алғаннан кейін көп кешікпей Жаяу Мұса сол жердегі Қорғанбек деген байдың қызы Айтжанды алып, қос арғымақ жеккен фазтонға мінгізіп қашып кетеді. Содан Баяннан келіп бірақ шығады. Айтжанды жақын ағасы Шоқыбайға береді. (Ол кезде қалыңмалы жоқ кедейлер орта жасқа келгенше әйел ала алмайды, сондықтан Шоқыбай үшін бұл үлкен олжа болады). Осы сапарда түн қатып жүріп келе жатқан Мұса, қос арғымақтың желіс ырғағы, жанындағы қыздың ыстың лебі, фазтонның жұмсақ серпіні, таң алдында туып келе жатқан Шолпан жұлдыздың әсем келбетінен шабыт ала бір ән шырқап жібереді. Сөйтіп, "таң алдында Шолпан туса" деп басталған өлеңі кейін әннің аты болып кетеді.

"Шолпан" — көңілді де көтеріңкі айтылатын, қалжың сарыны аралас келетін ән. Бірінші бөлімі қазақтың лирикалық әндерінде кездесетіндей қасиеттері бола тұра, екінші бөлімі ойнақы, эстрада музыкасына жақындап кетеді. Бұл да атал-

ған “Кұлбай” әні тәріздес юморы жеткілікті туынды. Композитор мұнда өн арнаған қыз бейнесін жаңа туған айдың бейнесіне теңеп, енді бірде “тартқан сымдай” белін суреттейді. Автордың осындай ойлаған ойын музыка образы жеткілікті түрде сипаттай алған. “Шолпан” әнінің осы күні үш варианты бар. Біреуі әнші Қосымжан Бабақовтың айтуынан жазып алынған. Екіншісі — 1963 жылы Смак Айдарбековтың орындауынан алынды. Ал, енді бір варианты А. Затаевичтің жарияланбаған колжазба қорынан табылды. Әнінің бұл түрін орындап, жаздырған әнші Балабек Ержанов. Алдыңғы екі вариант бір-бірімен ладтық, ырғақтық жақтарымен, құрылысы тұрғысынан да жақын. Үшінші түрінің айырмашылығы жетінші басқышының бірде төмендеп, бірде қайтадан орнына келетіндігімен және алдыңғы екеуінен мелодиялық жағынан да ерекшелігі бар. Сонымен бірге ән кеуде, қайырма болып бөлінбей тұтас бір музыкалық период құрап тұр.

Жаяу Мұса еліне келгеннен кейін біраз жыл тыныштық өмір сүреді. Ел жер көрін қадірлі болады.

Жылында алпыс төртінші қазытым бері,  
Сонан соң қаржас еліне болдым сыйды,—  
деп “Дәптеріндегі” жазылғандар осы кездерді айтады.

Өмірдің олқысы мен талқысын көп көрген Жаяу Мұса еліне келгеннен кейін бірнеше таңдаулы деген әндердің авторы болады. Ол әндер қазақтың халық музыка дәстүрінде ертеден орын алып келе жатқан ұлттық колоритте шы-



Ғарылған Сондай-ақ наразылық характеріндегі, сыкак-күлкі сарынында келетін әндермен қатар композитордың арқаға тән созылмалы, диапазоны кең, тынысы мол ән үлгілері де бар.

Қандай жағдайда болмасын Жаяу Мұса әншілік, композиторлық творчествосын өзі өскен ортаның мәдениеті, өнер салтымен, халық музыка дәстүрімен байланыстыра жасады. Абайдың төңірегінде түрлі өнерпаз әнші, музыканттар Мұқа, Кәкітай, балалары — Ақылбай, Мағауия сияқты бір топ өрендер жиналған болса, Жаяу Мұсаның өскен ауылында да сондай көркемсөз шеберлері, ақын, әнші, палуандар өмір сүрді. Сондықтан Жаяу Мұса бастаған сауық-сайран ауыл-аймақ жастары үшін мәні зор, той-томалақ, жиын-тойлардың көркі, сөні болды.

Табиғаты өте көркем Баянауыл өңірінде жез таңдай әнші, бармағынан бал тамған домбырашы - күйші, ақын-жыршылар көп болған. Жаяу Мұсадан бұрынырақ өмір сүріп, бірақ өмірі мен творчестволары жөнінде із қалмай, тек есімдері ғана ел аузында сақталып қалған әнші, жыршылар да аз емес. Солардың ішінде Токсанбай, Айтпай, Орынбай, Жанабай сияқты өнерпаздар да Жаяу Мұсаның ұстаздары іспетті. Басқа да есімдері беймағлұм халық таланттарының біздің дәуірімізге жетпей қалғандары қанша. Қалай болғанда да Жаяу Мұсаның әншілік, композиторлық, ақындық творчествосына осындай бір топ өнер иелерінің әсері тиді. Халық өнерпаздарының ежелден келе жатқан әншілік, шығарушылық салт дәстүрін Мұса Байжановтың музы-

калық мұрасынан бөліп қарауға болмайды. Композитордың халық дәстүрінен үйреніп, бұрыннан келе жатқан әншілік, орындаушылық, композиторлық өнерді жалғастырушы, дамытушы екендігін оның “Гауһар қыз”, “Хаулау”, “Көгершін”, “Сұрша қыз” әндерінен анық көреміз. Бұлардың әрқайсысының өзіндік сонылығы, ерекшелігі бар. Тыңдаушы көңіліне әсерлілігі де әр алуан.

Өте жұмсақ сазды, кең тынысты “Гауһар қыз” әншіден үлкен орындаушылық шеберлікті тілейтін, түрлі нюансте келетін тіл бояуы әсерлі ән.

“Гауһар қыздың” төрт варианты қағазға түсірілген. А. Затаевич өзінің “1000 ән” жинағында “Гауһар қыз” әнінің тарихы туралы: “Бұл әннің шығуы мен поэтикалық мазмұны қызық-ақ. Әндіжанның екі өзбегі қазақтарға товар әкеліп сатады. Бірақ сатып алушылар ақша төлемей қояды. Ақшаларынан үміт үзе қоймаған өзбектер халық ақыны Мәшһүр Жүсіп Көпеевке келіп алдамшылардың атын әшкерелейтін өлең шығаруын сұрайды. Ал, әрқашан елгезек Жаяу Мұса осы өлеңге ән шығарады — дейді”.

Дегенмен әнде алдаушылардың іс-қылығын әжуалайтын, әшкерелейтін ешбір сықақтың ізі білінбейді. Әннің өлең мазмұны да айтылған жаймен қатысы жоқ. Бұл әннің сөзі Жаяу Мұсаныкі. Ал Затаевич жинағында әннің жария болған текстісін келтірмеген. Ол қандай өлең екені белгісіз. Мұндай жағдай әнді айтып жазғызған орындаушының мәліметінен шыққан жәй. “Гауһар қыз” әнінің үш түрінің өлең мазмұны, ән құрылысы да бір-біріне өте ұқсас.

Бірақ, "Гауһар қыздың" екінші нұсқасында келтірілген:

Бауырында Алатаудың кара қойын,  
Елімнің сағынамын айт пен тойын.  
Қыс қыстап, жаздыкүні жайлаушы елік,  
Үш тарау су ағатын Сырдың бойын,—  
дейтін өлең шумақтары аталған әнмен ешбір үйлеспейді. Бұл орындаушы әншілердің фантазиясынан туған жәй болуға тиіс.

Сондай-ақ "Көкей кесті", "Жаздың күні", "Сапар қыз", "Жазда" әндерінің өлеңдері де Жаяу Мұсаның акындық творчествосына жана-са бермейтін дүниелер.

Ал, А. Затаевичтің кезінде жазып қалдырған Жаяу Мұса әндерінің бірде-бірінің текстері болмағаны анық. Сол себепті ол шығармалардың өлең-сөздерін қалпына келтіру мақсатындағы шаралардың жүргізіліп жатқанын сөз кезегі келген соң ескерте кетуді жөн деп таптық.

Әннің төртінші түрі деп аталып жүрген енді біреуін сөз еткенде "Келдік думан ортаңа" деп аталатын Жаяу Мұсаның тағы бір әні еске түседі. Бұл — 1955 жылы шыққан "Қазақстанның халық әндері" жинағында халық әні ретінде берілген. Мұны музыка зерттеуші Б. Ерзакович Павлодар облысының тұрғыны Мәжит Шалқаровтың айтуынан жазып алыпты. Әннің екі шумақ өлеңі бар. Әр шумақтың соңғы екі жолы қайталанып айтылып отырады. Және осы әннің сөздері "Гауһар қызда" да бар.

Бірақ аталған екі әннің негізі біреуі болуы мүмкін. Бұларды орындап берушілердің хабарынан ән бірде "Келдік думан ортаңа" бірде "Гау-

һар қыздың” төртінші түрі болып айтылып жүр. Шындығында бұл ән “Ғауһар қыздың” төртінші варианты емес - композитордың дербес туындысы “Келдік думан өртана” екенінде дау жоқ. Өйткені аталған ән “Ғауһар қызбен” ешқандай байланысы жоқ.

Композитор әндерінің ішінде қайсы жағынан алып қарасаң да әдемілігімен әсерлі де, шабытты саздылығымен тамсандыратын “Көгершін”. Мұның шыққанына көп уақыт болса да әншілердің репертуарынан түспей келеді. Талай рет грампластинкаларға жазылып операларда да пайдаланылып келеді. “Көгершін” Жаяу Мұсаның жақсы көрген кұстарының біріне ариалауы мүмкін. Әннің көкке самғап, шарықтаған әуендік қимылы, әнді бірде жер бауырлап ұшып бара жатқан бейбіт құстың бейнесін келтіргендей сурет береді. Ән көңілді лирикада шығарылған күрделі туынды. Қыран құсқа деген сүйспеншілігін автор “Көгершіннің” басқа “Қаршыға”, “Бүркіт”, “Тұрымтай”, “Бозторғай” сияқты әндерінде бере білген. “Көгершін” осы күні де халық композиторларының әндерінің ішіндегі таңдаулысы.

Жаяу Мұсаның халық әншілерінің дәстүрінен үйреніп, үлгі алғандығын оның “Хаулау”, “Сұрша қыз” әндері дәлелдейді. Мұса өнінің көпшілігі өзіміз білетін арқаның ән дәстүрінде шығарылған. Еркелеген “Көгершін”, өр кеуделі “Хаулау”, сағыздай созылған “Ғауһар қыз” туған жер — ананың балалық мейірбан мен суреттеген “Баянауыл” алдағы үмітке созған қолдың бейнесіндей жарқын “Сұрша қыз”... Бұл әндер

Біржанның, Аканның, Құлтуманның, Ыбырайдың, Естайдың өзімізге белгілі шырқаған, керілген шебер орындаушыны тілейтін шынайы туындылармен қатар түседі. Мұнда Мұса қазақтың өзіне дейінгі ән шығару дәстүрін әбден меңгеріп барып, творчестволық құлаш ұрған адам екені көрінеді.

Жаяу Мұсаның төңірегінде Айдарбек, Жакып, Байдалы, Бүркібайдың Мұстапасындай айлалы, қайратты, өнерлі адамдардың ансамблі кездейсоқ емес. Бұл Мұсаның айналасының үлгісі деп білу керек. Олар өз өнерлерімен халық сеніміне, абыройына ие болғандар. Ән, өлең, мысқыл сөз, шешендік, оның үстіне палуандық келіп қосылғасын үлкен бір күшке ұласады.

Айдарбек Жаяу Мұсаның жақсы досы, жауырыны жерге тимеген палуан болады. Сөзге шешен, бет-бейнесін, даусын неше түрлі құбылтып, өзгерте алатын, күлдіргі істерімен төңірегін аузына қаратқан, кәдімгі даланың артисі. Айдарбек туралы ел аузында қызықты әңгімелер айтылады. Ол да Жаяу Мұса сияқты, қолында ешқандай халыққа билік етудің тізгіні болмаса да өнерімен сыйлы, сері атанған жігіт екен.

Өзіне біткен айла күштің арқасында шалға баратын қыздың орнына кемпірді жіберіп, немесе еңбек ақысын төлемей қойған байлардың малын, ақыл, қулықпен жалшыларға алып береді. "Бұл- қатарда біз көп елдер арасында аңыз болып кеткен, ел күлдіргілері, атақты Битан-Шитан қуларын, Қоңтай - Тонтайды, Текебай куды, Айдарбек, Торсықбай сияқты талай қазаққа аттары мен күлдіргі мінездері, мысқыл,

әжуалары әйгілі болған адамдар бар. Бұлардың істері мен мінездеріне, тапқыр сөздеріне байланысты туған ұзынды-қысқалы әңгімелер қазақтағы анекдот үлгілерін көрсетеді. Реформадан кейінгі дәуірдегі халықтық юмор, қоғамдық иронияның жаналап өскелеңдеген үлгілерін танытады”, — дейді Мұхтар Әуезов.

Сол сияқты Жакып, Байдалының Мұстапасы да күшті палуандар аталса, Бүркітбайдың Мұстапасы атақты әнші, көптеген әндердің авторы болады. Оның осы күні ел аузында айтылып жүрген “Бүркітбай әкем аты Мұстапа атым” деп басталатын “Ақбет” әні бар. Бұл ән А. Затаевичтің “1000 ән” жинағында, одан кейін қазақтың халық әндерін жазып, жинаушылардың бірі - А. Бимбоэстің 1926 жылы баспадан шыққан “Музыкалық этнография” деген жинағында осы “Ақбет” әнінің нотасы сөзімен қоса беріледі. Осы әнді Бимбоэс Ақмола уезіндегі Оспан деген әншіден жазып алады. Бимбоэс бұл “Ақбетті” “романс” деп, белгілі, жүйелі формада шығарылғанына таңданады. Бүркітбайдың Мұстапасы да баянауылдық, тіпті Жаяу Мұсаға туыстығы бар. Міне Мұса Байжановтың өскен ортасы осындай сегіз қырлы жандарға толы болыпты.

Бүркітбайдың Мұстапасы 1880 жылдар шамасында Омбыда гимназияда оқыған адам. Осы қалада жүріп өнерпаздар үйірмелеріне қатысып, өзінің әншілік, актерлық өнерін өрістетеді. Мұстапа осы гимназияда оқып жүргенінде-ақ Шығыс Сібірде, Россияның көптеген қалаларында түрлі ұлттардың мәдениетін, тарихын зерт-

тейтін экспедициялар құрамында қызмет атқарады. Бірақ Мұстапа жастайынан дүние салып, алдына қойған мақсатына жете алмайды.

Жаяу Мұсаның көп жылдар бойы елінен тыс жерде жүріс-тұрыстарда болуымен, қолының қысқалығы — кедейлігіне байланысты жайлармен кешігіңкіреп барып үйленеді. Сондықтан да Жаяу Мұсаның үйленуі композитор өміріндегі мәні бар кезең екенін айтпаса болмайды. 1875 жылдары Жаяу Мұса Ақмола уезіне қарасты, Есіл бойын мекендейтін Құлбай деген байдың немере қызы Сапармен танысады. Әрине, бұған бұрынғы кез болса танымайтын сыбай басты, салт атты адамға қызын бермек түгіз, Құлбай ауыл маңайына жолатпаған болар еді. Бірақ, көптеген ел-жерді аралап қайтқан Жаяу Мұса қанша айтыс-тартыста жықпа-жығылма болып жүріп, өзінің анау-мынау, көптің бірі емес екенін танытады. Қалай дегенмен, сол байлардың бірқатары Мұсадан іштей сескенеді. Ауылының маңынан жәй казак өте алмайтын Шорман тұқымымен озбырлықтарын халыққа ән, өлеңмен өшкерелеу арқылы күреске де, осының өзі Жаяу Мұса беделін көп алдында көтереді. Черняев жорығынан оралғаннан кейін Мұсаның "Дәптеріндегі" "Сонан соң қаржас еліңе болдым сыйлы" деген жолы бекер айтылмаған.

Малды қорадан айдап бармағанымен Жаяу Мұса жанына бір топ өнерпаз жолдастарын ертіп, жалғыз емес екендігін, әрі атақты өнер иелері жолдастарының барын көрсетеді. Бақыт тек дәулетте емес, ойын - күлкі, өлеңде, рухани өмірде екенін үгіттейді. Осы айтылған "сыйлық"

аркасында Құлбай немере қызын Жаяу Мұсаға беретін болады. Жаяу Мұса қазақ салтымен тойдуманын өткізіп, қалыңдығын алып еліне қайтады. Осы сапарда “Құлбай” - әні шығады.

Құлбай байдың тайлағы

Ат шаптырым аймағы.

Өзіне төңірі берген соң,

Бұқылмай тұр қаймағы.

Құлбай байдың тұсағы,

Өткір екен пышағы.

Басқасы жаман болса да,

Қызының тәуір күшағы, -

деп, бай ауылының жалпы көрінісін әнге қосады. Басқа біткен сондай дәулетіне қарай адамшылық сәулет, сәннің жоқ екенін күлкі, мазақ етеді. Бұл әнді шығаруда да өзімен бірге ілесіп жүрген жора-жолдастарының да ықпалы болуы мүмкін. Әннің қуақы, мысқылға толы мазмұнына қарай музыкалық тілі де уытты, кекету, мұқату сарынында келеді. “Құлбай” Жаяу Мұсаның музыкалық творчествосындағы тақырыптық жаңалық болып табылады. Юмор мен сатираны әнмен бейнелеу қиын дүние. Соған қарамастан композитордың туындысы шындықты дәл, нақтылы бояумен суреттеліп, кескінделген. Жаяу Мұсаның “Құлбай” және осы стильдегі басқа әндері оның шығарушылық қызметіндегі жаңа бағытқа бет бұрыс деу керек.

Сөйтіп, осы аз уақыт бейбітшілік өмірдің өзі Жаяу Мұса үшін үлкен олжа болады, үйленіп жеке отау құралады. Екінші жағынан бірталай әндердің авторы болып, творчествосының жемісін көреді. Өзін ән шығару, өлең шығару жағынан да сынайды.



Композитордың есейіп, творчествосының алғашқы қадамында-ақ оны көп нәрсе толғандырады. Ол уақыт патша үкіметінің отарлау саясатының Қазақстан территориясына жайылып, Россиядағы жерсіз шаруалардың қоныстана бастаған кезі болатын. Сөйтіп, біріншіден қазақтардың жерін патша өкіметі тартып алса, екіншіден ауылдағы үстем тал өкілдері әлсіз халықты ата қонысынан ықтыра бастайды. Шаруалар екі қыспақтың ортасында қалады. Байлар кедей, көпшілікке тізесін батырады. Мұндай жағдай тек Павлодар облысында емес, қазақ жерінің көпшілігінде байқалып жатты. Осындай қыспақты композитор өз басынан кешіруге мәжбүр болды.

Жаяу Мұсаның осындай қуғын-сүргінде болуына, оның ауылының мал-жандарының шашылуына Шорманов, Поштаев сияқты үстем тап өкілдері кінәлі еді.

Баянауыл, Қызылтау, Қалмаққырған, Бөкенбай, Семізбұғы сияқты таулар мен Жасыбай, Сабындыкөл сияқты көлдер Павлодар облысында табиғаты жағынан ең бір көркем жерлер. Бұл араның сондай сұлулығы үшін сонау замандардан бері қарай тұрғын қазақтармен көршілес халықтар арасында үнемі қақтығыстар болып келген. Мұндағы жер, көл, тау аттары да жөй қойыла салмаған. Олар сол бір алыста қалған канды оқиғалардың куәсі, елін жаудан қорғаған, мәңгі ұмытылмас ерлердің ескерткіші. Жасыбай, Қалмаққырған деген атаулардың шығу тегі де осы айтылғандармен байланысты болса керек.

Одан бергі заманда, осы алқапты иемдену үшін, рудар арасында тартыс-талас, дау-далаба үзілмеген.

Баянауылдың таулы-тоғайлы сілемін “даладағы таулы арал” деп географтар тауып айтқан. Көлемі жағынан онша үлкен болмағанымен, бұл жерден мөуелі ағаштардың да неше түрлісін көресің.

Баянауылының сұлу жерінің бірі, жоғарыда аталған Жасыбай көлінің жағасында болашақ композитор Мұса Байжановтың балалық мезгілдері өткен. Бұл көлдің Жасыбай атануы туралы түрлі аңыз бар.

“Бір күні ауылға жау шауып, Жасыбай батыр атына мінеді. Күндіз-түні алысып, ұрысып жүргенде өзінің шаршап-талғанын сесбей қалады. Мұны сезген астындағы аты батырды бір көлдің жағасына әкеліп тастайды, су ішіп, есін жинаған Жасыбай қайтадан соғысқа кірісіп кетеді. Жауын аяққа басып, елін құлдықтан сақтап қалады. Осы көл кейіннен Жасыбай батырдың есімімен аталып кетіпті-міс”, — дейді.

Кейбір деректерге қарағанда Жаяу Мұсаның аталары Олжабай батыр 1730 жылдары Баянауыл тауына келіп, мекендейді. Көптеген жылдар бойы ол сырт шапқыншыларымен жауласып, оларды басқа жаққа қуып жібереді. Осыдан былай Баянауыл Далба тауларының ең жақсы жерлерін Олжабай бастаған айдаболдықтар қоныс етеді. Кейіннен бұл мекенді малқозылықтар жайлап қалады (Олжабай Малқозының немересі делінеді).

Жазбаша деректерге карағанда Жаяу Мұса ауылының бұрынғы тұрған жерінен қайсы мезгілде орын ауыстырғанын болжайтын дәлелдер бар. "...Бұдан 54 жыл бұрын Малкозының ұрпақтары Мұса Шормановтың қуғындап, жерді тартып алу себебінен Аккелін тауынан ығыстырылды", — делінген. Бірақ Жаяу Мұсаның ата-бабалары Аккелін болысын мекендемегені белгілі. Бұл жай жазған адамның қателесуінен болған пікір. Аталған оқиға Жасыбайға қатысы бар мәселе болуы тиіс.

Сөйтіп Жаяу Мұса аталарының бұрынғы мекен жайынан орын ауыстыру уақыты 1849 — 1850 жылдар шамасы. Композитордың ән, өлеңдеріндегі көп жыр болатын Шормановтар мен Поштаевтардың зорлығының бір ұшы сол кезден басталуы мүмкін. Осыған байланысты Байжан әулетінің қуғын-сүргінге ұшырау себептерінің бірі — осы жер дауы екенін білеміз.

Жаяу Мұсаның арғы тегі — Айдабол. Айдаболдың үш әйелінен жеті бала болады. Біріншісінен — Тайкелтір, Қошетер, Қожакелді, екіншісінен — Қарақозы, Аккозы, үшіншісінен — Жанқозы, Малқозы. Жаяу Мұса осы Малқозыдан тараған.

Бұдан кейінгі ата-бабалары жөнінде композитор "Қазан дәптерінде" былай жазады:

Төбеттің үлкен ұлы болды Байжан,  
 Дәулетін қылды атаның бұлан-талан.  
 Не мирас атадан қалғандарды,  
 Ғылаж жоқ ғаммасынан тіпті айрылған,  
 Нақыштан Байжан алып туды Мұса,  
 Үйінен өнер іздеп кетті қаша.

Жастықта олай-пұлай өнер тауып,  
Айналып кез келгенмен жүр тармаса.

Баянауыл жерін мекен еткен қаржас пен айдаболдықтардың жер, мал үшін қиянкескі ұрыс-таластары көптеген жылдарға созылып келген. Ол жөнінде архив материалдары, патша әкімдерінің есеп-кисап документтерінен де байқалады: “1863 жылы Баянауыл округының көшпелі қазақтарынан осы округтың аға сұлтанына мынадай өтініш арыз түскенін көзім көрді — дейді Красовский. Қаржас болысындағы үш үйдің өкілі Семізбұғы тауында өздерінің тұрақты қыстауы болғандығын, бірақ кедейленіп қалып, бұл қыстауды бірнеше жыл немденбегендіктен қыстаудың жарым-жартысын Жанғозы-айдаболдықтардың алып қойғанын айтады. Бұл жөнінде би, болыстардың ешқандай жәрдем көрсете алмағандықтарын аға сұлтанға шағым ретінде жеткізеді... Бұл істің немен аяқталғанын білмеймін, менімше би ол істі қаржастықтардың пайдасына шешті ғой деп ойлаймын”, — дейді.

Бұл жөніндегі тағы бір фактіні келтірейік: “...Соңғы 3—4 жылдың ішінде Садуақас Шормановтың кеңесі бойынша Ақкелін болысының қазақтары жайлаудан қыстайтын орындар сала бастады. Бұл — жақсы жерлерді өздерінің иеленуіне көбірек қалдыру мақсатымен істелген жұмыс еді. Олар қыстауды әдеттегіше өзен, көл жағаларына және шабындығы мол жерлерге орналастырып, бірақ өздері ол арада қыстамаса да жайлау кезінде шөпті шауып алып отырды.

Осындай "қыстау есебінде" жалпы халықтың пайдаланатын кеністіктерін басып алудың арты көптеген төбелес, жанжақ, бітпес ұрыс-таластарды туғызды", — делінген.

Шорман тұқымдары Байжан балаларының есімдеріне дейін өзгертіп, кемітеді. Мәселен, Мұсаны "жаяу", Садуакасты "сарыбас", Мұстапаны "жалаңаяк", Іскендірді "күлкүлак" деп мазактайды. Жаяу Мұсанын "Шорман балаларына" деп арнайы әң, өлең шығаруы да осыларға жауап ретінде айтылса керек:

Мұсаұлы зу Біләд,  
Перғауын десен жок обал.  
Атасы опат болған соң,

Қаржасқа қылған көл залад, — деп олардың сараңдықтарын, өз туыстары қаржастықтарға көрсеткен мейірімсіздіктерін батыл әшкерелейді.

Мұсаұлы Сәдуақас,  
Айдаған малға ол да мас.  
Тәкашпарлық көңілінде  
Кедейлерге жаны қас  
Арамдық пен сараңдық,  
Жеңісе алмай екеуі,  
Ұзамай түр өнері,

Шайма аңылды өңшен жас, — дегендерден бай ұлының сараңдық кейіпін, өнерімен, ақылымен көпшіліктен ұзап кетпегенін суреттейді.

Кезегі келген соң айта кететін бір жай Мұса Байжановтың "Жаяу" аталуының себептерін аша кету. Бұл сұраққа жауап беруде А. В. Загачевич өзінің "1000 әні" деген еңбегінде мынадай пікір айтқан болатын: "жаяу" Мұса деп аталуы-

нын себебі — ол кедейліктің салдарынан өнерін далада жаяу қаңғырып жүріп көрсеткен. Мұндай жағдай казактар үшін өте ұят іс. Солай болғанмен халыққа аты тез жайылып, Мұса байлардың ең бір таңдаулы қонағының бірі болды”.

Бұл әрине, қате, жаңсақ түсінік. Өйткені Жаяу Мұса ес біліп, етек жиып, ат тізгінін қолға алған күннен бастап-ақ бай-феодалдарға қарсы болып өткені тарихқа аян. Екіншіден - оның “жаяу” деген атқа ие болуы елді жаяу аралап жүргендіктен қойылмаған. Бұған бір себеп, осының алдында айтқанымыздай - Мұса Байжановтың мініп жүрген атын тартып алса, екінші бір себеп - Шормановтармен болған бір жанжалда жеті атасынан бері ақ сүйек Шормановтың Мұсасымен аттас болуын ұнатпаған Шормановтар жалғыз атты кедейдің Мұса аты жойылып, бұдан былай “Жаяу” аталсын, — депті. Байжанның Мұсасына содан бастап “жаяу” деген қосымша ат тағылған екен.

Достық, татулыққа шақырып, Мұсаның баласы Біләл Жаяу Мұсаның үйіне сары бүркітін сұрай келеді. Керек болса бір үйір жылқы берейін, — дейді. Бірақ Жаяу Мұса оның тілегін орындай алмайтынын былайша білдіреді:

Біләл келді үйіме,  
Мен түсемін күйіме.  
Сары бүркіттен дәмесі бар,  
Астамшылық әрине.

Осындай өлендерге термелеп, арнайы ән шығарып айтады. Сол әндерінің бірін біз жоғарыда аты аталған Сымақ Айдарбековтың айтуынан жазып алдық.

Жаяу Мұсаның ән, өлеңдерінің ішінде өшкере-релеудің жеткен жері Шорман тұқымдарының қылықтарына қарсы қойылған зілді кекесін мықтап орып алған. Олар кей кездері композиторды өздерінің сөзін сөйлетуге, өздерін жақтауға шақырып, малға, дүниеге қызықтырады.

Мұндай айладан ештеме шықпайтынын білген Шормановтар оны күштеп көндіріп, үнін өшіргілері келеді. Алайда Жаяу Мұсаның беделі халық алдында күшті болып, оны біржола жойып жіберуге батылдары бармайды. Осының зардабынан Жаяу Мұса ауылының малын талан-таражға салып, айдап әкетушілік, шаруашылықтарына нұқсан келтіріп, күйзеліске жиі ұшыратып отырады.

Бір жағында үстем патша өкіметінің сеніміне ие болған Шормановтар болса, екінші жағында қорғансыз кедей ақын, әлі келгені тек отты, жалынды әндері Жаяу Мұсаның күресудегі басты құралы болады. Бұл қару бұрынғыдан шыңдалып, өткірлене түседі.

1875 жылдары композитор өмірдің тағы бір ауыр кезеңіне тап болады. Байжановтың тыныштық дәуірі сүруі бұзылып, қайтадан дау-жанжалға ұшырайды. Мұсаның "Қашқын" аталуы да осы тұсқа жуық келеді. Ол әділдік өмір жолындағы күрестің алғы шебінде жүріп, ән шығарады. Ұлықты мақтап, жағымпаздану оның мінезіне әдет емес. Өзі сияқты өзгелердің де адал болуына шақырады. Оның әндерінен іште жатқан ызалы кектің жалыны анық білінеді. Халық композиторының осы тұстағы шығарған әндерінің бірі "Шормановка" (Мұстапаға деп

түсіну керек). Әннің ыза, кекке толы мазмұны үстем таптың бұқара халыққа көрсеткен ауыр қысымын суреттей келіп, олардың да үстемдігінің бітетінін, халық тілегінің орындалатын күннің алыс еместігін айтады:

Болдыңдар елменен бай жер қожасы,  
Жібермес кара шаруа көздің жасы, —  
деп теңдік, бостандықты алдан күтетін оптимист, төмендегі жолдардан үстемшілдердің шаңырағының ортаға түсетіндігін түс көрген болып айтады:

Түсімде қандалып кара кидін,  
Бұзылар қожалықтың ережесі.

Жаяу Мұсаны мұқату үшін Шорманов онын киген киіміне тиісіп сөйлейді:

Тон киген қызыл саңнан Жаяу тонбас,  
Оған ерген Қали мен Мұстапа оңбас.  
Арыстан айға шауып мертігіпті,  
Тағы да мінім болса бетіме бас, —  
десе керек. Мұса сері, сөнкой адам болған, қызыл матадан киім киіп жүреді екен. Мұстапаның “қызыл саңнан” деп өленге қосуы да сондықтан. Жаяу Мұса Мұстапаны өдеттегі сөзбен түйреп, оның жауыздығын бетіне басады:

Кигенім үстімдегі бәрі қызыл,  
Шорманов сөйлер сөзге тілім ұзын.  
Жылансын екі басты ел жалмаған,  
Қоймаймын өлтірсең де айтар сөзім, —  
деп жауап қайтарады. Осыдан бастап ән “Шормановка” деп аталып кетеді.

Сөзден мерт болып көрмеген композитор жауыздыққа, арамдыққа жаны қас, ойындағы-



сын іркілмей айтатын болады. Өзі кедей, қолы қысқа болса да жомарт, халық арасында қадірлі, сыйлы жүреді. Қайсы ауылдың болса да құрметті қонағы ретінде көрінеді. Мұны ұнатпайтын байлар жағы Мұсаны "Мырза кедей", "Сылқым жаяу" деп атаған:

Сылқым Жаяу дегенге сылқым Жаяу,  
Жетпейді он екіге жылқын, Жаяу, —  
деп оның кедейлігін бетке шырмау етіп, қай жерінен күйін келеді деп, мазақ етпекші болады. Ондай тұмардың тағылуына Жаяу Мұса қысылмай әндетіп жауап береді:

Байжанның мен баласы мырза кедей,  
Мойнымда тұмарым бар дөдегедей,  
Жаяу жүріп аттыдай шіркемін,  
Жүз қойым, отыз жылқым бар немедей, -  
дейді.

"Шормановқа" әнінің екі варианты бар. Біріншісі "Құлбай" әнінің бір түріне ұқсас. Ал, екінші вариантында автордың көңіл-күйінің, қайғы-қасіретін көрсетіп, қабак шыттыратын кезеңдер байқалады. Әннің минорлық лады, интервалдың кейбір жүрістері осы айтылғандарды дәлелдейді. Жаяу Мұсаның көпшілік туындылары өз дұшпанына деген көзқарасын, өшпенділігін қайратты, жігерлі ән арқылы жырлап, жау алдында бас имейтіндігін байқатса, бұл әнде композитор өз ойын, арыз-шағымын бір мезгіл сыпайы түрде айтпақ болса керек.

Сол сияқты "Бұзау зары" әнінде де "күшпен тоздырдың ғой ауыл халқын", "Мұсаның құтылмадым "ойынынан", Араптың құтылмадым сойылынан", "Хаулауда":

Жаныма батқандықтан ашынамын,  
 Мен неге жаяумын деп басыламын,  
 Малым жоқ Шорман айдап алатұғын,

Қылығын Мұстапаның паш қыламын,- деп, Шормановтардың жасаған княнаттарынын бетін ашады. “Бұзау зарында” да басқа әндеріндегідей жігерліктің, өктемділіктің ізі білінбейді. Бұл да автордың мәселені бейбіт түрде шешу тәсілінің жалғасы болу керек. Тағы бір айта кететін нәрсе осы — “Шормановка” әнінің екі вариантымен “Бұзау зары” әнінің арасындағы жақындық. Бұлардың атаулары түрліше болғанмен музыкалық материалы, тіпті тональностісі де бір. Біздіңше осылардың біреуі екіншісінің варианты болуы да мүмкін. Әнді айтып жазғызғандардың хабарынан әннің түрліше аталып кетуіне күмән жоқ.

Ендігі мәселе халық композиторының революцияға дейінгі қазақ ауылында болған тап тартысының кейбір көрінісін суреттейтін оқиғалармен қазақ кедей, жалшыларының патша әкімдеріне, ел билеуші топтарға қарсы күресіндегі көрсеткен белсенділігі жайлы.

1875 жылдың 21 августында Мұса Байжановтың арызында көрсеткеніндей - ол азғана уақыт Павлодар уезі, Айдабол болысының сайлау жөніндегі ауыл старшинасы қызметінде жүріп, уезд бастығы Фарафоновтың жұмсауымен екі қашқынды ұстап келуге жіберіледі. Олардың қандай қылмыс жасағандары жөнінде ештеме айтылмайды. Жаяу Мұса қашқындарды ұстағанымен, бірақ екі атты болдыртып, зорықтырып, ол үшін жүз сомнан артық ақша төлейді.

Оның ұсталған ақшаны қайтару керек деп Батыс Сібірдің әскери генерал-губернаторына жазған өтініші уезд бастығына қатты тиеді. Осы арызында Жаяу Мұса: "Жерді немдену жөнінде де талас көтердім. Мен сияқты ата-бабаларымның да осы уездің қазақтарындай қыстауларының болғаны, сондықтан да 1866 жылы 4 сентябрьдегі билердің шешімі бойынша ол жерді менің карамағыма берді. Алайда, менің командировкама байланысты жұмсалған ақшаны сұраған талабымнан кейін уезд бастығына жек көрінішті болып, оған өзімді қарсы қойып алдым", — дейді.

Сонымен Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Семей облысының әскери-губернаторына осы арыз туралы тиісті мәлімет бер деп бұйырса да, бірақ Мұса ешқандай жауап ала алмайды. Содан кейін екінші рет (5 октябрь 1875 жылы) тағы арыз жазып, онда бұрынғы берген шағымын көрсете отырып: "Заң жүзінде көңілім жай тауып жүрудің орнына, осы күні мен қолайсыз жағдайға душар болдым. Уезд бастығы мені қудалауға салды... өзімнің кінәсіз екенімді білгендіктен және жазықсыз, тексерусіз сотқа тартылғым келмей, амалсыздан жасырына тұру үшін, көрші Ақмола уезіне кетіп, осы арызды сол жақтан жолдап отырмын", - дейді (Омбы архиві, 3 фонд). Сөйтіп Жаяу Мұсаның жасырына тұруға мәжбүр болғанын және жазасыздығын пайдаланып, жоғарғы өкімет орындары оның арызын тексермек түгіл, қайта ол шағымдарды карамай, аяқсыз қалдыруға тырысып, оған қысымшылық жасаудың жаңа жолдарын іздейді.

Байжановтың бұлардан басқа (12 март, 1876 жылғы) Батыс Сібір бас басқармасының бастығына қарай болыс Көбеевтің заңсыз істерін әшкерелеп жазған арыздары бар. Көбеев бастаған бірнеше адамдардың зорлықпен Мұсаның және оның туысқандарының мал-мүліктерін тартып алып кеткендіктері туралы хабарлап, ондай бассыздықтарды тиюды талап етеді.

“Қайсы күні екені есімде жоқ, біздің ауылға Әбу Молдабаев деген би, ауыл старшинасы Ыбырай Қараманов, Баянауыл станциясының он бір казак-орысы, барлығы отыз адам болып, мені және сегіз ауылдасым—Шекей Шымыровтың, Саттыбай Шекеевтің, Бүке Доғалаковтың, Көке Шымыровтың, Елүсіз Бекеевтің, Тайжан Төбетовтың, Байжан Төбетовтың және Қали Байжановтың 246 қойын, 25 атын, 9 сиырын, 6 кілемін, 4 киізін тартып алып, 8 үй ауылды Қаржас болысының Күлеке деген жеріне қыстаудан қуып салды. Керек болса қуәлер де табылады. Бұл істегендері мені де, ауылдастарымды да қатты күйзеліске ұшыратты, бұрынғы жазғандарыма жауап ала алмай, не істерімді білмей, тағы әділдік іздеуге мәжбүр етті”, — дейді.

Алайда бұл арыздары да аяқсыз, тексерусіз қалады. Тексерушілер ондағы келтірілген фактілердің бәрін өтірік жазылған деген сылтаумен ешбір шара қолданбайды.

Омбының архивінен осы сияқты жергілікті би, болыстар мен уезд бастықтарының, ел жегіш паракорлықтардың ісін дәлелді фактілермен көрсетіп, Батыс Сібір генерал-губернаторына

жазған арыздары да табылды: "Ұлы мәртебелі, кайырымды бастығымыз, бізді үезд бастығының бес жыл бойғы езгісінен құтқара көріңіз. Ол бастық емес, тонаушы, төніректің бәрін жалмап бітті, ұрыларды болыстыққа қойды. Егер біз дұрыс адамды болыстыққа сайласақ оны қоймайды да, ал ұрыдан 1000 сом алса — ол болыс болып шыға келеді. Бізге әділ бастық беріңіз. Фарафонов мырзамен біз бірге тұра алмаспыз. Қорғай көріңіз, ұлы мәртебеліміз", — дейді. (Аталған іс, 17-бет).

Мұсаның бұл арызы да Семей облысының губернаторына тексерілуге жіберіледі. Басқа арыздары сияқты, мұндағы көрсетілгендерді орынсыз деп тауып, губернатор арызды "аяқсыз қалдыру керек" деп қорытынды жазады.

Жоғарыда айтқанымыздай Шормановтар ережестің нәтижесінде Жаяу Мұсаларды Жасыбайдан көшіріп жіберіп, оя қонысты Айдабол руының ішіндегі байлардың бірі Хұсайын Поштаев иемденеді. Мұнымен де іс бітпей екі ел арасындағы өшенділік оты сөнбей тұтана береді.

Мұсаның мына бір өлені осы оқиғаны суреттейтін сияқты:

Поштаев бір Айдабол баласы едік,  
Екеуміз бір қыстауға талас едік,  
Шормановтың жыртысын өзін жыртып,  
Етімізді қасқырдай жұлып жедік.

Сол Поштаевтың бейнесін өз тұсында жазып кеткендердің сипаттауынан да оның қандай адам болғанын білу қиынға түспейді. "...Баянауыл округінен бізге бір болыс белгілі. Өзінің жасы 28-де болғанымен, бірақ, ол да басқа болыстар

сияқты сондай ашқарақтылығымен, шектен тыс топастығымен ерекшеленеді. Бұл — Кусоюн (Хұсайын Поштаев болу керек — З. Қ.) Жангозы айдаболдықтардың баласы. Ол мұндай орынға Баянауыл округінің аға сұлтанының қолдауымен жетті. Өйткені, бір кезде әкесінің шапағаты аға сұлтанға да тиген болу керек, — дейді Красовский.

Мұсаның өлеңге қосқан Поштаевы осының өзі болуы керек. Оның топастығымен ел жегіп, паракорлығын сол кездің өзінде-ақ патша өкілі де айыптап кеткен.

Сол кездегі болыс болып тұрған Поштаевтың халыққа орынсыз қысымшылық көрсетіп, берсе қолынан, бермесе жолынан пара алатын әдетін қойғызуды талап етіп жазған Жаяу Мұсаның шағымдары да табылды. Композитордың өмірі жайында Алматының, Омбының, Қазанның архивтерінен соны деректер табылып, ал оның балаларының, туыстарының ауыздарынан не бір бұрынды-соңды қағаз бетіне түспеген жәйлар жазылып алынды. Осылардың нәтижесінде композитордың қоғамдық, творчестволық жағының қызықты кезеңдері келіп жарыққа шықты. Бұрын ауызша айтылып келген әңгімелердің, жайлардың көбі шын мәнісінде дұрысқа айналды. Солай бола тұрса да біздің қайсыбір музыка тарихын зерттеп жүрген адамдарымыз композитордың Шорман, Поштай тұқымдарымен тартысу фактілерін “қағазда жоқ” деп күмәнді көзбен қарап келді. Осылармен байланысты соңғы уақытта Алматының тарих архивінен табылған бір деректі келтірейік.

Біз әңгіме еткелі отырған деректерде Мұсаның Поштайдың Хұсайынымен арпалысы суреттеледі. Бір ескеретін жәй — мұның бәрінде де Жаяудың күрес объектісі тек Мұстапа, Хұсайын емес, солар арқылы сол кездің жүгенсіз күштерірі. Жаяу Мұса бұл жолда қазақтың "түбі бірлік", "туысқандық" деген сияқты таптық негізді көленкелейтін жағын бейнелейтін ұрандарының шын бетін аша алады. Өйткені, оның күресі карабасының қамы емес, үстем таптың өңгір таяғы басына ойнаған көпшіліктің қамы болды. Деректе әңгіменің осы жағы айқындала түседі. Жаяудың шын мәнісінде "арқалы" адам ғана емес, саналы адам екендігі айқындала түседі.

1883 жылдың 23 августында Омбының генерал-губернаторына жазған шағымында Жаяу Мұса Поштаев Хұсайынның зорлық-зомбылықтарын санап көрсетеді: болыс болып сайланғандағы шығарған шығынын қара халықтан өндіріп алу үшін, алым-салықты күшейткенін, түрлі дау-шараларды үстем тап пайдасына шешу үшін билерді өзінің жақындарынан сайлағанын, көңіліне жақпаған старшиналарды заңсыз түсіріп, олардың орнына өзінің айтқанына жүретін адамдарды қойғанын, параға ақша, кілем, жылқы алып әділетсіз шешімге келуді өдет қылып алғанын көптеген дәлелдермен толықтырып жазады. Арыздың аяғында "қол қойғаным жоқ, өйткені мен екенін білсе Поштаев маған жарық дүниені көрсетпейді", — дейді.

Бірнеше күн өткеннен кейін генерал-губернаторға Хұсайын Поштаевтың зорлық істерін ба-

яндаған тағы бір арыз келіп түседі. Бұл арыздарды егжей-тегжейлі тексеріп жатпай-ақ, тек мазмұнын айтып генерал-губернатор Семей губернаторына өзінің пікірін баяндайды. Арыздың біріншісі қол қойылмаған “домалақ арыз” болса да, екіншісі арыздың да сол мазмұнда келіп түсуі өзін ойландыратынын, бұл сияқты Поштаевтың үстінен арыз жауа берсе, оны Ақбеттаудан ауыстыру да дұрыс болар ма екен деген сөздер айтады.

1884 жылы март айында генерал-губернатор Семей губернаторынан Мұса арызының нәтижесін сұрайды. Сонымен бірге “арызда айтқандары рас болса, Мұса сол арызды өзі жазғанын айтып колхат берсін” дейді.

Бұл кезде 57 үйдің атынан жазылған тағы бір арыз Поштаевтың үстінен генерал-губернаторға келіп түседі. Енді іске Семейдің губернаторы араласады. Мұны 1884 жылы 4 апрельдегі Семейдің әскери-губернаторының полковнигі Бергтің хабарлауымен жазған дәлелдейді: “Болыстағылардың айтуынша, Байжановтың көптеген теріс істерімен бірге мінез-кұлқы да ұнамайтын қалыпта. Сонымен қатар ол өзімен бір болыстағы қырғызды (қазақты — З. Р.) өлтіргені үшін айыпталып, сондықтан Павлодардың уездік сотында формальды тексеру жүргізілуде. Оны іздеу, жауапқа тарту жұмыстары жүргізіліп жатқанымен, бірақ оның біресе Ақмола, біресе Омбы уезіне қашып жүруімен байланысты әлі ұсталған жоқ”, — деп, Жаяу Мұсаның да, оның арызының да бағасын өзінен жоғары әкім алдында төмен түсіру әрекетін жүргізеді.



Жаяу Мұсаның "Қазан дәптеріндегі" мына бір шумақтары мүмкін осындағы айтылғандарға байланысты жазылмады ма екен деп ойлайсыз:

Жанмұхамбет Онышпайды қылды жала,

Мұнысы Шормановтар бек обал-ақ.

Мағлұм өлтірді деп қылсадағы

Құтқарды өтіріктен хақ-тағала,—

деп Шормановтардың кезекті бір жаласының сырын көрсетеді. Бұл жазылғандарға қарағанда Мұсаны Шормановтардың "кісі өлтірді" деп жазаға тартпақшы болғаны аңғарылады.

Жаяу Мұса бастаған бұқара тобы да қарап жатпайды. Поштаевтың болыс сайлауының тарихын қозғап, кезінде Павлодардың уездік начальнигі Ловицкийдің үлкен пара алып Хұсайынды болыс сайлағанын генерал-губернаторға тағы ескертіп жазған. Бірақ бұл іс орнынан қозғалмайды. Генерал-губернатордың, Семей губернаторының және Павлодар уездік кеңсесінің араларында кезумен жүреді. 1884 жылдың декабрінде генерал-губернатор тағы да Жаяу Мұса арызының нәтижесін сұраған болады. Бірақ бұл да аяқсыз, тексерусіз қалып қояды.

Жаяу Мұсаның жоғарғы әкімшілік орындарына өз басының жағдайын, ел билеушілердің халыққа көрсеткен ылаңын, жемқорлықтарын көрсетіп жазған шағым арыздары көп. Олардың көпшілігін Жаяудың өзі таза орыс тілінде жазып отырған. Кейде мұсылманша жазып, арыздың аяғына ауыл адамдарының (жәбірленуші) қолы қойылып, немесе бармақтары басылған. Бірақ, әкімет орындарына Жаяу Мұса сауатты адам есебінде белгілі болғандықтан оның қолтаңба-

сын губернатор кеңсесінің чиновниктері бірден ажырататын болған. Байжановтың бұлай орысша, мұсылманша, екі тілде жазуының себебін түрліше түсінуге болады. Біздіңше мұндай жағдай бір кісінің қолынан шыққан шағымдарға ұлықтар жағы сенімсіздік туғызады деген оймен істеуі мүмкін.

Ауылдағы билеуші тап өкілдері мен патшашылдың саясатты жүргізуші әкімдердің жем-жемге келгенде ауыз біріктіріп кететінін кітаптан оқып білмесе де, осы арыздардың беталысынан-ақ Жаяу Мұса бұл жайларды көзімен көріп, белгілі тұжырымға келеді. Мұндай жағдай Мұса үшін өмірдің өзінен алған саяси сабақ болады. “Туысқандық” дегеннің жай надан елдің басын айналдыратын әңгіме екенін түсінеді. Оның үстіне болыстардың Жаяуға берген “мінздемелерінің” жоғарғы әкімдердің көңілдеріне қона қалуының да себебі мол. Қоғам дамуының қозғаушы себептерін ажырата алмаса да Жаяу Мұсаның басқаларға карағанда көзі ашық “мырза кедей” екенін білген тап жаулары, оның ауыл тобында хауіпті адам екенін біріне-бірі білдіре алады. Жоғарыда айтқанымыздай, Мұсаның қарабастың қамы үшін ғана генерал-губернатордың кеңсесін арызбен жаудырмағанын, оның арызындағы жайлардың мал дүние, экономикадан саясатқа айналғанын сезген әкімдер өділдік іздеген көпшілік тілегін сарпалданға салып, аяғын сиыр күймышақтатып бітіреді. Жаяу Мұсаның халық трибунасы болуға айналғанын көріп, дұрыс екеніне көздері жете тұрса да, оның заңды арызына жол бермейді.

Осы жағдайға байланысты жәйларды М. Әуезов дәлме-дәл суреттеп берген: "Қазақ өкімдері мойындарына құрық түсірмейтін қашаған сияқты боп, олақ кеңселерді олай да, бұлай да алдайтын. Сондағы атқа мінерлерде машық болған бір мінез өтірік арыз болатын. Өшпескен адамынан ең алдымен кара күшпен, қолмен де алуға тырысады, ол болмаса жауын мықтап жоймақ болса ұлыққа шабады. Онда "кісі өлтірді", "ауыл шапты", "жер өртеді", "патшаны жамандады" деген сияқты неше алуан жалалар ойлап табу, сол үшін сот алдында жан беру, өтірік куәлар салу — жиі кездесетін іс болған".

Сөзсіз, жоғары өкімшілік орындағылардың да оң мен солды жақсы түсінетіндері белгілі. Оларға да Мұсаның "азаматтық мінезі" мен қатар "музыкалық мінезі" де жетіп отырған "Ақсиса", "Құлбай", "Шормановка", "Тұрымтай", "Бұзау зары" әндерінде бірінші караған кісіге ән адресі әдеттегі тақырып болғанмен, оның сөздерінде, әуенінің құрылысында билеуші топқа ашық кінә да, сықак тіл — үн арқылы қажәу да бар екенін сезген. Ал Мұса болса ол ешуақытта өзінің алған бағытынан қайтпаған адам. "Сыртымнан мені қазақ қашқын дейді, көрер ем қашқындықты күнім туса" дейтін жолдары қайсы өкімнің ішіне жағады, қай феодалды миығынан күлдіреді.

Мұса арызымен байланысты айтылған осы жағдайлар қазақ халқының басына түсіп тұрған феодалдық заңның қатал көрінісін, қараңғы халықты аяусыз қанап, тонаған би, болыстардың ұнамсыз бейнесін көз алдыңнан өткізеді. Сондай уақытында үстемдігі жүріп, жазықсыз жан-

ды қаксатқандар, сөйтіп халық ауызында қарғалғандар, Батақтың Сарысының соңынан өмір бойы жарық алып түскен туысы Мырзагүл болыс, Бәпидің Мәдінінің өмірін өксіткен туысы Қақабай болыс, Байжанның Мұсасының ата-жауы болып өткен туысы Хұсайын болыс еді. Бұлардың бәрі де халық ұғымында қарғыс алмаса, алғысқа бөленбегендер.

Сөйтіп, Шорман, Байжан ауылдарының арасындағы дау-жанжалдың тек ел ауызында жүрген бос сөз еместігін қағаз бетіндегі фактілер де дәлелдейді.

Композитордың белгілі әндерінің бірі “Сапар”. Мұның шығу тарихы оның әйелінің өліміне байланысты. 1895 жылдары 37 жасында Сапар төркіндеп барып жатқанда Ақмола (қазіргі Целиноград) қаласынан 80 км жердегі Тасмола поселкесінде қайтыс болып, сол жерде жерленеді. Жан жолдасының қазасы, артында қалған жетімдер қайғысы жасы ұлғайған аламанға үлкен соққы болып тиеді. Бұған кешігіп келген Жаяу Мұса баласы Салықты ертіп алып, Сапардың моласының басында тұрып бір ән шығарады:

Жатырмысың, ей, Сапар,  
Қара жермен пара-пар.  
Қара шымды жамылып,  
Жатқаның ба гүлкизар.

“Сапар” Жаяу Мұса творчествосындағы ең бір ауыр, қайғылы кезеңді көрсететін елеулі шығарманың қатарына қосылады. Әннің бірнеше түрі бар. Ән орындаушыларына қарай ала-

Мұға әртүрлі әсер етеді. "Сапардың" төрт варианты да мажорда шығарылған. Солай болғанмен де ән орындаушысына қарай тиісті көңіл күйін суреттей алады:

Кейімеске не шара,  
Келмеске Сапар кеткен соң - .  
Жанкиысқан жасымнан,  
Жар тынысы біткен соң, —

деген сияқты айтылатын өлең мазмұнын ән толық түрде суреттей алған. Автордың қайғылы ойына ортақтасып, жоқтау сарынында шығарылған "Сапар" Жаяу Мұсаның ойлаған мақсатын ақтағандай. Әнші Жүсіпбек Елебеков пен Мұрат Толыбаевтың орындауларында "Сапар" тыңдаушысын жасытып, сай-сүйегін сырқыратады. Бұл нағыз жоқтау әні. Қазақтың халық музыка творчествосында "жоқтау" әндері көпшілігінде мажорда шығарылады. Бұл жөнінде еңбектің үшінші бөлімінде толығырақ әңгіме болады.

Мұса Байжанов 1895 жылдардан бастап ауылдан көп ұзап шықпайды. Өзінің бала кезінен сүйетін кәсібі аң аулау, құс салу, қақпан құру өнерімен шұғылданады. Жақсы ат, құмай тазы, алғыр бүркіт әншінің айрылмайтын серігіне айналады. Шабыты келген кездері осындай кәсіпке байланысты аңға, құсқа арнап, ән-өлеңін шығарады. Өр кеуделі халық композиторы өзінің "би, болыстың үйін жығатын" отты әндерімен, өлеңдерімен жанына жақпаған үстем тап өкілдерінің содырлы, сойқын әрекеттерін өшкерелеп, халықтың жырын жырлаумен болады. Жаяу Мұсаның сондай таптық күрестің тартысына арналып шығарған ән творчествосы

сол заманның суретін, оқиғасын айқын, алғыр, өжет түрде көрсете алған.

Жаяу Мұса 1916 жылғы ұлт-азаттық күресті жасы келіп қалса да қызу қолдай отырып, патшалық өкіметтің билігінің ұзаққа бармай ірге тасының қозғалуға айналғанын көреді, азаттық лебінің соғуын, бостандық өмірдің туатын күнін күтеді:

Көріп тұрмын газеттен,  
Бостандық келер ән салып.  
Көп кешікпей көреміз  
Зарыққан халық бір жарық,—

деп үлкен жақсылықтың нышанын сезеді. Аз уақыт өтпей-ақ осы айтылғандардың куәсі болады. Революция жеңісін зор қуанышпен қарсы алады. Кейбір өңгімелерде үстіндегі қызыл көйлегін тау басына ту етіп тігіп, ауыл халқына тағы да тапқырлығымен зор әсер қалдырады. Бұған әншінің “Кедей өлеңі” атты әні куә бола алады.

Құлагын, сол, ал кедей,  
Мына сөзге шамалай.  
Кедейлерді теңеген,  
Большевиктік заман-ай.

1919 жылы Жаяу Мұсаның ауылына өкіл болып келген белгілі акын Сұлтанмахмұт Торайғыров Жаяу Мұсаның баласы Салықты ревком етіп сайлайды. Ал 1928 жылы ата жауларын конфискулегенін өз көзімен көріп, актық арманына жетеді.

Осыдан аз уақыт өткен соң Жаяу Мұса Салықты шақырып алып, “Ақшоқыға ие болың-

дар, кедейдің заманы туды, енді сөңдерден бұл жерді ешкім де тартып алмайды", — дейді:

Қуаныш заман кез болды,  
Еңбегім сінген Ақшоқым,  
Сонан орын қазындар  
Борқы ағашы жанында  
Белге мені қойындар, —

деген, бұл — аяуды әншінің ақырғы өсиеті еді.

Азамат ақын, дарынды композитор Жаяу Мұса Байжанов 1929 жылы 31 июнь күні 94 жасында дүниеден қайтты. Сүйегі өзі айтқан Ақшоқы тауының бауырына жерленді. Композиторды ақырғы сапарға шығарып салғанда оның қабірінің басында тұрып, замандасы Тыныштыгүл деген ақын мынадай өлеңін Жаяу Мұсаға арнапты.

Сен едің асқар тауы Сүйіндіктін,  
Әніңмен бай, болыстың үйін жықтың,  
Жасыңнан зөбірлінің камын ойлап,  
Өткіздің көп өмірді қиындықпен.

\* \* \*

Жаяу Мұса өлгеннен кейін де оның біраз әндері табылып, қағазға түсірілді. Ел аузындағы сол шақта жазылып алынған деректерге сүйеніп отырып, композитордың музыкалық творчествосының сыр-сипатын ашуға күш салдық. Шыққан мезгілдері, оқиға себептері ән қасиеттеріне байланысты ерекшеліктері арқылы Мұса Байжановтың туындылары басқа халық әнші-композиторларының шығармаларынан бөлектеп тұратыны анықталды.

Жаяу Мұса әншілік, ақындық өнерімен қатар төңірегінде болып жатқан түрлі дау-шарларға

жиі араласып, еңбексіз мал тапқан ұры-қаракшыларды өткір сөзімен түйреп, адалдыққа шақырады, түзу жөн сілтейді. Осыған байланысты туған “Бәшерден” әнінің тарихы жөнінен бір дерек келтірейік.

Баянауылға аты шыққан Бейсен деген байдың ұлы Бәшерден өсе келе болыстыққа таласып, оған қолы жетпегеннен кейін қасына қырық жігіт ертіп, елдің малын ұрлауды кәсіп етеді. Оның бетіне қарап ол ауылда еш адам сөз айта алмайды.

Бұл жөнінде жазушы М. Әуезов былай дейді: “Қазақтың Абай тұсындағы сан байлары, болыс, атқамінерлері, өздерінің баю жолына неше алуан талант-таражды пайдаланса, кейде қолдарына ұры сақтап, аттандырып отырып, бөтен елден мал ұрлатып байып отырғандары да болған”.

Бір күні Бәшерденді жөнге саламыз, ақыл айтып, ұрлығын қойғызамыз деп, сол кездегі елге беделі бар Рахмет, Шәкен деген молдалар келіп “ұрлығыңды қой, құдайға күнәкөр боласың, шарифатқа жатпайтын іс істейсің” деп қорқытады. Сөйтіп отырғанда Бәшерден далаға шығып, ұрыларына осы екі молданың жылқыларын түгін қалдырмай Көксеңгірдің ұрыларына айдатып жіберіндер деп бұйырады. Біраз уақыт өткеннен кейін қос молданың жылқышылары келіп, жылқыларын ұрылардың алып кеткенін айтады. Молдалар амал жоқ, бір-біріне қарасып үйден шығып кетеді. Міне, Бәшерденге ақыл айтушылар осылардың кебін киеді екен.

Осы кезде қарамағындағыларға айтқанын екі еттірмейтін Айсабек деген болыс болады. Бірақ



қанша күшті болса да Бәшерденге оның да шамасы келмейді. Оның себебі — Бәшерден өзінің туысканы. Жоғарғы ұлықтарға арыз айтайын десе осы жағы тоқтатады. Сонымен не істерін білмей, Жаяу Мұсаға келіп "Батыр, Бәшерденді сіз тоқтатпасаныз ешкімнің әлі келмейтін болды", — дейді. Жаяу Мұса ауыл адамдары бас қосқан жиында Бәшерденге ақыл тоқтау, өлең, арнаулы ән шығарады. "Ұрлықтың түбі қорлық" болатынын түсіндіреді, оған түрлі мысалдар келтіреді:

Айтамын тыңдасын деп Бәшерденге,  
Есіктен жалғыз басты сүйретерге.  
Анаңыз орта жүзде асып еді  
Жан шықпай кіргіздің ғой қазбай көрге.  
Қарғыстан жыламасын екі балаң  
Алдында сен жоқ болсан жоктыр панаң,  
Көп еді жылқы ұрлауға ақыл-айлаң,  
Бәшерден, түбін ойла болса санаң.

Молдалар сияқты о дүниеге сілтемей, өмірдегі болған шындық арқылы сендіреді. Тепсе темір үзгендей қайратты адамның не ауыл халқына, не өз басына пайда келтірмей, арам іспен айналысуына қынжылады. Бұл оқиғадан кейін Бәшерден біраз уақыт ұрлығын қойып кетеді.

Жаяу Мұса шығарған "Бәшерден" әнінің сөзін Мәшһүр Жүсіп жазыпты деген де әңгіме бар.

"Бұл әнді шығарғанда мен 19 жасымда, Жаяу Мұсаға келін болып келген кезім еді, — дейді Жанкүміс. Мұсаны мен "ата" деп айтатынымын. Ол кісінің бір мінезі өзі ұнатқан үлкен, кішінің бәрімен де әзілдесе беретін. Сондықтан ба, ол

кісі мені келін болсам да, қалжындап “шанды аяқ” дейтін. Бір күні қолында жазған қағазы бар, маған бір өлең оқып берді де, “қане, карағым, саған ұнай ма, қалай жазылған екен”, деп менен сұрады. Міне сол өлең осы Бөшерденге арнап шығарғаны еді”, — деп Жанкүміс көп жайларды еске түсіреді. Осыған қарағанда және Бөшерденге байланысты оқиғаларға сүйенсек бұл ән 1903—1904 жылдар шамасында туған.

Қазіргі кезде “Бөшерден” әнінің үш варианты бар. Біріншісі А. Затаевичтің қолжазба қорында сақтаулы, екіншісі жоғарыда айтылған М. Лалиновтың қолжазбасында, Жанкүмістің айтып берген варианттары тағы бар. Затаевичтің -жазуындағы әннің сөзі жоқ болса да, бірақ әуенінің құрылысы, музыкалық жағы қызықты. Тіпті, әннің көрі аспапты музыка сарынына көбірек үксайды.

Жаяу Мұса өз дұшпандарымен күресте тек ән-жырын қару етіп қоймай, кезегі келгенде айла-күшін байқатып, жекпе-жекте амалын асырып, мерт етеді. Осындай әңгімесінің бірін — Баянауыл тұрғыны Оспанов Тілеубек қарт, жас кезімде естігенім еді, деп мынаны айтты: сол кездегі болыс Ботығайдың Мұстапасын Салықпай Ақболдаев бай қонаққа шақыралды деген хабарды естіп, Жаяу Мұса бір күн бұрын әлгі Салықбайдың ауылына барып жатады. Мезгілді күні бір топ жолдастарымен Мұстапа аттан түсіп жатқанда, Жаяу Мұса әлгі үйдің төрінің алдына барып, шалқасынан түсіп жатып алады. Үйге бірінші өнген Мұстапа Мұсаны көріп, сасып қалады да, сәлемдесуге жалма-жан қолын беру-

ге ынғайланғанда, Жаяу Мұса оған бақайшығын ұсынады. Жаңадан болыстыққа сайланып, дәуірі жүріп тұрған кезі болса да, Мұстапа қапелімде ешнәрсе тауып айта алмайды.

Біраз отырғаннан кейін Мұстапа Жаяу Мұсаны оңаша шақырып алып: "Шаһи (баласының аты) мырзаға елдің сыйлаған он сегіз карасы, ат-шапаны бар, бәрін ал, бірін ал, қалағаныңды ал", — деп жасаған қылмысының бетін жасырғысы келеді. Бірақ "олжа малдан сыбаға ал" деген сөзі Жаяу Мұсаның ар-намысына тиеді. Қайта, паракорлар мен жемқорларға деген өшпенділігі өрши түседі. Бұл жөнінде Жаяу Мұса:

Ботығай ұлы Мұстапа,  
Далба еліңе "кылды" опа.  
Қарақозы, Байқабыл  
Одан көрді көп қапа,  
Не болары белгісіз.  
Ішіңен тынып көп қапа, — дейді.

Композитордың осы сексенінші жылдар ішінде шығарған "Толғау", "Арап ұрыға", "Бозторғай", "Хаулау" әндері бір жағынан басқа түскен өмір ауыртпалығын, қанаушы таптың жәбірін бірде жабыңқы, көңілсіз сарында бейнелесе, енді бірде тепсе темір үзетіндей, екпінді, өктем музыкамен суреттейді.

Осы төрт әнде де Жаяу Мұса өзінің басынан өткізген қайғы-қасіретін тізбектеп көрсетеді. "Толғау" әніндегі "Қиналды шыбын жаным", "Арап ұрыға" әніндегі "Араптың құтылмадым сойылынан", "Бозторғайда" — "Омбыға шошынғаннан жаяу бардым", ал "Хаулаудағы";

Мен міндім Қазмойын мен майда жалды.

Мекенім Баянауыл кейін қалды.

“Қорлыққа жаста болсам шыдай алмай,

Өмірім Мұстапамен дауға қалды”, —

деген жолдардың өзі автордың осы әндерді қандай жағдайға арнап шығарғанын айқындайды. Аталған әндердің бәрі де бір-бір варианттан құрылады. Олардың өлең сөзінің мазмұны наразылық пен жан ашуын бейнелейді. Бірақ әндердің музыкалық мәнерлік құралдары саналуан. Біреуі минорда болса, біреуі ауыспалы ладта, енді біреуі можарлы кейіпте келеді. Қалай болған күнде де музыка тілінің түрлі құралдары жинақтала отырып, композитор шығармаларының мақсат нысанасын ашып көрсетеді.

Жаяу Мұсаның музыкасын сөз еткенде ауызға түсетін нәрсе оның күйлері. Бірақ композитор күйге ән сияқты мән бермегенге ұқсайды. Сондықтан нотаға түскен күйлері (“Қыз күйі”, “Қызбала күйі”, “Күм-жылан күйі”) формалық, әуендік-интонациялық, даму, өрістеу жағынан да ерекшелік көрсетпейді. Ара-тұра бір шекте шертіп ойнау тәсілдері көрінеді. Мұндай жағдай да күйлердің табиғатына айтарлықтай жаңалық әкеліп тұрған жоқ.

Жаяу Мұса домбырадан бөлек, кобыз, скрипка аспаптарында да ойнаған адам. Алайда оның бұл аспаптарға арналған репертуары әзірше белгісіз.

Композитор әндерінің тарихы мен мезгілі жайында жазылған материалдар аз. Ал, кейбір әндердің шығуы жөнінде әркім әр түрлі айтып жүр. Мұсаның “Сұрша қызы”, “Баянауылы”

туралы да осындай таласты пікірлер бар. Осы жұмысымызда қолда бар деректерге сүйеніп отырып, ара-тұра әндердің тарихы мен пайда болған кезеңіне де тоқталуды жөн көрдік.

Қазақтың халық композиторларының, озған әнші, күйшілерінің өмірі мен творчествосы туралы әрбір жана деректерді көрген сайын жана бір дүниенің бетін ашқандай боласың. Халықтан шыққан музыка қайраткерлерінің біз үшін әлі қалтарыста қалып, жарық дүниеге шықпай келе жатқан кезеңдері бар. Халықтық музыкалық өшпес бояуы, ұмтылмас сырының, мазмұнының кімді де болса қозғайтын күшіне танданасың. Тіпті кейбір газет, журнал беттеріндегі "жаңа деректердің" музыка ғылымы дүниесінде бұрыннан таныс екенін біле тұрсаң да, сондайлардың біздің өнер-тану қорына елулі үлес болып қосылғанына кәміл сәуесің.

Мұса Байжанов өз заманындағы әлеуметтік өмірді жете білген, кемістігін сынай отырып, көргенін бұлжытпай бейнелей алған. Ол тек өнер адамы ғана емес, үлкен күрескер, халық арманы үшін өзінің өмір жолында талай-талай етігімен су кешкен адам. Ол басқа халық композиторларымен салыстырғанда (Абайды айтпағанда) сауатты болған, өз өмірінің мәнді бір кесектерін қағазға түсіріп кеткен суреткер. Жаяу Мұсаның драмалық пьесаларға түсіп, опера тақырыптарына алынып, зерттеулер мен диссертацияларда бірінші сөз болуы да кездейсоқ нәрсе емес. Сондықтан әнші-композитор, ақын Жаяу Мұса айналасында болып жатқан үлкенді-кішілі әңгіменің бәрі де оқушыны толқытпай қоймай-

ды. Басқа ақындық, қоғамдық, күрескерлік істерін былай қойғанның өзінде композиторлық, орындаушы-әншілік өнерінің өзі де көлемді зерттеулерге объекті бола алатыны ашылды. Оның қазіргі уақытта алпыстан астам әндерінің музыкалық негізіндегі ладтық, ырғақтық, интонациялық жақтары енді ғана шын мәнісіндегі ғылымдық тұрғыдан қаралуда. Басқа халық композиторлары сияқты Мұса шығармаларының варианттары, музыкалық “нағашы-жиендері” де осы заманның музыка мәдениеті үшін үлкен тексеруді керек етеді. Сондықтан композитордың есімі мен творчествосына байланысты болған әңгіменің бәріне де ерекше мән беруіміз заңды да.

Ендігі бір мәселе “Баянауыл” әнінің төңірегінде. Халық аузында сөзі “Баянауыл басынан бұлыт кетпес” деп басталатын “Баянауыл” әні бар. Ол 1934 жылы “Аймау — Шолпан” операсында “Айманның ариясы” болып енді. Осы кезде қағаз бетіне түскен “Баянауыл” әнінің бес түрі (варианты) белгілі. Оның үшеуі А. Затаевич жинақтарында келтірілген болатын. Адамның аттары сияқты ән, күйде де халық бір атты қайталай береді. Мысалы, “Терісқакпай”, “Балбырауын”, “Жошы” деген күйлер, “Қара торғай”, “Жайма коңыр”, “Қарға” сияқты әндер Қазақстанның әр жерінде де кездеседі. Бірақ солардың музыкалық мазмұндары мен формалары, сөздері, шыққан оқиғалары ұқсас бола бермейді. Сол себепті, дүниеде жалғыз-ақ “Баянауыл” бар да ол Жаяу Мұсанікі деген тұжырым біз үшін тым батыл, ғылыми болжаумен байланысы жоқ жорамал сияқты. А. В. Затаевичтің

өзінің "Қазақстан 500 ән, күйі" деген жинағында, Майрадан жазып алған "Баянауыл" әніне берген түсінігінде (ән номері 410, түсінік номері 336) "осы бір сұлу әннің тағы бір жақын варианты осы жинақтан орын алды, ал тағы осы аттас екі ән менің "1000 әнімде" № 132 және "№ 654 нөмері арқылы енді", - дейді. "Қозы-Көрпештегі", "Баян" әні де "Баянауыл" әнінен басқа. "ҚозыКөрпеш - Баян" атты эпикалық поэмамен байланысты "Баян" әні аталған әндерден өзінің музыкалық құрылысы жағынан тіпті алшак жатыр. Сондай-ақ Жаяу Мұсаның "Баянауыл" әні мен сөзі (әннің мақсатын, идеясын анықтаудағы бірінші шешуші жәй десек) де өз алдына бір дүние. Оның үстіне әр композитордың өзіне тән творчестволық почеркі болатыны анық. Біз осындай ерекшелікті де ескеруіміз керек. Халық аузындағы "Баянауыл" біздіңше Жаяу Мұсаның ән шығармасынан алыс жатыр. Мұсаның өз сөзімен шыққан "Баянауылы" музыкалық жағынан Жаяудан туған "бел бала" екендігін растайтын сияқты, "Баянауыл" - композитордың туған ауылын, оның сұлу табиғатын сағынып, сырт жақта жүргенде шығарған әні екенін жоғарыда баяндадық.

Осы тәрізді әңгіме "Сұрша қыз" айналасында да бар. А. Затаевичтің жинақтарында "Сұрша қыздың" бірнеше варианты бар. Оның үшеуі "Қазақ халқының 1000 әні" еңбегінде 115, 122, 883 номерлері арқылы берілген. А. Затаевичтің Абулшахман Жанбаловтан, Армия Есмұхамедовтан және Темірбек Жүргеновтан жазып алған. Осылардың біреуіне айтқан түсінік сөзінде

А. Затаевич аттас әндердің екі түрінің музыкалық жағынан бір-біріне ұқсамайтындығын айтады.

Кейбір музыка зерттеушісімін, не музыкалық редактормын деп зерттеушілік немесе қызмет бабындағы міндетті барлық халыққа жүктей салатын адамдарымызша қандай әнді болса да біреуге тели салу — ғылыммен ешбір байланысы жоқ. Соңғы кезде бұл әнді орындаушылар өздерінің анкеталық мәліметтеріне қарай, біреулер “Қаратау кейде қарлы...” десе, екіншілері: “Алатау кейде қарлы...”, ал енді біреулер: “Көкшетау кейде қарлы...” деп бастап жүргендері бар. Оның бәрін орындау — көркемдік, географиялық талғамдарының шыны деп қоя салалық. Ал әннің авторының кім екенін қозғанда орындаушыларға еліктеп ойға келгенді айту жөнге келмейді.

Жаяу Мұсада “Сұрша қыз” деген ән бар екені рас. Бірақ бұл халық әні “Сұрша қыздан” бөлек. Ол әнді қазақ халқының ән мәдениетін аса жақсы білген Қосымжан Бабақовтан біздің аға композиторларымыз бұдан көп жылдар бұрын нотаға түсірген. Бұл өзінің музыкалық жағынан Мұсаның қолынан шыққандығына ешбір дау туғызбайды. Кейбір музыкалық интонациясы, ырғақтық, ладтық құрылысы жағынан ол Жаяу Мұсаның “Гауһар қызына” жақын екені көрініп тұр. Оларды сөзіне қарамай да ажыратуға болады.

Ауыз дәстүрлігіне байланысты бір әннің сөзі екінші әнге тіркеліп айтыла беруі заңды. Бірақ негізгі музыкалық астары сақталады. Сондықтан әннің музыкасын басты объекті етіп алу керек. Бұларды біз “Сұрша қыз” бен “Гауһар



кызда" кездесетін ұқсастықтардан анық көреміз. Біріншіден — екі әнге де төп нәрсе лалтық екінші басқышынан кварта, сонсың, септима интервалдары арқылы өрбіп, екеуінде де көп ладтылық пен көп өлшемділіктің орын алуы. Екіншіден — әндердегі әрбір музыкалық фразалар да екінші басқыштан басталады. Және солардағы лидийкалық элементтерінің кездесуі, тональдық жағымен диапазон көлемі де бірдей. Сол сияқты триольдер арқылы келетін жүрістер да әндердің ырғақтық қасиеттерінің ұқсастықтарын дәлелдейді. Ал "Сұрша кыз" атты екінші бір әнді қарасак (А. Затаевич "Қазақ халқының 1000 әні", № 122) бұл Жаяу Мұсаның "Сұрша кызына" карама-карсы құрылысымен ерекшеленеді. Әннің басталуында-ақ әуен қозғалысы жоғарыға қарай ұмтылып, қалай да бір тынышсыздық сарынды аңғартады. Әнде зілді көңілсіздіктің кескіні бар. Және де бұл ән минорлық ладта шығарылған. Сөйтіп екі әндегі айырмашылықтардың барын білеміз. Осы тәрізді аттары бірдей әннің біреуінде бір-біріне жанаспайтын өзгешеліктер бар да және олардың бәрін де бір ғана композитор шығарды деген ұғым тұмау керек. Сондықтан халық аузынан есіткен мәліметтерге үлкен ұқыптылықпен қарауымыз керек.

Айта кететін жай — "Сұрша кыз" әнінің шығуына байланысты айтушылардың біркатары өздерінің болжамын дәлелдеуде Жаяу Мұсаның баласы "Салық айттыны" келтіреді. Қазақ ССР Ғылым академиясының кітапханасындағы қолжазба бөліміндегі Салық тапсырған деректе

Араптың Сұрша қызға арнап ән шығарғаны туралы ешнәрсе жазылмаған болатын. Алайда, кей кездері, тіпті, сол Сұрша қыз деген қыздың аты ма екен, жоқ композиторлар қойған ат па екен, соның өзін анықтап алу да қажетті дүние сияқты.

Жаяу Мұса Шормановтардың қуғындауында жүріп Үлкен Қарой, Кіші Қарой деген жерде, Ақыжан қажының үйінде біраз күн жатып қалады. Ол кезде композитордың жасырақ уақыты болу керек. Сол ауылда жүрген азғана мезгілдің өзінде-ақ оған ауыл жастары үйір болып кетеді. Және өзінің ақындық, әншілік өнері де өз төңірегіне жұртты тарта түседі. Сөйтіп жүріп, Қалиша (кейбіреулер Күлзейнеп дейді) деген қызбен көңіл қосқысы келеді. Мұхтар Әуезовтің Еңлікті “биік кабақ сұрлау қыз” деп суреттеуіндей, ол қызды да ауыл адамдары “Сұрша қыз” деп айтады екен.

Бірақ, қыздың әкесі жалғыз атты кедей жігітке қызын бергісі келмейді. Мал беріп алуға шамасы жоқ Жаяу Мұса амалсыздан көңіліндегі бар арманын әніне қосып, Сұрша қыздың есімін мәңгі өшпес, ұмытылмас ескерткішке айналдырады. Қандай алыста, өмірдің ауыр жүгін арқалап жүрсе де ол қыздан күдерін үзбей, қалай да кездесеміз деген үміт жетегінде жүреді. Бұл ән 1872—1873 жылдары дүниеге келген. Осыдан былай халық аузында “Сұрша қыз” әні канатын кең жайып, тарап кетеді. Бұл әннің мына бір өлең шумағы да оған куә:

Неше жыл жүрсемдағы мен айдауда,  
Шыдаймын, қажымаймын денім сауда,

Дәм жазып осы жолдан аман қайтсам.  
Сұрша кыз кездесерміз Баянтауда.

Музыка зерттеушілердің бұл жәйлі де ескергендері жөн. Ән деген көркем шығарма. Оның да белгілі формасы, құрылысы, мазмұны болады. Бұл айтылғандар әрбір композитордың қолынан әр түрлі, әр-сырлы болып туады. Жаяу Мұсаның өз почеркісі, өзінің әуендік ерекшеліктері бар. Атап айтқанда, әндеріндегі жылдам екпінділік, қайратты да шабытты, біркелкі мажор ладында жүруі, әуен құрылысының қысқа, ықшамды формада келуі. Көпшілік ән әуендерінің жоғарғы тоникадан басталып, біртіндеп жүріс арқылы төменгі тоникадан аяқталып отыратындығы, тағы басқалар.

Әндерінде бар сегіздік және он алтылық ырғактық фигурлардың да Жаяу Мұса шығармаларына тән қасиеттердің бірі. Мұндай жағдай әнді шұбалаңқы, созылыңқы екпінге апармай, айтайын деген ойды ықшамдап, тұжырымдап, жинақтап көрсетеді. Осы сияқты Жаяу Мұса шығармаларының тақырыптық жағы да әлеуметтік теңсіздік жағдайды терең суреттей алған. Өткір мысқыл, үстем тап өкілдерінің мінез-құлығын ажуалау, кекету элементтері музыка тілінде шебер-бейнеленеді. Сондықтан Жаяу Мұсаға, басқа да композиторларға болсын тиянақты дерексіз, дәлелсіз әндерді апарып, "тана салудан" келетін пайда жоқ. Музыкалық шығарма жәйлі өңгіме болғанда, айтылған ойлар дәлелді болу үшін музыкалық (ноталық) үлгілерге сүйенсе екен дейміз. Және де "Жаяу

Мұса ондай ән шығарған жоқ”, “Біржан ондай ән шығарған жоқ” деген үзілді-кесілді пікір айту үшін тарихи, ғылыми дәлелдерді толық келтірген жөн.

Ән тарихын, музыка туралы әңгіме қозғағанда сол музыкалық негізге сүйеніп отырып, қорытынды жасау керек. Өйтпеген күнде “жаңа деректер” жәй естіген, білген кәрікұлақтың айналасында қалып қоюы мүмкін.

Жаяу Мұсаның сөз болған әндерін белгілі кезеңге бөлуде - біріншіден - музыкалық құрылысының өзгешеліктеріне, екіншіден - олардың белгілі әнмен сәйкес келетін оқиға мезгіліне сүйендік.

\* \* \*

Ендігі бір мәселе Жаяу Мұсаның кейінгі кезде табылған өлеңдері мен нақыл сөздері, сондай-ақ мысал өлеңдері жәйлі. Біз мұнда Жаяу Мұсаның жалпы акындығы, поэзиясына тоқталайық деп отырғанымыз жоқ. Олар арнайы зерттеуді тілейді. Тек өзіміздің, жаңадан, қолымызға түскен кейбір әдеби үлгілерін оқушы назарына ұсынбақпыз.

Айсабек, Аппас, Бекжан, Бәшерден т. б. байлар болыстыққа таласып, дауыс алу үшін көп малдарын төгіп, шығынданып, болыстықты ақшаға сатып аламын деп жүргенде, Жаяу Мұса кедейлер ішінде шыққан Тұрсынбай деген адамға дауыс алып беріп, болыстыққа ұсынады. Алайда, байлар мен билер Тұрсынбайды кедей деп менсінбейді. “Бұған ел билеу не теңі екен” деп қорлайды. Сыртынан өсек таратып, Тұрсын-

байдың абыройын аяққа басады. Осының бәрін байқап, көріп жүрген Жаяу Мұса зорлықшыл күншіл шонжарларды сын нысанасына алады:

Қорлама кем адамды болсаң дана,  
 Каріпті халық сүйсе бар ма шара?  
 Акшамен зорлықпен алған бақыт,  
 Шаян болып шақпай ма, ей, бейшара?!  
 Бақиға жақын қалды ғұмырларың,  
 Қойсаңшы арамдықты енді бәрің.  
 Шуласып елге іріткі сала бермей,  
 Ойлашы, тоқтау салыш миың барың!  
 Ойлашы, мырзаларым, ойланшы көп,  
 Мезгіл жетті жарылар мынау бір топ.

Көзі ашық Жаяу Мұса қайда жүрсе де газет, журнал оқиды, жаналыққа құлағын түре жүреді. Россияда революциялық қозғалыс өртіні, оның болашағы үшін зор мәнін түсініп жетпесе де, ол 1905 жылғы революцияның қоғамды қатты қобалжытқанын сезеді. Оның шарпуының "бұратана" елдерге де жететінін көреді. Қалай да осы революцияның адам, азамат теңдігі үшін күрес екенін байқайды. Далада да бір өзгеріс болады деп ойлайды. "Доптық жарылатын мезгілі жетті" деп осындай ойды айтпақ болған.

Жаяу Мұса әң, өлеңдерінде мал бітіп, көкірегі көтерілген және Бәшерден ұрыны кезінде өз пайдасына ұстап отырған Тоқай бай мен Айсабек болысты кекетіп:

Ақынбетұлы Тонайды,  
 Тайынша бітіп қоқайды.  
 Бәшердені кеткен соң,  
 Ақсақ иттей шоқайды.

Немесе:

Жолдасбекұлы Айсабек,  
Жай жүрмейді ол да тек:  
Өз мүлкіне қастан болып,  
Лағнат айтар жер мен көк, — деп сынайды.

Ел басында отырған “жақсы атанғандардың” өзінде бірін-бірі сыйлау, адамгершілік дегеннен кұры қол, “достық” дегенді әншейін бүркемелеу үшін қолданылатын мотив екенін, шындығында “достық”, “жолдастықтың” түп тамыры дүние-малда жатқандығына реңжиді:

Болғанда билер хаяр, байлар мекер.  
“Жақсылар” ел ториды жаудан бетер.  
Қосылған шын көңілмен ықылас жоқ,  
Өтірік сөзбен қосылған достар бекер.

Бірақ, оларға қанша айтсаң да түсіне қоймайтын дарын былайша сипаттайды:

Жүгенсіз кеткен бас асау,  
Айтқанға қайтып көнеді.  
Ақымаққа айтқан насихат  
Дәл сонымен тең еді.

Сонымен бірге ол туысқан деген сөздің жай айтыла салмағанын, оның маңызын баяндай келіп, туысқанның да түрлі-түрлі болатынын атап өтеді. “Жат жақсы ағайыннан таныс болса” дегендей, жаны ашып ауырмайтын туысқанның болғанынан жоғы жақсы дегенді айтады. Туысқан, ағайын деген жуатпа сөздерден де адамгершілік, бауырмалшылықтың ролін жоғары санайды:

Жаксы болса туыскан,  
Алыс та болса жуыкты.  
Жаман болса туыскан  
Душпаннан бұрын салар  
Мойыныңа кұрыкты...

Композитордың творчестволық қызметіндегі елеулі тақырыптың бірі әйел бостандығы. Басы саудаға түскен феодалдық замандағы қазақ қыздарының тағдыры да ойландырмай қоймайды. Мұса бұл мәселеде прогрессивті көзқараста болған адам. Әрине, мұндай мәселені шешудің сара жолын шын мәнісіне таба алмаса да, қайсыбір кезеңдерде қолынан келгенін аянбайды.

Исабек деген кедейдің Күләнда атты қызына Жексеке бай кұда түсіп, мал беріп алмақшы болады. Мұның бәрін естіп, біліп жүрген Жаяу Мұса сол қызды шалдан қалай болса да босатып алу қамын іздестіреді. Жексекені күшпен тоқтата алмасын түсінген Мұса, бұл арада айлаға көшіп, қызға өлең шығарып береді. Оны Күләнда әкесіне айтқан болып, жұртқа жаяды. Сондағы өлең мынадай екен:

Ата-әке, міне, саттың жастай зорлап,  
Бір шалға жетпістегі күштеп, қолдап.  
Қазақтың қыздарының күні кұрысын,  
Бермесе заман бақыт өзі оңдап.  
Сәлем айт ағаларға ойлансын-ау,  
Бір шалға мені беріп қоймасын-ау.  
Сұраусыз мені шалға сатқаннан соң,  
Төбеңде төрт аяғым ойнасын-ау.  
Кетем бе жылай-жылай сатылып-ай,  
Қайғымен қапаланам, қысты ғой бай.  
Әкемнің әкесімен жасы кұрдас.

Бір қу бас дейді мені “қатыным-ай”,  
Ей, тоба, ризамын, көргізбей ал,  
Бір сұрау бір сорлыға кез боп қалса,  
Алдында катын етіп жүргізбей ал.

Өлең бірден-бірге тарап, бүкіл елге жайылып кетеді. Жастар әнге қосып, той-топырда айта-тын болады. Әсіресе, Жексекеге естіртіп, оның ауылында да айтылып жүреді. Ол Жексекенің азулы бәйбішесінің, жігіт болған балаларының қытығына тиеді... Олар да Күләнданың ауылға келмеу жағын қостайды. Қыздың ағалары, ел-жұрты болып ата-анасының жөнсіз істерін бетке басады. Сөйтіп Күләнданың басы Жексекеден босайды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей Жаяу Мұса өмірдің түрлі кезеңіне қарай әлеуметтік көзқарасының да прогрессивтік болғанын айыру қиын емес:

Жолдас болма арамға,  
Алма берме сараңға,  
Насихат еткен атаңды үк,  
Жолдас болма ұлыққа,—

деп ол адамгершілік идеяны жоғары көтере отырып, жаманнан аулақ, жақсыға жуық жүр деген кеңес береді.

Байларға еріп сандалма,  
Рахым қыл әр кез кедейге  
Жетім мені жесірге.

Бұл Жаяу Мұсаның халықтық - ақын, композитор екенін байқатады. “Кедей”, “жетім-жесір” - дегендері халық жағындағы адам болғанын аңғартып тұр. Жаяу Мұсаның демократияшыл



бағыттағы композитор екенін біз, халықты канаушыларға қарсы шығуынан, бұқараларды тонаушы ұры-қары, би-болыстардың жауы болуынан, әйел теңдігін қорғаушы істерінен білеміз.

Жаяу Мұса өзі өмір сүрген заманда реакциялық религиялық саяси бағыттың да зиянды, халыққа пайдасыз жағын көре білді. Оған шамасының келгенінше күресіп отырды. Хазірет, молдалардың да зиянды істерін мойындарына қойып, көптің көзінше талай-талай жігерлерін күм етеді. Бірде Жаяу Мұса жолы түсіп, Ертіс бойын уысында ұстаған катал әкім Қазанқап дегенге аталас желеу руының бір ауылына соғыпты. Бұл — өмірі есе тимей, еңсесі түскен ауыл екен. Соны бұрыннан білетін Жаяу Мұса әңгіме үстінде ауыл адамдарына:

- Өздерің Қазанқапқа туыс бола тұра, сендерге тым құрыса елу басылық та тимеген екен-ау, - депті.

- Біз құдайға қараған атамыз ғой, - депті сонда бір момын шаруа.

- Қорқактың бәрі құдайшың, - деп Жаяу Мұса өткір көзімен үйдегілерді бір түйреп өткен екен. Бұл сияқты молдаларға байланысты оқиғалар Жаяу Мұса өмірінде көп кездеседі.

Жаяу Мұса Абаймен кездесіпті, Абайға арнап өлең шығарыпты деген дерек бар. Бірақ, оның анықтығына көз жетпейді. Солай болса да ол хабарды осы арада келтіре кетуді жөн көрдік.

Бір күні Абай қаз дауысты Қазыбек бидің ұрпағы, әрі әнші, әрі шешен Мауқай деген кісіні Жаяу Мұсаға жіберіп: "Мұсаны ертіп кел, мен

шақырады де, танысайың, өзі кедей дейді қаласа жәрдем беремін”, — депті. Мауқай келіп Абайдың сәлемін жеткізеді. Сонда Жаяу Мұса төмендегі өлеңді айтыпты:

Кұнанбайұлы Ыбырай,  
Өнерін жүр зырылдай,  
Бір ауыз тағлым сұраймын  
Білмедім жұмыс түрін-ай,  
Бір жақсыға бір жамаң  
Тұрмайды екен ұрынбай,

Не себепті екені белгісіз, бұл сапар Жаяу Мұса Абайдың ауылына бара алмапты. Ал одан кейін Жаяу Мұса мен Абайдың кездескен, кездеспегені белгісіз.

Соның өзінде, осы бір ауыз өлеңнің мазмұнынан да Абай мен Мұсаның бір-бірін сырттай болса да білетіндіктерін көруге болады.

Жаяу Мұсаның Абай творчествосына мән бере қарап, өнеге, үлгі алып отырғанын алыстан іздемей-ақ Мұсаның жазғандарына үңілсек те жеткілікті. Бұл жөнінде Әлкей Марғұланның “Жаяу Мұсаның жаңадан табылған өлеңдері” атты мақаласында да құнды дерек келтірілгенін айтқан болатынбыз.

Мұнда Семей облыстық санақ басқармасының хатшысы болып қызмет істеген Н. Я. Коншинмен Абайдың, Жаяу Мұсаның хат алысып тұрғанын көреміз. Бұл кісінің архивінде Жаяу Мұсаның бірнеше өлеңдерінің қолжазбасы сақталған екен. Соның бірі — “Секретарьға” деген өлеңі Коншинге арналған:

Жібердім, секретарь, сөз ұнаса,  
Көп өлең шығар еді ой толтанса.

Оязым Павлодар, елім Далба,  
 Байжанов қолын қойдым жазып Мұса,  
 Мұны жазған Мұса атым сөчинитель:  
 Орыстың ғалымдары көп қой қылмас ғадыл  
 Жәрдем үшін секретарь, сізге жаздым,  
 Тағы өлең жіберуге болыш батыл.

Өленде ол орыс халқын өзіне арқа тұта сөйлейді. Орысты мәдениетті, ғылымға да қолдары бұрын жеткен жұрт деп таниды. Орыс тілі, мәдениетінен хабары аз қазақ халқының өмір сүруінде қиыншылықтың мол екенін білдіреді. Қалай да бір жәрдем сұрағысы келеді. Жаяу Мұсаның ендігі бір өлеңі "Жұлдыз" деп аталады.

Күз басы ол — сентябрь,  
 Болмаса бұлттан бір тамыр.  
 Алты айға татыр бір күні,  
 Жаксылық шаруаға өзің бер.

Өленде ол — жыл мезгілінің бір жайсыз кезеңін суреттейді. Егер суық болса бір күннің өзі алты айлық қоңыр қысқа пара-пар екенін, шаруаға тынышсыз болатынын айтады. Мұндағы бір ерекшелік — "Құлбай бай" әнінің 7—8 бұынды сөз өлшемімен бірдей келіп отырады. Осыған карағанда сол әннің әуенімен орындалмады ма екен деген ой келеді.

"Қазақ сыйлары" деген өлеңінде көзге түсетін нәрсе — Жаяу Мұсаның Абайды есіне түсіруі, кемеңгер ақынның шығармаларына оның алыста жатып үн қосуы. Бұл өлеңінде Жаяу Мұса да жырдың қасиетін кетірген тілеші өлеңшілерге Абайша жиіркене карап, өзі шығар-

ған өлеңдерін жұртқа пәш етпей, тек қолжазба түрінде сақтағанын білдіреді”, — дейді академик Әлкей Марғұлан.

Жаяу Мұса осындай, ән, өлең шығарумен қатар сол заманның жағымсыз адам мінездерін суреттейтін мысалдар жазған. Оған жаңадан табылған “Бөдеке мен қаншыр”, “Шал мен торғай” мысалдары куә. Бұлар композитордың әдеби мұрасына қосылған елеулі шығармалар.

Жаяу Мұсаның мұндай мысалдар жазуына орыстың ұлы мысалшысы И. А. Крылов творчествосының тигізген әсері болу керек. Оның үстіне композитордың өмір сүрген уақыты алдыңғы қатардағы басқа да орыс демократ ақын-жазушыларының шығармалары қазақ даласына тарай бастаған кезі болатын.

Орысша сауатты, ғылымнан хабары бар Жаяу Мұса ол кездегі шығыш тұратын түрлі газет, журналдарды оқып, біріншіден өзі үлгі-өнеге ала, екіншіден ауылдағы жерлестеріне де оқып беріп, не ауызша түсіндіріп отырған.

Жаяу Мұсамен көп уақыт аң аулап, жанында жүрген Ұпанұлы Ысқақ, келіні Жанкүміс Сүйінқызы, жерлестері Смақ Айдарбеков, Аңдам Ертисбаев, Орхан Дұрманов, Темірғали Ысқақов т. б. адамдар да композитордың “халықтың сауаты жоқ сол қараңғы заманда газет, журнал оқитынына, дүниеде болып жатқан жаңалықтарды көріп келгендей айтып отыратынына таңданушы едік”, — дейді.

Мұны біз Жаяу Мұсаның 1911 — 1918 жылдары Қазақстан территориясында ғана емес, сондай-ақ бүкіл Рессиядағы болып жатқан түрлі

Халықаралық жағдайға байланысты оқиғалардың ең маңызды дегендерін бір дәптерге күнделік етін жазып отырған (бұл дәптер қазір Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы тұр). Олардың ішінде — мысалы, 1914 жылғы империалистік соғыстың себептері неде? 1916 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі жайындағы мәселелер, бейбітшілік туралы мақалалар орын алған. Бұларды Жаяу Мұса "Сарыарқа", "Қазақ", "Уақыт", "Звезда" сияқты газеттерден алып пайдаланған. Осыған карағанда, композитордың қазақ тіліндегі алғашқы шыққан газеттер "Түркістан уалаятының газеті", "Дала уалаятының газеттерімен" де жете таныс екендігіне шүбә келтіруге болмайды.

Жаяу Мұсаны көрген, білген адамдардың естеліктері әнші-композитордың өмірі мен қызметіне байланысты жайларды кеңінен сипаттап жазуға мүмкіндік туғызды.


Бұл жөнінде өте құнды деректердің бірі академик Әлкей Хаканұлы Марғұланның жазбалары: "Жасы келіп қалғанына карамастан өте қайратты, ширақ, орта бойлы, көзі қыранның көзіндей өткір, әрқашан қызыл рөпстен көйлек, шалбар киіп жүретін Жаяу Мұсаның тұлғасы әлі күнге дейін көз алдымда. Менің бала күнімде Жаяу Мұса домбырамен өзінің "қашқын" болып жүрген кезіндегі басынан кешірген түрлі оқиғаларын жиналған жұрттың алдында сарнағып айтып отыратын; патша өкіметімен, оязбен, болыстармен қалай алысқанын жалынды сөзбен домбыраның үніне қосып айтатын еді. Саркыл-

мас күш-жігердің иесі — Жаяу Мұса казак бұқарасының тағдыры үшін өмір бойы патшаның билеп-төстеушілеріне қарсы аянбай күресті. Оны Жаяу Мұсаның өлендерінен, генерал-губернаторға жазған арыздарынан ашық көруге болады.

Жаяу Мұсаның күресі шамалап айтқанда XIX ғасырдың 60 жылдарында басталады. Бұл кезде Жаяу Мұса казак арасынан жеке шығып, патша ұлықтарының, оның жергілікті билеп-төстеушілерінің намысына тиетін сөздер айтып, олардың заманы еркелегкен атаң-абыройларына кір келтіреді.

Жаяу Мұсамен өштескен болыстар оның соңына аянбай түседі. Оны, “бұзақы, патшаның портретін жыртып, аяғына басқан, кісі өлтірген” деп жала жабады. Бірақ тексере келгенде Жаяу Мұсаны кінәлайтын ешбір дәлел табылмайды. Халық Жаяу Мұсаны ақтап, болыстардың ісін “жалған” деп шығарады. Дегенмен Жаяу Мұсаны үйінде тыныш жатқызбайды, оны қутынға ұшыратып, соңына түсушілер көбейеді. Осы ретте Жаяу Мұса өз елінен торығып, басқа жерге ауысып кетеді. Бұл патша ұлықтарын бұрынғыдан да гөрі өштестіре түседі. Өйткені, сол кездегі заң бойынша бағынышты кісі елге бүлік салмай өзінің туған жерінде тыныш отыруы керек. Жаяу Мұсаның, басқа жерде жыр айтып, ән салып, халықтың рухын көтеріп жүруі оларға қарсылық болып көрінеді. Сондықтан оны “қашқын” деп жариялайды. Өз елінен торығып, “қашқын” болып жүрген кезін Жаяу Мұса 1880 жылы жазған дәптерінде былай деп суреттейді:

Карауыл түп нағашым ол Манапбай,  
Бірқатар елде жүрдім сөз қуалай,




Көп дұшпан ел ішінде қуғын салып  
 Жапанда жүрген жалғыз зарлай-зарлай.  
 Бір өзін төңірісіне ол тапсырған,  
 Жапаның Мағияштың кезіп білген,  
 Құданың рахатынан науміт алмай,  
 Қазақтан қанша жақын үміт үзген.  
 Аксиса, қызыл сиса, сиса-сиса.  
 Қалмайды кімдер жаяу аттан қуса,  
 Торлаған дұшпандарым "қашқын" дейді  
 Көререм "қашқындықты" күнім туса.

Бұл сөздерге қарағанда, Жаяу Мұса тек қана бунтарь емес, ол келешектен үміт еткен, революция жасайтын жаңа өмірді, өзгерісті аңсап күткен қайраткер екенін көрсетеді.

Жалпы айтқанда, Жаяу Мұса оқымаған қарапайым қазақтардан ерекше жүретін. Бірталай оқыған, дүниені жақсы таныған, көзі ашық кісі болған. Ол орысша әдемі жазып, жақсы сөйлей білетін. Мен онымен әңгімелескенде: Сәкен орысша жақсы сөйлей білмейді, — деп, Әбіш Секербаевты, Аббас Аймановты көбірек айтып отырады...

Мен Жаяу Мұсаны соңғы рет 1923 жылы көрдім. Ол бес канат таза жиналған ақбоз үйінде отыр екен. Босаға таяу тұғырда үлкен көк қаршыға отыр. Сол кездің өзінде әлі қайратты, күші мол, жұлқына сөйлейтін қарт кісі, бірақ оның бет-әлпетінен бастан өткізген ауыр азаптың ізі қалғаны сезіледі.

Бір өкінішті жай — Жаяу Мұсаның көптеген жазулары әлі күнге жарық көрмей келеді, халыққа көп таралғаны бір ғана әндері.



Жаяу Мұсаның музыкалық шығармаларына тән қасиеттер — ширақтық, көтеріңкілік, оптимизм сарыны. Оның әндерінде ХІХ ғасырдың екінші жартысында шыға бастаған мұңды әуендер кездеспейді.

Қазірде Жаяу Мұсаны елдің бәрі біледі. Ол тек музыкалық шығармалардың ғана авторы емес, сондай-ақ белгілі ақын, әнші. Оның домбырасының үнінен пайда болған әуенмен, поэтикалық таланты үйлесімді келіп, қабысып жатады. Әлеуметтік қоғамдық жайды бейнелейтін ән-өлестері өте қызықты. Мысалы, “Қызыл шапан тон киген Жаяу тоңбас”, “Ала жаздай үйімнен шай татпадым”, “Мұсаның құтылмадым айынынан”, “Ей, Мұса өлімісің, тірімісің”, “Мен не қылдым”, “Қазан қыздары” және басқалар.

Жаяу Мұса маған туыстық жағынан өте жақын, төрт атадан қосылады. Бала кезімде домбыра тартуды көбінесе сол кісіге еліктеумен үйрендім. Жаяу Мұса қайтыс болғанға дейін, онан кейін де біздің арамызда туысқандық қатынас үзілген емес. Ол мені өзінің баласындай жақсы көретін. Орыс тілін жақсы үйрену үшін кенестер айтатын. Оның баласы Салық, немере балалары Мәлік, Бошанай, Ағынтай маған өте жақын еді. Мен орыс тілін жақсы білу үшін, революция алдында олармен бірге темір жолға барып жұмыс істеп қайтқан күндерім болды”, — дейді Әлекең өзінің “Жаяу Мұса туралы есімде қалғандар” деген естелігінде.

Бізге тағы бір құнды материал берген қарт О. Дұрманов. Ол кісі композиторды көзімен көріп, бірге жүрген, істес болған. Тіпті Жаяу



Мұсадан тәрбие де алған екен. Орхан Дүрманов Жаяу Мұса туралы былай дейді: "Мен 1916 жылдан бастап Мұсаның ауылында өстім, ол кезде Мұса 80 жас шамасында болатын. Киімді түрлі-түсті матадан киетін. Айналасы толған газет, журнал, кітап болушы еді. Төте оқуды да Жаяу Мұсадан үйрендім. Ыбырай Алтынсариннің "Кел, балалар, оқылық" деген өлеңін де сол адамнан үйрендік. Жаяу Мұса бұл өлеңге әдейілеп ән шығарып айтқан екен. Маған бақытты бала боласың, оқу оқы — деп көп айтатын. Оны біз жетімдер мен жалшылардың әкесі деп айтатынбыз. Сөздерін мысқылдап, тақпақтап айтатын еді. Сүйікті көсем В. И. Лениннің есімін де алғаш рет Жаяу Мұсадан естідім. "Қой үстіңе бозторғай жұмыртқалайтын заман туады, оған В.И. Ленин бастаған орыс халқының еңбекшілерінің күресі арқылы жетеміз", — дейтін. Осы сөзді көп қайталап айтушы еді. Ардагер ақын момындардың қанын сүліктей сорған үстем тап өкілдерін барынша жек көріп өтті, оларды өзінің отты өлеңдерімен аяусыз түйреп отырды", — дейді.

Енді композитордың замандасы, халық ақыны, әнші Доскей Әлімбаевтың Жаяу Мұсаны іздеп барып, жолыққандағы естелігін келтірейік:

“Жаланап бар да жауға шап  
Ажал жетпей өлмек жоқ.  
Өткен іске өкінбе  
Қайта оралып келмек жоқ  
Арияу-айдай сылқым жоқ,  
Тәуекелде қайғы жоқ,—

деген Жаяу Мұса өленін естігеннен кейін-ақ Жаяуды көруге кұмар болдым. Өйткені, оның бұл сөздері түгелінен менің басыма айтылған сияқты болды да тұрды. Сана-сезімімді тербетті”, — дейді Доскей.

Акын Доскей 28 жасында Ақмолаға Жаяу Мұсаны әдейі іздеп барады. Жаяу Есіл бойындағы Қоныралыр деген жердегі ағайыны Ерубай дегендікіне кеткен екен. Доскей іздеп сонда барады.

- Келсем, Ерубай үйінде жоқ, әйелі бар, Жаяу Мұса төр алдында ұйықтап жатыр екен, амандасқаннан кейін, — дейді Доскей:

- Жеңеше, мына кісі кім? — дедім Ерубайдың әйелі Зейнепке.

- Бұл атакты Жаяу Мұса, — деді Зейнеп.

- Іздеп келген кісім осы еді, жеңеше, айып болмаса, оятсаңыз қайтеді, сөйлесуге кұмар едім, — дедім.

- Шырағым, өте ұятты адам, оятуға батылым бармайды. Көрісіп сөйлесуге кұштарлығым сонша, кереге басында ілулі тұрған домбыраны алып, әнге басып жібергенімде Жаяу Мұса басын көтеріп алды.

- Зейнеп, бұл кім? — деді акырын ғана.

- Бұл жігіт сізбен сөйлесуге кұмар болып, әдейі алыстан келгенге ұқсайды, — деді Зейнеп.

Жаяу Мұса әнімді тыңдап, сөзіме зейін салып отырды да домбыраға қолын созды. Мен ұстата бердім, ол бес түрлі ән салды (ол кезде Жаяу Мұса қырықтар шамасындағы кезі).

- Шырағым, сен менің бір нәрсе үйренгелі келген бала екенсің, бар дәулетім бойымда, ме-

нен аларын да, киерің де өлең мен әң осы сыйыма риза бод - деді. Атақты "Аксисаны" және баска да төрт түрлі ән үйрендім, Жаяу Мұса әңгімелесіп отырып:

- Шығарым, өмірінде байға жалынышты болма, өткір бод екпінің жер жарып, тас тілетін болсын, деп еді, — дейді Доскей.


Доскей 1850 жылы Ақмола қаласында туады. Балалық кезінде жетімшілік көріп өседі. Он бес жасқа келгенде өз бетімен өлең айтып, ән шырқап "ақын бала" атанады. Жиырма жасында Қарағанды, Қызылжар арасында кіре тартып жүрген Жұмабек дегеннің кіресіне ілесіп Қожағұл бұлағында тұратын Біржанға жолығады. Өз өнерін көрсетіп Біржан салдың ақ батасын алады.

Доскей Шөже, Ақан сері, Орынбай, Кемпірбайлармен де кездескен адам. 1890 жылдар шамасында Балуан-шолақпен де дидактасады.

Доскей тек ақындық өнерімен шектелмей, кабілетті әнші және өз жанынан да ән-күй шығарған композитор. Оның "Жалтарма", "Доскейдің қосбасары", "Шыдамсыз", "Қоңыр толғау" сияқты шығармаларының болғаны соны дәлелдейді.

Жаяу Мұса өмірінің соңғы жылдарының біразын ит жүгіртін, күс салып, аңшылықпен шұғылданған, сондықтан да ол шығармалырына күстарды сөйлетіп, кейіпкер етуі, олар туралы әң, өлеңдер шығаруы заңды.

Жаяу Мұса саятшылдыққа байланысты түрлі қыран күстардың, өзіндік ерекшеліктерің, биологиялық қасиеттерің жете білген. Мұны бір ғана



мысалдан көрейік. Жаяу Мұсаның жерлесі Әбікеев жас кезінде композиторды қалай кездестіріп, көргенін былай суреттейді:

“Жаяу Мұсамен біздің ауылдың арасы, бұрынғы уақыттың тілімен айтқанда, “кой өрісі жер” болады. Сондықтан да біздің әкеймен ит жүгіртіп, мылтық атып, күс салып бірге жүретін. Біздің үйімен жиі араласып тұрушы еді. Бір күні әкем Жаяу Мұсадан бір жағалтай (күс) сұрапты, соны алып келуге мені жұмсады. Көйлекшен, жалаң аяқ, жалаң бас сұрастырып жүріп Мұсаның үйін тауып алдым. Басында сусары бөркі, сым-шалбары бар. Сәлем беріп кіріп бардым. Біраз отырғаннан кейін, маған “кімнің баласысың?” — деді. - “Құлаамасақтың немересі, Әбікейдің баласымын”, — дедім. Жан-жағыма қарасам қаптап отырған күс екен. Жаяу Мұса маған қарап:

- Құлаамасақтың немересі болсаң күс тілін білесің ғой, ана отырған тұрымтай не алады? — деді.

- Мекенің ақ тұрымтайы ғой, қарағайдың басына ұялайтын, ол алмайтын ұсақ күс болмайды, — дедім.

- Анау жағалтай не ұстайды? — деді.

- Тарғақ, кара торғай алады, — дедім.

- Ал қырғи немең ұстайды? — деді.

- Ол терекке ұялаған қырғи екен, тарғақ, бұлдырықты ол да алады ғой, - дедім.

- Енді анау отырған ителгі не ұстайды? — деп сұрады.

- Ақтөс ителгі екен қайыңға ұялайтын, бабын таппаса қиынырақ болар, - дедім.

- Мына отырған қаршығада қандай қасиет бар? - деді.

- Қаршыға қызыл шұбар екен, қызыл қайыңға ұялапты, - дедім.

- Лашын күс не алады? - деді (лашын басында томағасы бар төсек ағашқа таяу отыр екен).

- Лашын, қаздан түседі дейсіз бе, тұнжыры ғой, - дедім.

- Анау бүркіт не ұстайды? — деді.

- Бүркіт Үштің қоңыраласы, жапырақ жүн, жирен шуда ғой, бұл түлкіден түседі дейсіз бе, - деп барлық сұрауына жауап қайтардым.

Сосын төсектен түсіп жаныма келіп:

- Жарайды, балам, - деп маған қатты риза болғандығын білдіріп, маңдайымнан сипады. Сонымен жағалтайды алып, қуанышым қойныма сыймай үйге қайттым. Жаяу Мұсаның айтқан әңгімелерінің кейбірі осы күнге дейін ойымда жүр", - дейді, Мәуия қарт.

Жаяу Мұсаның аңшылыққа, хайуанаттарға байланысты "Мылтық", "Қақпан", "Тұрымтай", "Сары күз", "Қаршыға" сияқты шығармалары бар. Бұл тәрізді арнаулы ән-өлеңдерімен қатар Мұсаның басқа ән-текстерінде де аңға, күсқа катысы бар сөздер жиі ұшырасып отырады. Оны төмендегі үзінділерден байқаймыз.

Мылтық туралы

Адамға жақсы серік түзу мылтық.

Күнде атсам деп тұрасың болып ынтық.

Келген адам түсына бір қарайды.

Үйдің көркі деп қойсаң, майлап сүртіп.

Күс туралы

Ақ түйғын көлден қарсақ қазы іледі,

Жиналып өңшең бағлан бір жүреді...

Сол сияқты  
Үйректі карапайым суға жығып,  
Қаз ілген айдын көлден мен бір сұнкар...  
Қ ү с қ а с ы н  
Көк түмсығы келсе жалпақ,  
Шұнғыл жемсау құжыр аяқ.  
Төстек келген шегір көзді,  
Жуан санды отырар шалқақ.

Мұндай мысалдардың санын кебейте беруге болады. Жаяу Мұса осы сияқты мысқыл сықақ өлендерімен қатар мысалдар шығарғаны да белгілі. Бұрын қағазға түспеген “Бөдене мен қаншыр”, “Шал мен торғай” атты екі мысалын Таку Шұқаевтан жазып алдық. Ол Павлодар қаласында тұрады, жасы жетпістен асқан. Таку ерте кезде Жаяу Мұсамен ауылдас отырған, араласып бірге жүрген. Композитордың өміріне байланысты жайларды әлі күнге дейін ұмытпаған.

Бөдене мен қаншыр

Бір бөдене деп айтты бір қаншырға:

“Сен үшін қатты уәйім қыламын, — деп

Соландаған байғұс-ай

Бір күні кетеді ғой тұрымтай жеп”

Қаншыр айтты:

“Қауімім жоқ тұрымтайдан,

Шықпаймын қалың қамыс құба сайдан.

Сендей мен жалтаң жерге оттамаймын


Тығылғасын алып мені жейді қайдан”

Бөдене айтты:

“Қамысың тыныс емес,


Бос қалықтап жүргенің дұрыс емес,


Талай жерде қайламен алғызбай, кетіп жүрміз



Біздерге тұрымтайың жұмыс емес.  
 Өзін мақтап, шипалақтап,  
 Қаншырды таңырқатты,  
 Маған ерсен жүремін жаудан сақтап,  
 Анқау байғұс бір қудан алып сабақ  
 Бөденемен дос қылды құлқын тамақ.  
 Жау міндеті бөдененің мойнында боп  
 Екеуі емін-өркін қырда оттамақ,  
 Екеуі жолдас болып оттап жүрді,  
 Бетегелі мырғайға әбден кірді,  
 Түбінде бөдененің айтқаны рас,  
 Парлауға жайылғансын іші шығып, семірді,  
 Бір қырға шығып еді, оттай-оттай  
 Зырылдап келе жатыр бір тұрымтай  
 Бөдене көре салып бұға қалды  
 Қаншырға хабар берді "бүк деп" — ойбай  
 Көре сап бұға қалды қаншыр пақыр  
 Жүр еді панасызда, шөпсіз такыр.  
 Екеуі тыпыр етпей жатсадағы  
 Тұрымтай тұпа-тура келе жатыр  
 Бөдене әрі ойлайды, бері ойлайды  
 Сол арада бір түрлі кеп ойлайды  
 Жанымдағы қаншырды ұшырайын  
 Тұрымтай соны көріп, алып кетсін, деп ой-  
 лайды.

"Мендей тарғыл емессің баран даусың  
 Жай жатпай жан-жағыңа алаңдарсың  
 Мен ұшсам кетер едім бір бұлт беріп, —  
 Ертерек тығылып қал бір қамысқа,  
 Бұл жерде жатып аман қала алмассың".  
 Ойламай арда керіп қаншыр ұшты,  
 Оны көріп тұрымтай тұңғыны ұшты,  
 Қанатының қаққаны көзге ілінбей,






Адым жерге жібермей қағып түсті.  
Бөдеңе ұшыш, жыпырлап кетті алысқа,  
Осындай “дос” болыңыз алдамасқа,  
Қасындағы жолдасын жауға беріп,  
Өзі барып тығылды бір қамысқа.  
Қамыста жатып алды қылмай қауыш,  
Жолдасын беріп кетті қайла тауып.  
Қонғаньш бөдененің көрген біреу,  
Жүгіртіп сол араға келді шауып,  
Бөдеңе жатыр еді тыпыр етпей  
Қарап жүр шыр айнала көзі жетпей,  
Ат басып бөдеңні жаншып кетті.  
Жазасын ол да тартты онан кетпей.

\* \* \*

Жігіттер осы сөзге құлағың сал,  
Басыңда миың болса оны ұғыш қал.  
Алды-артын ойламаған аңқаумен  
Алдампаз, арам достан ғибрат ал.

Жаяу Мұса бұл мысал арқылы “Біреуге ор қазсаң, терең қазба, өзін түсерсің” — дейтін халық даналығы туғызған асыл сөздің мағынасын түсіндіре келіп, кіммен дос болсаң да арамза болма, — деп демократ ақындардың адамгершілік идеясымен ұштастырады.

Ш а л м е н т о р ғ а й



Бір адам жүреді екен дұзақ кұрып,  
Бір торғай ұстап алды сөйтіп жүріп,  
Балаларға сатамын, деп ойлайды  
Торғайды жазып алып, ұстап тұрып.  
Сонда торғай сөйлейді адамдайын,  
Босатсаң үйретейін байлық жайын.  
Менен бұрыш саттың ғой талай кұсты,



Қане содан қаншалық пайда түсті.  
 Тоймақ түгіл бүйірің шыққан да жоқ  
 Қарекет деп ойлама мұндай істі.  
 Үш ауыз сөз айтамын ұғып алсаң,  
 Өз обалын өзіне үкпай қалсаң.  
 Мұны білсең есепсіз бай бөлесең  
 Мал табуға айла осы тілге нансаң.  
 Бір ауызын айтамын қолда тұрып,  
 Екіншісін айтамын, қораға қой қондырып.  
 Үшіншісін сол жерде ұқтырармын  
 Ең соңғысын айтамын талда тұрып.  
 Шал байғұс мына сөзге қуаныпты,  
 Бак қонатын келдім ғой жақсы кезге  
 Аузынан босатпаққа уәде қылып  
 Қолда тұрып айтатын сөзің қандай? —

деп сұрапты.

Т о р ғ а й а й т т ы:

“Әуелі қасыңызға нанбағайсың,  
 Емі жоқ бос қайғыға қалмағайсың,  
 Бойыңды алдау сөзге сала көрме  
 Түбінде пынның жолын қамдағайсың.  
 Соны айтып торғай ұшып талға қонды.  
 Ш а л а й т т ы:

- “Бір ауыз сөзіңді әбден үктым,  
 Екінші сөзің қандай?” — деп сұрапты.

- Өткенге реті қайда өкінгенмен,  
 Өткен қайтып келмейді кейігенмен.  
 Соны айтып торғай қонды биік талға,  
 Боламын неге тұтқын сендей шалға,  
 Он мысқалдай гауһар тасым бар еді,  
 Содан алмай қалдың ғой алдағанға.  
 Гауһарды саған бермей кеттім алдап,  
 Ұстауға қолың жетпес енді қармап,

Мұны алсаң жұрттан асқан бай болушы ең,  
Ала-алмай өкінішпен қалдын зарлап.  
Соны айтып торғай кетті аспанға ұшып,  
Шал қалды дел-сал болып қайғы қысып,  
Құдай берген асылдан айрылдым деп,  
Жылайды өз сакалын өзі жұлып.

С он д а т о р ғ а й:

“ — Ей ақмақ мас,  
Тұнығым сен екенсің ақмақ нас,  
Үш мысқалдай дежем жоқ, кішкенемін,  
Қай жеріме сияды ол гауһар тас”, —

деп ұшып кетеді.

“Шал мен торғай” мысалында автор қайтсем мал тауып, байнымын деген адамның пиғылын білдіреді. Дүниеге қызыққан шал оңай мал табу жолымен торғай сөзіне иланып, оны құтқарып жібереді. Торғайдың байлық жолын үйретемін деген сөзіне сөзді. Торғай шалға: менің түрім болса мынау, гауһар тас қай жеріме сиямақ. Арамдық пен оңай олжамен мал таппай, шындықпен күн көр, еңбек етіп, қызмет жасасаң байлықтың көзі сонда деген кеңес береді.

Келесі айтатын нәрсе — Жаяу Мұсаның ұрпақтары туралы. Мұсаның тұңғыш ұлы Бөрібай. Оны біз Жаяудың жазғанынан да көреміз:

Бірінші есімі Бөрібай шаһы  
Бір перзентсіз жүрдім гапы  
Сейсенбі күн жаһаз құрал  
Зейнетпен келді алтын сапы, —

деп, тұңғыш перзентінің 1879 жылы дүниеге келгеніне қуанады. Өлең шумаңтарынан кейін “Ей, Бөрібай, Бөрібай, ғұмыр берсін бір құдай”

сиякты ән кайырмасына лайыкты жолдардың кайталанып отыратындыгына карағанда өлеңнің әні болуға тиіс деп ойлаймыз. Бірақ композитордың бұған байланысты әні табылған жоқ.

Бөрібай жас кезінде опат болады. Одан кейінгі қыз баласы Зекен де көп тұрмай ауырып өледі. Оны төмендегі шумақтан білуге болады:

Көгала дегенді жіберіп,  
Қазалы екеуі қалдырды дертін.  
Бөрібай кетті бұл да дерттен,  
Тілеймін енді істің артын.

Жаяу Мұсаның үшінші қызы Анна да жасында жақсы әнші болған екен. Әкесінің ән, өлеңдерін халық арасына жайып, таратуда үлкен роль атқарады. Анна өзі де ән, өлең шығарған адам. Ұлы Отан соғысы жылдарында Анна "Аттан, балам" деген патриоттық рухтағы әнін шығарады. Сөзі де өзінікі. Біз оны 1963 жылы жазып алған болатынбыз.

Композитордың Кәсіп деген қызы 1945 жылы, ал кенже баласы Салық 1970 жылдың февраль айында 80 жасында қайтыс болды. Мұсаның музыкалық шығармаларын жазғызып, бастыртып шығаруда Салықтың еңбегі зор. Ол да ән, өлең шығарып айтатын қабілеті бар адам еді. Жаяу Мұсаның немерелері де өнерді сүйетін жастар.

Енді композитордың суреті туралы бірер сөз айта кетелік.

Төменде келтірілген Жаяу Мұсаның суреті 1928 жылы, әншінің қайтыс боларынан азғана



уақыт бұрын түсірілген көрінеді. Композитордың екінші бір қазақ әнші, күйшілермен бірге түскен суретін тапқанның бірі - академик Әлкей Марғұлан өзінің "Жас Абайдың фотобейнесі" деген мақаласында айтқан ед. Бұл сурет 1868 жылдары Батыс Сібірді аралауға шыққан Россияның патшасы Александр II-нің баласы князь Владимирдің сапарына байланысты пайда болған. Омбыда өтетін осы князьдің құрметіне арналған салтанатты тойға бес дуанның халқы бас қосады. Бұл жиында қазақтың жүйрік әншілері мен жыршы, күйшілері өз өнерлерін көрсетеді.


Аталған мақалада Әлекең былай деп жазады: "Тойға қырдан 54 әдемі шатыр, топтаған мәуелі ақ үйлер апарып тігеді. Ертістің жағасына дөңгелете тіккен ақ үйлердің түрі бейне бір қаланың суретіне айналады. Самаладай тігілген көп ақ үйдің төрінде князьға арнап тігілген үлкен ашық шатыр, оның екі жақ қанатын ала жасаумен бөлінген ең әдемі, ең көркем екі ақ үй тұрады. Оның бірі қымыз ішетін кафе түрінде болса, енді бірі Қазақстанның кең байлығын, халықтың қолөнер кәсібін көрсететін көрме түрінде дайындалады. Князьдің келуіне арналған қыр казактарының тойы 10—14-ші июнь күндері, Ертіс өзенінің кең ашық жағасында өтеді. Тойда қазақтың ат жарыс, балуан күрес, ат-сайыс, жерден күміс алу ойындарын көрсетеді. Бәйгеге 67 ат қосылады олардың алдынан үздік келген 5 атқа князь өз қолынан күміс ыдыстардан жүлде тартады. Бәйге аттары келгенше тігілген үйлердің ортасында қазақша ойын-сауық көрсе-

тіледі. Әншілер шырқап ән салып, қобызшылар күй тартады. Ақындар князьдің қазақ жеріне келгенін мадақтап, қошемет жырларын шығарады. Бұл ақындар мен әнші-күйшілердің үлкен бір тобын Кесслер "Певцы и музыканты" деген атпен, киіз үйдің сыртқы іргесінде отырғызып түсірген. Олардың ішінде сол кездегі белгілі ақын-әншілердің көбі болуға керек. Олардың ішінен менің айырғаным — скрипка тартып отырған бір ғана Жаяу Мұса". Осы топтанып түсірілген суреттің ішінде Жаяу Мұсаның скрипка ұстап тұрған кезін бейнелейтін фотосы жұмысымыздың алғашқы бетінде берілді.

\* \* \*

Жаяу Мұсаның музыкалық творчествосы негізгі екі бағытта дамиды. Мұның біріншісі — бұрыннан келе жатқан әншілік, орындаушылық, композиторлық, суырып салып шығарушылық дәстүрінен үйренді. Өзі де оған үлкен үлес қосты. Халық музыка тарихының мақтанышы — Ақан сері, Біржан сал, Құлтума, Ыбырай, Мұхит, Балуан-шолақ, Тоқсанбай және басқалар сияқты Жаяу Мұса да әншілік, композиторлық, ақындық өнермен айналысты. Арқаның Біржан бастаған кантиленалық дәстүріндегі шығарған Жаяу Мұсаның да бірнеше әндері бар. Олардың қатарына "Көгершін", "Сұрша қыз", "Баянауыл", "Хаулау", "Гауһар қыз", "Толқыма", "Жуанаяқ" тағы басқалар.

Екіншісі — марш ырғағында, жүрдек екпінде келетін қала әсерінен пайда болған туындылары. Жаяу Мұсаның жастайынан Россия, Ев-



ропа елдерін аралап, түрлі қалаларда жүруі, ондағы халықтардың мәдениетімен танысуы қабілетті композитордың творчествосына сөзсіз ықпал жасады. Оның үстіне гармонь, скрипка аспаптарында ойнауы Жаяу Мұсаның музыкалық ой-өрісін кеңейтіп, композиторлық фантазиясына зор мүмкіндіктер туғызды. Ойына түскен музыкасын неше саққа жүгіртіп орындауға, шығаруға қолы жетті. Сондай жағдайда туған әндерінің ішінен “Тұрымтай”, “Күлбай”, “Шолпан”, “Ескендір”, “Қыздар-ау”, “Қазан қыздары”, “Баскүлбай” сияқты шығармаларынан көруге болады.

Осы екі бағыттағы әндердің қай-қайсысы болса да қазақ музыкасының интонациясында туған.

Жаяу Мұса өзінің музыкалық өнерінде замандас әнші-музыканттарымен салыстырғанда көптеген творчестволық жаңалықтар әкелді.

Жаяу Мұса әндерінің негізгі идеясы қоғамдық-әлеуметтік жағдайды, сондай-ақ демократиялық принциптерді суреттейді. Ол тап тартысының теориясын оқып білмесе де, өмірдің өзінен, қазақ ауылында болып жатқан шығармандардан үйренеді.

Бастан өткізген өмірдегі осындай қиын жайлармен сәйкес сан қилы көңіл күйдің түйсігінен туған Жаяу Мұса ән, өлеңдерінің мазмұндық, идеялық көрінісі де қат-қабат. Оларды сала-салаға жіктен бөлгенде мынадай жанрларды көреміз. Сын, факлия, сатира, жаратылыс суреті, әйел тағдыры, мысал өлеңдері, мінәжат, күрес тартысы, жоқтау, аңшылық кәсібі, махаббат

лирикасы, азаматтық лирика, наразылық мотивтері. Композитордың шығармасында осылардың қай-қайсысын болса да таба аламыз.

Шоқан мен Абай, Ыбырай Алтынсариннің тұсында өмір сүрген Жаяу Мұса сол кезге тән бостандыққа ұмтылып келе жатқан әдебиет, мәдениет, өнер саласындағы шарпынды сезеді. Бұлардың ақындық, жазушылық, агартушылық қызметін Жаяу Мұса біліп, сезіп қана қойған жоқ, қайта солардың идеясын, шығармаларын қолдаушы, қалың жұртқа таратушы, олардан өзі де үйренуші болды. Ы. Алтынсариннің өлеңдеріне ән шығарып, Шоқан Уәлихановпен бірге жүруі, немесе Абайға арнап өлең жазуы да тегін емес-ті. Ол — алдыңғы қатардағы қазақ, орыс интеллигенциясының қоғамдағы бағытын дұрыс бағдарлайтын шамада болды. Л. Толстойдың кітабының геройының атын өзінің баласына қоюы, Пушкин, Гоголь, Глинка, Кутузовтарды жырлауы да Жаяу Мұса творчествосының өрісін байкатады. Болмаса хайуанаттарды персонаж етіп мысал өлең шығарып, қазақ әнші-ақындарында өте сирек ұшырайтын жағдай — күнделік дәптерінің болуы, осының бәрі де композитордың дүние тану дәрежесін көрсетеді. Қазақ даласында А. Пушкин, М. Лермонтов, Л. Толстой, С. Щедриннің шығармаларының тарала бастағаны сияқты, орыс музыкасы да ең бастады. Мұндай жағдай қазақ әнші-композиторларының творчествосына да әсер, ықпал етті. Сөйтіп, қазақтың музыка тілінде жаңа элементтердің пайда болуына, жаңа мазмұнды, тақырыпты жырлайтын шығармаларының жасалуына мүмкіндіктер туды.

Қазақ жерінде рояль сияқты аспаптың үні естілуі, скрипкада ойнау өнері де сол уақыттың өзінде-ақ біртіндеп халық музыканттарының құлағына шалына бастады. Оны біз Абай өндерінен анық көреміз. Ол тек поэзияға ғана емес, музыкаға да сондайлық жаңалықтар әкелді. Міне, осы құбылыс Жаяу Мұсаның басында да бар.

Мұса қазақ музыка өнерінде жаңа, демократиялық бағыттың өкілі болды. Оның әндеріндегі жаңа мазмұн, ырғақ, өлшем сияқты элементтер өзінен бұрын өмір сүрген халық композиторларының шығармаларынан мүлдем өзгеше. Әндеріндегі қайраттылық пен жігерлік композитордың жеке басына тән қасиеттердің суреті сияқты.

Халықтың ән өнері, әсіресе, ХІХ ғасырдың екінші жартысында қарқынды түрде дами бастаған десек, Жаяу Мұса творчествосынан да жаңалыққа бет бұрудың нышаны сезіледі. Халық тағдыры, оның жарқын болашағы үшін күресі төрізді тақырыптар мол естілетін болды.

Қазақстанда қалыптасқан әлеуметтік-саяси жағдай, тап қайшылықтарының шиеленісуі, қазақ даласында орыс мәдениетінің енуі жаңа бағыттағы өнердің туып, дамуына себебін тигізді. Езілген қазақ шаруаларының мүдделерін бейнелейтін музыка шығармалары пайда бола бастады. Әнші, күйшілердің репертуарында халықты қанаушы топқа қарсы наразылығын көрсететін шығармалар жиі естіледі.

Өткен ғасырдың 80 жылдарында Ноғайбай деген әншінің аузынан естіген осындай халықты қанаушы топқа деген көзқарасын білдіретін



Әндерін естігені жайында орыстың антрополог-этнографы А. Ивановский былай деп жазды: "Оның әндерінен халықтың қайғы-қасіреті, наразылық шағымы, толып жатқан мұңлы-зары естіледі... Өз халқына сүйіспеншілігі, оған шексіз берілгендігі, егер керек болса халық үшін жанын қиятыны әндерінен айқын сезіледі. Бұл әндерден барлық қорлыққа душар болғандар өздерінше білдірген пікір табады... Қалай болғанда да, халықтың күй-жайына нұқсан келтіретіндер атаулының бәріне қарсы ашу-ызасын, өшпенділігін, қарғысын білдірген. Халыққа күйзеушілік әкелгендерді қаһарлы, өткір тілімен аяусыз мінеп, шөкйді", — дейді.

Сөйтіп осы кездерде бұрынғы дәстүрлік шеңберден шығып, көптеген халық әншілері, композиторлары жаңа тақырып, жаңа мазмұнды шығарма жазуға бет бұрды.

Жаяу Мұсаның "Аксиса", "Хаулау", "Толғау", "Шормановка", "Бұзау зары" тәрізді әндері үстем тап өкілдерінің заңсыз істеріне қарсы бағытталған наразылық дүмпуі еді. Бұлар тек композитордың жеке басына ғана емес, сонымен қатар халық басына да тән әлеуметтік теңсіздік жағдайды жырлайды. Жаяу Мұсамен замандас әнші-композиторлардың көбісі мұндай — өжет те батыл өшкерелушілік, таптың көзқарасты ашық түрде сынауға, ән, өлең арқылы айыптаушылықты таға алмалы.

Жаяу Мұсаның аталған әндерінің ішіндегі ең бір белдісі - "Аксиса". Бұл өзінің өткір сарыны, батыл да, өктем табиғатымен, дұшпанға деген қаталдық, мейірімсіздікті білдіріп қана қоймай,

шынышылдық, демократиялық принципті жырлайтын жаңалықтың жаршысындай естіледі. “Бұтағынан орыс симфонизмі тараған “Камаринская” — бір емен” деп орыстың ұлы композиторы П. И. Чайковский айтқандай, бір, “Аксисаның” үнінде Жаяу Мұсаның музыкалық келбеті түгелдей көрініп тұр.

Автор “Аксиса” әнінде көп өмірін өксіткен тағдыр тегеуірінін бейнелеумен қатар, сондайлық азапқа, қорлыққа душар еткен билеуші таптың зорлығына үкім шығарады. “Аксисіз” жаңғырығы Жаяу Мұсаның басқа да өндерінде кездесіп, музыкалық творчествосының ұзын-ұрғасында лейтмотив есебінде жұмсалады. “Аксиса” автор әндерінің “тұтқасы” ғана емес, сондай-ақ композитор есімін шығарған, халыққа таратқан өн.

Жаяу Мұсаның алпыстан астам ән, күйлері жиналып, олардың кейбірі басылып шықты. Олардың ішінде өзінің шоктығы биік көпшілікке белгілі “Хаулау”, “Аксиса”, “Сапар”, “Толғау”, “Көгершін”, “Шормановка”, “Шолпан”, “Гаяуһар қыз”, “Қыздар-ау”, “Тұрымтай” әндері композитордың творчестволық дарынынан келіп туған, шабытты, жемісті кезеңдерін суреттейді. Бұлардан бөлек үш, төрт аспапты музыкасы — күйлері бар. Бұлардың бәрі де орталық Қазақстан музыкасының үлгісінде, формасы, көлемі жағынан шағын, аспаптың орта регистріне ыңғайланып шығарылған. Оларда тыңнан туған интонациялық, мелодиялық жаңалықтар аз. Бұл сияқты шығармалар қазақтың халық творчествосында мол ұшыраса береді. Дегенмен осы

күйлері аркасында композитор аспапты музыкаға бой ұрып, бұл салада да өзінің хабарының барын байкатып, аз да болса үлесін қосты.

Композитордың әндерін әр мезгілде нотаға түсіріп алған А. В. Затаевич, А. Қ. Жұбанов, Б. Г. Ерзакович, Е. Г. Брусилловский, Л. А. Хамиди, М. Төлебаев, М. И. Лалинов, тағы басқа музыканттар болатын.

Жаяу Мұса әндерін жазғызған, өмір мен творчествосы жөнінен де көп мәліметтер берген әнші, музыка қайраткерлері Әміре Қашаубаев, Қали Байжанов, Қосымжан Бабақов, Қуан Лекерев, Жаяу Мұсаның баласы Салық Мусин, қызы Анна және басқалар.

Жаяу Мұса әндерін нотаға түсіртуде еңбек сіңірген адамның бірі - Әлкей Өтекин. Ол туралы А. Затаевич: " - Әлкей жас әуесқой әнші, Ақмола әндерін әдемі орындайды. Сондай-ақ айтыс характерінде келетін ең бір қиын да виртуозды көсілмелі айтылатын әндерді де келістіре шырқайды. Оның айтып жазғызған бірнеше әндері Ақмола тобындағы шығармалардың көркі деуге болады. Жалпы, Өтекиннің музыкадан үлкен дарындылығының барын, өзі шығарған туындылары да дәлелдейді. Олардың кейбіреуі осы жинақтан орын алып отыр" - деген болады.

Байжановтың әндерін орындаушы Мұхтар Саматов жайлы А. Затаевичтің мынадай сөздері бар: "Саматов Мұхтар интеллигент казак, Омбының ауылшаруашылық институтынан білім алған. Жас кезінде Г. Н. Потаниннің басшылығымен жұмыс істеп, казактың халық әндерінің

текстін және ертегілер жинауға қатынасады. Семей әндерін қатты ұнатып қана қоймай, сондай-ақ оларды өте жетік біледі. Мен одан толып жатқан бағалы әндер жазып алдым” - дейді.

Сондай-ақ А. В. Затаевич Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтан отызға тарта ән жазып алғаны мәлім. Олардың ішінде Жаяу Мұсаның “Басқұлбайы”, Естайдың “Хорланы”, Ақан серінің “Макпалы”, сондай-ақ “Арғы жағы Ертістің”, “Әлди бөпем”, “Іңкәр” және басқа халық әндері бар. “500 ән, күй” жинағының 267-ескертпесінде автордың Қаныш жайлы мынадай жолдарын оқимыз: “Баянауыл әндерін тамылжыта шырқайды... ән нақышы мен ән сазы жайындағы аса құнды деректермен қатар, ол маған көптеген құнды мағлұматтар берді” деген болатын. А. Затаевич Жаяу Мұса әндерін айтып берген Әміре Қашаубаев, Қали Байжанов және басқа әншілердің әншілік шеберліктерін көзі тірісінде жазып қалдырып, ұмытылмас ескерткішке айналдырды.

Композитордың әндерін осы күні орындап жүрген әншілеріміз Қазақ ССР-нің халық артистері Ә. Үмбетбаев, М. Толыбаев, М. Ержанов, Б. Жылысбаев, Ж. Елебеков, М. Көшкінбаев, М. Өтебаев, М. Әшекеев және басқалар бар.

Композитордың “Сапар” әні Мағауия Көшкінбаевтың орындауында әлсіз естіледі. Әннің әуендік, интонациялық белгілері автордың стиль қасиетімен байланысып жатпайды. “Сапар”, “Гауһар қыз” әндерінің бір сәтті шыққан варианттары Мұрат Толыбаевтың орындауында әсерлі естіледі. Әсіресе, “Сапарда” ком-

позитордың қайғылы сезімі, рәңгі көркемдік дәрежесінде көрінеді. Әндегі айтылатын "пай-пай" сияқты одағайлармен келетін кезеңдері, қайырмасының екі рет қайталануы орындалуы — бәрі де шығарма табиғатына ерекше рен беріп тұр.

Мұсаның "Күлбай" атты әні де көп әншілердің орындауында өзгеріспен бұзылып, әндік жағымен қатар сөздері де бұрмаланып айтылатынына қынжылмауға болмайды.

Исабайда Сержан, Сарбас

Айдаған малға бәрі де мас, -

деп басталатын шумақтар аты аталған әнге ешбір қатысы жоқ. Бұл әннің негізі жоғарыда аталған "Жаяу Мұса" жинағында берілген еді. Неге екені белгісіз әнді орындаушылар бұларға сүйенбейтін сияқты. Халық композиторларының баға жетпес ән қазынасына "әндеу" жүргізіп, өз бетімен орынсыз өзгерту енгізу үлкен қылмыс. Мұндай жағдайды орындаушылардың әр кезде де ескерулері жөн.

Әнші Жүсіпбек Елебековтың орындауындағы қайсы ән болса да өз орындаушысын тапқандай сезіледі. Әсіресе, Жаяу Мұсаның "Көгершін", "Ақсиса", "Хаулау" әндері өз бояу нақышымен өрнектеліп, тыңдаушысын баурап алады. Бұл әннің тума талантының күдіретіне байланысты қасиеттер. Осы күні Жаяу Мұса әндерін айтатын жаңа талап әншілер қатары өсіп келеді.

Жаяу Мұсаның әлеуметтік маңызы күшті, терең қиялдан шыққан көркем де өктем сұлу әндері қазақтың классикалық шығармаларының тобына қосылған алтын қор болып саналады.

Енді Жаяу Мұсаның сахнадағы бейнесі жөнінде бірер сөз.

Қазақтың халық өнерпаздарының өміріне байланысты деректер олардың туындылары жалпы ел игілігіне бірнеше жолмен тарайды. Басқаша айтқанда радио, телевизор, баспасөз, театрларда қойылатын пьесалар арқылы насихатталады. Соңғы уақытта өнші-композиторлардың тұлғасын бейнелейтін үлкенді-кішілі драмалық пьесалар мен опералық туындылар жазылды. Бұл салада үлкен табыспен қойылып келе жатқан Ақан сері, Біржан мен Сара, Абай, Шоқан, Майра және басқа қазақтың өнерпаз, білімпаз ұл-қыздарының өмірі мен творчестволық мұрасын суреттейтін әсері биік туындыларды айтуға болады.

1965 жылғы маусымда Енбек Қызыл Ту орденді М. О. Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында тағы да бір елүлі оқиға болды. Екі ғасыр куәсі болып, артына өшпес мұра қалдырған, өмірімен де, саналы қызметімен де көзге түскен Жаяу Мұсаның бейнесі сахнаға шықты.

Халықтың “Жаяу Мұса” атты спектакльге (авторы З. Ақышев) қатты құштарлануы да заңды нәрсе. Мұсаның “Жаяу” атанып, “азуы алты қарыс” Шормановтармен күресі, жалынды, өжет әндері де халыққа әбден таныс. Көрермендердің театрға зор үмітпен келулеріне де осы айтылған жайлардың түрткі болғаны мәлім. “Аттыдан жаяу жүріп кек алатын” азаматтың тұлғасын сахнада көру бір ғанибет. Тарихта болған адамның түр-тұлғасын, өскен ортасын, дүниеге


көзқарасын, алдына қойған мақсатын көркем бейнеде көрсету оңай дүние еместігі түсінікті. Мұндай жауапты міндетті орындауда театр қызметкерлері жақсы дайындықпен келгені байқалады. Және осы труппаның елулі табыстарының бірі.

Пьесаның сюжеті, ондағы идеялық тартыстарының бәрі де тарихи оқиғаның, өмірдің өзі туғызған шындық жағдайлармен қабысып жатыр. Мұнда бір кісінің басындағы оқиға арқылы революциядан бұрынғы қазақ даласындағы патшашылық саясаттың бет пердесін ашып көрсететін кезеңдер көзге ілінеді. Үстем және шаруа таптардың арасындағы карама-қарсылықты да автор камтып көрсеткен.

"Жаяу Мұса" пьесасы жайында газет беттерінде азды-көпті сын мақалалар да басылды. Олар пьесаның жетістігі мен кемістігі жайлы пікірлерді қозғады. Бірақ солардың көпшілігі шығармада орын тепкен олқылықтардың бәрін пьеса авторына, соның кінәсі деп қарап, біржақты баға бергенді. Ондай сын айтушылардың пікірлерінің бәрімен келісе беру қиын.

Кейбіреулердің жүз жасаған адамның өмір жолын тек жиырма бес жастағы мезгіл ішінде көрсетуге болмайды, — дейтін қорытындылары дәлелсіздеу. Өмірінің шытырманы көп Жаяу Мұса сияқты өз заманының алдыңғы қатарлы өнер иесінің барлық ой-қырын бір пьесада камту мүмкін емес.

Шығарманың сәтті шығуының өзі актерлердің шеберліктеріне тікелей байланысты. Пьесадағы түрлі характердегі кейіпкерлердің бей-



нәсін жасаған артистердің ойыны осыны дәлелдейді.

Жаяу Мұса ролінде ойнаған актерлер жөнінде айтсақ, олар өздеріне жүктелген тілек-талапты ойдағыдай орындап шықты дегуге негіз бар. С. Оразбаев пен М. Өтебаев бас қаһарманның тұлғасын жасап, сахнаға шығарудағы еңбектері тиісті жемісін берген.

Сондай-ақ артистердің әншілік, актерлық қабілеттерінің болуы да ақын-композитордың бейнесін жасауға, мақсатты, нанымды түрде бере білуге үлкен септігін тигізетіні даусыз. Жаяу Мұса образы, әсіресе, М. Өтебаевтың ойынында сәтті шыққан. Оның жүріс-тұрысындағы ойлану, толғану кезеңдеріндегі байсалдылық, ыза-ашу үстіндегі кимылы да әсерлі көрініс тапқан.

Пьесаның драматургиялық жағына, ондағы түрлі драмалық шиеленістерді шешуде елжүлі маңызы бар нәрсе, музыкасы десек бұл жөнінде композитор Қапан Мусиннің еңбегі, сөз жоқ, қуантады. Ол қазақтың аспапты музыка жанрында өзінің үлкен дайындық, қабілетінің барын танытты. Аты аталған спектакльдің музыкасы композитор әндерінің негізінде жазылған. Жан ашуының уыты бар “Аксиса” өзінің жігерлі де өктем сазымен оқиға желісіне қайрат бере алған.

Ал, әншінің көңіл-күйін суреттейтін жерде, басқаша айтқанда камыққан кезінде оның байсалды, салмақты “Толғау” әнін композитор өте орынды пайдаланған. Бұл музыка ойналған арада Жаяу Мұсаның басына төнген зілді қайғының шарпыны айқын сезіледі. Қапан оркестрлік



мүмкінділікті, оған жүктелген музыкалық фактураны шебер колдана білген. Пьесадағы оқиғалардың дұрыс шешімін табуына, кейіпкерлердің көңілді, не көңілсіз жай-күйлерін көрермендерге нанымды түрде жеткізуде - музыканың атқаратын ролі күшті десек, ол міндетті композитор ұқыштылықпен ақтап шыққан.

Бірақ ондағы музыка үлкен саяси-әлеуметтік жағдайға созылған желі болуда тек Жаяу Мұсаның жеке басының камы үшін жұмсалмай, алға қойған мақсаттың құралы болуы керек.

Жаяу Мұсаның әрқашан да әділеттікті жақтап, жоғары орындағы ұлықтарға ауыл халқының атынан сөйлеп, шағым арыз айтқандары бар. Ұры-қары, әйел теңдігі мәселесі, би-болыстардың қиянатшылдығын өзінің ән, өлеңінде жырлап, ол замандағы халықтардың бір-бірімен тең өмір сүрмегендігін жақсы сезеді. Бірақ ондай теңсіздік құрсауын қандай жолмен бұзатынын, ол қашан келетінін білмейтін жеке бунтарь есебіндегі адам. Сондықтан пьесала Байжановтың казак халқының атынан сөйлетіп күрескер дәрежесіне көтерілуінің шындықпен жақын екенінде ешбір дау жоқ.

Алайда, мұндағы бірнеше оқиғаның қабаттаса өрбуі бірін-бірі көлеңкелеп, негізгі бір ойды дамытып, сомдап баяндауға кеселін тигізгегі. Атап айтқанда, екі таптың арасындағы күрес, махаббат, тақырыбы, жер дауы бірін-бірі толықтырудың орнына, айтатын ойлар шашырандылыққа ұрынған. Сол себепті Жаяу Мұсаның феодалдармен күресі көмескі қалған.

Бұл режиссердің шешімінен туған жай болу керек. Біздіңше оқиғаның өріс алып даму шен-

берінің өзі халық әншісінің шегіне жетіп, титығына тиген қорлық-зәбірлеушіліктен басталады емес пе. Жаяу Мұсаның қазақ ауылындағы феодалдық заңға қарсы тұруы конфликтінің тиегі болу керек. Өйткені, Жаяу Мұса қараңғы қазақ жігітінің бірі емес, оқығаны мен өмірден тоқығаны бар сауатты азамат. Сондықтан да ол Омбының губернаторына өзі ізденіп барып арызын тыңдатады. Жер мәселесін шешуді талап етіп, ұрлық-зорлықты тоқтатуды сұранады. Мұнымен қоймай осындай мәні зор мәселелерді әніне арқау етіп елге жаяды. Сөйтіп, ел сүйген халық өнерпазының орынды тілегі өзіне таяқ болып тиіп, бүкіл өміріне таңба салады. Мұны біз пьесаның бірінші пердесіндегі Мұстапа мен Жаяу Мұсаның арасында болған шайқас сценасынан көреміз.

Міне, осындай таптық мүддеден туған драмалық тартыс пьесаның өне бойына тартылған желі болып өрбіп, басқа проблемалар осы тақырыптың төңірегінде дамыса, шығарма қайсы жағынан да ұтар еді. Бірақ, мұндай жағдайды режиссер ескермегенге ұқсайды.

Айтылғандарға қайта оралсақ Мұсаның творчествосының шыңдалып өткірленуіне, дұрыс бағытқа көшуіне көптеген жағдайлар себеп болды. Біріншіден — сөзсіз оның жеке басының сауаттылығы. Екіншіден — Жаяу Мұсаның көп елді, жерді аралап, өмірдің ашы-тұшысын татуы. Осының арқасында оның тек ой парасатында ғана өзгерістер болып қалмай, сонымен бірге музыкалық творчествосында да жаңалықтар көрінді. Халық өмірінде бұрыннан

үйреншікті болып келе жатқан махаббат сүйіспеншілігін жырлап қою Жаяу Мұсаға тән көрініс емес. Сондықтан да оның өн-өлеңдерінде саяси-әлеуметтік жағдаймен қатар, азаматтық лирика, наразылық мотивтегі тақырыптар ерекше орын алады.

Мұндай нәрселер Жаяу Мұсаның замандас каламдастарының көтермеген мәселесі дейміз. Әрине бұл аталғандардың бәрі де толық камтылды деуге болмайды және оның бәрін бір пьесада көрсету қиын.

Рас, пьесада Жаяу Мұса өмірінің орыс халқының тұрмысы, мәдениеті, өнерімен байланысты екенін бейнелейтін кезеңдер де жоқ емес. Оны пьеса авторы Россиядан келген орыс суретшісі арқылы көрсетпек болған. Бұл да құптарлық жай.

Бұрыннан пьеса жазып жүрмегендігінен бе, әлде драматургия тілін, шартын жете меңгере алмағандығынан ба, пьеса авторында жаңадан сөз тіркестерін қолдану жағы жеткіліксіздеу. Пьесада көп қолданылатын, құлаққа таныс үйреншікті сөздердің жиі пайдаланылатындығы.

Асылында Жаяу Мұса өмірінің драмалық шығармаға арқау болып, халық қажетін өтеуі үлкен табыс болуымен қатар, халық композиторының өмір жолын бұрынғыдан да толықтыра түседі. Және өнер иесіне деген үлкен ескерткіштің бірі деп білеміз.

Композитордың өмірі жөнінде қазақ совет ақын, жазушыларының шығармалары да бар. Солардың елеулісінің бірі жазушы Дихан Әбіловтің "Ақын арманы" атты романын атауға

болады. Мұнда автор қазақтың белгілі ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен творчестволық қызметіне тоқталады.


Романдағы бас кейіпкер С. Торайғыров болғанымен, бірақ сол кезге тән көптеген қазақ мәдениеті өкілдерінің қызметімен де таныса аламыз. Демократ ақынның өскен ортасы, сол өзі сияқты халық таланттарының өмірімен үштасып, сабақтасып жатады. Солардың бірі Жаяу Мұса Байжанов - романдағы елеулі қаһармандардың бірі.

Автор мұнда Жаяу Мұсаның композиторлық, ақындық творчествосына жан-жақты тоқталмағанымен бірақ, Сұлтанмахмұт сияқты өзінің ізін басып келе жатқан ініге деген әсер, ықпалын дұрыс көрсеткен. Жоғарыда айтқанымыздай Жаяу Мұса ән, өлең төңірегінде тікелей араласып отырады.

“Ақын арманында” автор Жаяу Мұса, Мәшһүр Жүсіп, басқа да ақын, әншілердің Торайғыровтың ақындық творчествосының қанаттануына себепкер болғанын суреттейді.

Жазушы Жаяу Мұса мен Шормановтар арасындағы тап қайшылықтарына байланысты жайларды да ескерусіз қалдырмайды. Роман авторы дарынды композитор, халыққа әнімен де, өзінің ісімен де көзге түскен Жаяу Мұса сынды музыка қайраткерлерін алғаш рет көлемді прозалық жанрға кейіпкер етіп алды.

Сөйтіп, өмір бойы жалшы, кедейлердің қорғанышы, тірегі болған халық өнерпазы Жаяу Мұсаның творчестволық өмірбаянын суреттейтін аты аталған драмалық пьеса мен роман-



ның жазылуы - қоғамдық маңызы бар оқиға. Жаяу Мұса Байжанов жайында бұдан былай да ірі - ірі туындылардың пайда болатынына күмән жоқ. Оның бір айғағы марқұм Қапан Мусиннің аяқтай алмай қалған операсы. Бұл жай келешекте де республика композиторларынан, музыка қауымы тарапынан қолдау тауып, өзінің жалғасын күтеді.




## ӨЛЕҢДЕР

## АҚ СИСА

(I-түрі)

Қ. Бабақобтың айтуы  
бойынша жазылған.Тайсалмай, жаны сүйсіне. Решительно и горячо.  $\text{♩} = 100$ 

Ақ си - са қы - зыл си - са, си - са, си - са.




қал - май - ды кім - дер жа - яу зор - лық қыл - са.



Шор - ман - ның Мұс - та - па - сы к - тым - ды (а) - лып,



к - тан - дым сол се - бе - п - тек жа - яу Мұ - са, ай!



Ай! тек - қай - тік - қай тік - қай тік - қай қай



ті - ті - қай қы - ті - ті қы - ті - ті қай - қай қай - қай




ті - ті - қай, ті - ті - қай, қай - ті - ті қы - ті - ті қай қай



БАЛУХАТА, ЗАМЕДЖА.

ті - та - та - ті қы - ті - ті қы - ті - ті қы - ті - ті қай - та ай.

Ақ сиса, қызыл сиса, сиса-сиса,  
 Қалмайды кімдер жаяу зорлық қылса.  
 Шорманның Мұстафасы атымды алып,  
 Атаңдым сол себептен жаяу Мұса,



Ақ сиса, кызыл сиса, сиса-сиса,  
Жүрмейді кімдер жаяу зорлық кылса,  
Байлары Орыс-Қазақ қашқын дейді,  
Көрер ен қашқандықты күнім туса.

Үш жүзге атым мәлім жаяу Мұса,  
Жүрмейді кімдер жаяу зорлы кылса,  
Аттыдан жаяу жүріп кек аламың,  
Жігіттер, шамаң келсе, маған үкса.



## КӨКАРШЫН


(I-түрi)

*Ж.В.Лебекавтің айтуы  
бойынша жазылған.*Еркін, ашық үнмен. Смело и ярко.  $\text{♩} = 116$ 

Ла, көк-ар-шын ән ер-кесі  
бап пен айт-са, ер жі-гіт не-бо-ла  
ды серт-тен қайт-са.  
Ән бол-мас көк ар-шын-дай қай-да бар-саң,  
Ән-бі-лем деген а-дам  
шы-нын айт-са. У-рн-дай, ай-дым  
у-рн-дай ай-дым.  
у-рн-да-у-ай-дым,  
у-рн-дай ай-дым ай-

Көкаршын ән еркесі баппен айтса,  
Ер жігіт не болады серттен қайтса.  
Ән болмас көкаршындай қайда барсан,  
Ән білем деген адам шынын айтса.





Көкаршын көңліме қонған әнім,  
Сүйеді, сұлу әнді менің жаным.  
Айқайлап шырқағанда жүз құбылтып,  
Кетеді бойым балқып, қызып қаным.




## КӨКАРШЫН (II-түрі)

Қ. Бабақовтың айтуы  
бойынша жазылған.

Жыладан. Быстро.  $\text{♩} = 120$




Ал . Де - ген - де Жа - ау мұ - са,  
Дәу - ле - ті көп е - көп деп.



жа - ау мұ - са, жүр - мей - ді кін - дер жа - ау,  
қо - рық - пай - мын, шұ - қыр - тып ом - скі - ге уа,



шұр - кін зор - лық қыл - са  
шұр - кін ал - дыр - са - да



шор - ма - нық мұс - та - па - сы а - тым - ды а - лып,



а - тан - дым сол се - бе - пен - тен жа - ау Мұ - са.



ат - ты - дан жа - ау жү - ріп -



көк а - ла - мын, - жі - гіт - тер ша - маң жас - се уа,

Дегенде, Жаяу Мұса, Жаяу Мұса,  
Жүрмейді кімдер жаяу, зорлық қылса,  
Шорманның Мұстафасы атымды алып,  
Атандым сол себептен Жаяу Мұса

Дәулеті көп екен деп қорықпаймын  
Шақыртып Омскіге алдырса да  
Аттыдан жаяу жүріп кек аламын  
Жігіттер, шамаң келсе маған үкса


## ХАУЛАУ

(I-түрі)

Қ. Вабақовтың айтуы  
бойынша жазылған.Еркін, тайсалмай. Бодро, энергично.  $\text{♩} = 116$ 

Жа - зы жау бұл дал - бы - ның  
қыс - та - ры жұт, ө - лім - ді ұры  
ба - са - мып, шір - кін - ай кет - ті ғой күт.  
Шү - ғай - ып, жү - ма - гүл - мен  
қа - тар ұс - тап, ки - гіз - дің бас  
ба - сы на, шір - кін - ай өң - шең бар - күт,  
ау. хау - лау - лау - ли хау - лау - лау - ли  
ха - ра - ра - у ри - ра - ра -  
ри - рай а - а - ай.

Жазы жау бұл Далбының, қыстары жұт,  
Елімді ұры басының кетті ғой күт.  
Шүғайып, Жұмағұлмен қатар ұстап,  
Кигіздің бас басына өңшен баркүт.  
Мен міндім майда жал мен қаз мойынды,  
Мекенім Баян тауы-кейін қалды.



Корлыкка жас та болсам шыдай алмай,  
Өмірім Мұса менен дауға калды.  
Дариға, іш күйелі зорлығына,  
Сенді ғой мал-басының молдығына.  
Қорқамын тағы дүре соғама деп,  
Сонда да шыдамаймын корлығына.  
Қаныма батқандықтан ашынамын,  
Мен неге жаяумын деп басыламын.  
Малым жоқ Шорман айдап алатұғын,  
Зорлығын Мұстафаның паш кыламын.




## ХАУЛАУ (II-түрі)

С. Ахметовтің айтуы  
бойынша жазылған.

Еркін, таясмай. Не спеша, выразительно. ♩ = 118

Жа - зы жау бұл дал - ба - ның қыс - та -  
Шү - ғай - ып, жү ма - ғұл - мен қа - тар  
ы - жұт е - лік - ді ұ - ры, ба -  
үс - тап, ки - гіз - дің бас, ба -  
сы - ның ши - рік - ті, кет - ті  
қы - на, ши - рік - ті ай, өң - шең  
ғой - күт ай - хау - лау ден, дау -  
бар - күт ой - да - ла - ден. о - ой - хау,  
о - ой - хау  
о - ой, а - ай.

Жазы жау бұл Далбының, қыстары жұт,  
Елімді ұры басының кетті ғой күт,  
Шүғайып, Жұмағұлмен қатар ұстап,  
Кигіздің бас басына өңшең бәркүт.  
Мен міндім майда жал мен қаз мойынды,  
Мекенім Баян тауы-кейін қалды.



Қорлыққа жас та болсам шыдай алмай,  
Өмірім Мұса мені дауға қалды.  
Дарига, іш күйеді зорлығына,  
Сенді ғой мал-басының молдығына.  
Қорқамын тағы дүре соғама деп,  
Сонда да шыдамаймын қорлығына.  
Қаныма батқандықтан ашынамын,  
Мен неге жаяумын деп басыламын.  
Малым жоқ Шорман айдап алатұғын,  
Зорлығын Мұстафаның паш кыламын.



# САПАР (I-түрі)

Қ.Бабақовтың айтуы  
бойынша жазылған.

Толқындата. Взволнованно.  $\text{♩} = 100$

Кел - дім Са - пар ба - сы - на,  
жал - ғыз Са - лық қа - сым - да,  
Кет - тің Са - пар бұл дү - нне - ден  
ай - хай - хай ай, о - тыз же - ті  
Жылдан, Быстро.  
ма - сым - да қай - ра - ра - ра - ра - ра  
қай - ра ра о - ха су  
қай - ра - ра - ра, қай - ра, қай - ра қай - ра - ра - у  
Вакулатта, Замедляя.  
қай - ра қай - ра қай - ра н — — — — — н —

Келдім, Сапар басыңа,  
Жалғыз Салық қасымда.  
Кеттің, Сапар, бұл дүниеден,  
Отыз жеті жасыңда.  
Қайғыға қайғы қосылды,  
Тасыған көңлім басылды.  
Артыңда қалған қос жетім  
Апалап кімге асылды.



САПАР  
(II-түрі)*С. Мусиннің айтуы  
бойынша жазылған.*Толқындата. Взволнованно.  $\text{♩} = 100$ 

Жалғыз са-лық нә-сі-лің, тау-сыл-  
ды міне нә-сі-бің. Сә-лем ай-тып қал-  
ды жы-лап, ай-қай-ай, ө-зіңнен ту-ған  
а-сы-дың, ө-зіңнен ту-ған а-сы-дың  
ай-ла-ла, ай-ла-ла, ай-ла-ла  
а-ай, а-ай, а-ай  
а-ай а-ай а-ай

Жалғыз салық нәсілінің,  
Таусылды міне нәсібің.  
Сәлем айтып қалды жылап,  
Өзіңнен туған асылың.  
Сәлем айтты, ол онда,  
Тоғырақ сынды бұл халда.  
Қара шымды жамылып,  
Жатқанын мынау зынданда.  
Қайғысы маған тым батты,  
Ауырып Сапар көп жатты.  
Білген екен өлерінде,  
Жылама, қалқам, деп жатты.

## СҮРША ҚЫЗ

Қ.Бабақобтың айтуы  
бойынша жазылған.Қайратпен . Кең үнмен . Мужественно . Широко.  $\text{♩} = 84$ 

Қа-ра жер кей-де қар-лы кей-де қар-сыз, ер-жі-гіт кей-де мал-ды кей-де мал-сыз.  
Сең соқ-қан да-ри-я-ның тол-қын-нан-дай, көз сал-ған көр-ін-ген-ге кө-ңіл ар-сыз ай!  
тезірек . живее.  
Ас-пан-да шыр-қар боз-тор-ғай шір-кін өн-ің бүл-бүл ай, а-шау ой  
Сүр-ша-қыз еі-ді е-сен бол.  
Хай ай-ай ай-ай ай-ай, ха ай-ай-ай-ай хай ай-ай-ай-ай, ай-ай-ай, и-ай-ай, и-ай-ай, ай!

Қара жер кейде қарлы, кейде қарсыз.  
Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз,  
Сең соққан дарияның толқынындай  
Көз салған көрінгенге көңіл арсыз.

*Қайырмасы:*

Аспанда шырқар бозторғай,  
Шіркін, әннің бұлбұлы-ай.  
Ахау, ой Сұрша қыз,  
Енді есен бол

Басынан кара таудың құлағаным,  
Кекілін кербестінің сылағаным,  
Түскенде сен есіме, беу қарағым,  
Құшақтап мамық жастық жылағаным.

*Қайырмасы:*

Неше жыл жүрсем дағы мен айдауда,  
Шыдаймын, кажымаймын денім сауда.  
Дәм жазып осы жолдан аман қайтсам,  
Сұрша қыз, көрісерміз Баян тауда.

*Қайырмасы.*

# ГАУҒАР ҚЫЗ


(I-түрі)

С. Мусиннің айтуы  
бойынша жазылған.

Сабырмен. Не спеша. ♩ = 80

Қа - ра - ғым ай - на - лай - ын а - сыл ту - ған  
 сор - лыға - кең жа - лу жү - ріп за - кон  
 қу - ған Мү - са мен қа - ғаз да - сып жүр -  
 ге - нім - де  
 са - дық жан ай - на - лай - ын сон - да ту -  
 ған. О, ая - ді жан, оя - ді -  
 жан де - нен сүй - ген жус - ын  
 жан а - хау, гау - ғар қыз, ал -  
 та мой - ын қо - қыр қа - зым.

Қарағым, айналайын асыл туған,  
 Сорлы әкен жаяу жүріп, закон қуған.  
 Мұсамен қағаздасып жүргенімде,  
 Салықжан айналайын сонда туған.



Қайырмасы:

Уа, "Әлдижан, әлдижан,  
Көңлім сүйген Хүснижан.  
Ахау, ой, Гауһар кыз,  
Алма мойын, коныр қазым.

Ішуге Омбы барып шай таппадым,  
Қайтейін, қайран жүрек, жай таппадың.  
Жұлдызға аспандағы қол созам деп,  
Торыдай жауыр болған қайқақтадым.



## ГАУҺАР ҚЫЗ

(II-түрі)

Қ.Бабақовтың айтуы бойынша жазылған.

Севырмен. Не спеша.  $\text{♩} = 80$



І - шу - ге о - сы жақ - тап шай тап  
па - дым, қай - тей - ін шір - кін  
кө - нің жай тап - па - дым,  
Жұл - дыз - га қс - пан - да - ғы қо - лым сер - мек,  
то - ры - дай жа - уыр бол - ған  
қай - қақ та - дым, ей. ой  
Әл - ді жан, мар - гү - лан, сүй -  
ген жа - рым түс - ни жан, а - қау ой гәу - бар  
қыз, ах - ма мой - ын сен қо - ныр қаз.

Ішуге осы жақтан шай таппадым,  
Қайтейін, шіркін көңіл жай таппадың.  
Жұлдызға аспандағы қолым сермеп,  
Торыдай жзуыр болған қайқатадым.

*Қайырмасы:*

Ой, Әндижан, Марғұлан,  
Сүйген жарым Хүсни жан.  
Ахау, ой, Гауһар қыз,  
Алма мойын сен қоңыр қаз.  
Баурында Алатаудың кара қойын,  
Елімнің сағынамын айт пен тойын.  
Қыс қыстап, жаздығүні жайлаушы едік,  
Үш тарау су ағатын Сырдың бойын.

*Қайырмасы:*



## ГЛУХАР ҚЫЗ

(Ш-түрі)

Қ. Бабақовтың айтуы  
бойынша жазылған.Жігермен. Энергично.  $\text{♩} = 116$ 

Кел-дік ду-ман ай - ор-та-на,  
 Ән са-лай-ын хал-қы-ма, Көп-ші-лік-кө-ңі-лін кө-  
*ten. ten. ten.*  
 тер-се, а-хай-хай зыр-ла-май жүй-рік  
*ten. ten. ten.*  
 қал-ған ба көп-ші-лік көң-лін кө-тер-  
*ten. ten. ten.*  
 се, а-қ-хп хай зыр-ла-май жүй-рік  
*ten. ten. ten. allegro-brillante.*  
 қал-ған ба лел-ле-ле лел-ле-ле,  
 лел-ле-ле лел-н - н - н - н - н - н - н - н -  
 н - н - н - н - н - н - н - н

Келдік думан ортана  
 Ән салайын халқыма.  
 Көпшілік көңлін көтерсе,  
 Зырламай жүйрік қалған ба.



## КҰЛБАЙ БАЙ

(I-түрі)

Қ.Бабақовтың айтуы  
бойынша жазылған.Шалқыта. Широко.  $\text{♩} = 84$ 

Күл-бай бай - дың ө - гі - зі, тан - ке -  
сі - нің се - мі - зі - ай кел - ген сай - ын то -  
най - ды той - ма - ған е - кен  
горячо . немного живее .  
не - гі - зі Аһ, күл - бай . бай , күл - бай ,  
бай , қыз - да рбао - ның кра - си - лай .  
Қып шақ - с - кий жар - мең - ке - ай .

Күлбай байддың өгізі,  
Танкесінің семізі,  
Келген сайын тонайды,  
Тоймаған екен негізі.

Қайырмасы:

Аһ, Күлбай, бай Күлбай бай,  
Қыздары оның "красивай".  
Қыпшақский жармеңке-ай.

Кұлбай байдың тайлағы,  
Ат шаптырым аймағы,  
Өзіне тәңірі берген соң,



## КҮЛБАЙ БАЙ

(II-түрі)

Қ. Бабақовтың айтуы  
бойынша жазылған.

Шалқыта. Широко. ♩ = 84

Күл-бай бай - дың ө - гі - зі, тап - ке -  
сі - нің се - мі - зі - ай кел - ген сай - зың то -  
най - ды той - ма - ған е - кен  
горячо . немного живее .  
не - гі - зі Аһ, күл - бай, бай, күл - бай,  
бай, қыз - да ршо - ның кра - си - бай,  
Қып шақ - с - кий жар - мең - ке - ай .

Күлбай байдың өгізі,  
Танкесінің семізі,  
Келген сайын тонайды,  
Тоймаған екен негізі.

Қайырмасы:

Аһ, Күлбай, бай Күлбай бай,  
Қыздары оның "красивай".  
Қыпшаковский жарменке-ай.

Құлбай байдың тайлағы,  
Ат шаптырым аймағы.  
Өзіне тәңірі берген соң,  
Бұзылмай тұр қаймағы.

*Қайырмасы.*

Құлбай байдың ешкісі,  
Күйеуі келді бес кісі.  
Шешесі тентек болса да,  
Қыздарының естісі.

*Қайырмасы.*

Құлбай байдың тұсағы,  
Өткір екен пышағы.  
Басқасы жаман болса да,  
Қызының тәуір құшағы.



# ТОЛҚЫМА

(I-түрі)

*С. Мусиннің өлшеуі бойынша жазылған.*

Батыл. Бодро.  $\text{♩} = 120$

Да - ря - ның ор - та - сын - да, ай  
 Жа - сым - нан жа - ым сүй - ген, ай  
 ке - ме - қай - ық, а -  
 суу - мен е - дің, а -  
 е - е - е... Бол - ған - да  
 Тағ - дыр - да  
 сіз - ді жа - сым - нан соң - не қы - лай - ық,  
 а - е - е - е... у - ай - ай. Там - та - ра - там - та,  
 тағ - дыр - да там - та - та

Дариянын ортасында кеме-қайық,  
 Болғанда сіз ылашын, біз бидайық.  
 Жасымнан жаным сүйген сәулем едің,  
 Тағдырда жазбаған сон не қылайық.  
 Дарияның ортасында көрдім сені,  
 Сырғанды қайық қылып өткіз мені.  
 Сырғанды қайық қылып өткізбесең,  
 Болсаң да хордың қызы көрмен сені.

# ТОЛҚЫМА

## (II-түрі)

Қ. Ахеровтың айтуы бойынша жазылған.

Кең ұямен, Широко.  $\text{♩} = 76$



Дә - рия - ның ор - та - сын - да,  
Е - кеу - нің е - ніңі - та - ның.

Әй | бе - не қай - ның,  
Әй | бе - не қай - ның.

Бұл - қан - да, ау - сіз - зі - ла - шын.  
Мәк - бұл - да, ау - шәл - ба - қан - да.

Әй - бе - не да - та қай - ның,  
Әй - бе - не да - та қай - ның.

Әй - бе - не да - та қай - ның,  
Әй - бе - не да - та қай - ның.

Әй - бе - не да - та қай - ның,  
Әй - бе - не да - та қай - ның.

## БАЯН АУЫЛ

С.Кәрібаевтың айтуы  
бойынша жазылған.

Жай, оялана. Медленно и задумчиво. ♩ = 76

Ба - лан а - уа же - рі кең  
шен - нен ас - қан, бұл ма - най - да жер  
жоқ - қой се - нен ас - қан. ей,  
та - у - ымай се - нен соқ - қан  
да - уыл - ай же - ман жақ - сы  
бол - са - да, ей, ей  
ту - ып өс - кен  
ау - ыл - ай.

Баян ауыл жері кең шеннен асқан,  
Бұл маңайда жер жоқ қой сеннен асқан.

Қайырмасы:

Тауым-ай,  
Сеннен сокқан дауыл-ай.  
Жаман, жақсы болса да,  
Туып өскен ауыл-ай.

Туған жері әркімнің өзіне ыстық,  
Сондықтан шыдамастан әнге бастық.

## БОЗТОРҒАЙ

*С. Мусиннің айтуы бойынша жазылған.*

Сазырмен. Не спеша.  $\text{♩} = 92$


Ом - бы - га шо - шын - ган - нан жа - лу бар - дым,  
 а - ра - да күн - түн жү - ріп шар - шап тал - дым  
 Княз - дің мен бұй - ры - ғын ә - кел - сем - де,  
 пә - ле - ге а - шыл - май - тып  
 та - ғы қал - дым ой. Ас - пан - да шыр - қар  
 боз - тор - ғай, Мү - са - ның ә - ні  
 ә - сы - лай әл - де қан - дай бол - ды е - кен  
 біз - дің а - ул хал - да - ры, ай.

Омбыға шошынғаннан жаяу бардым,  
 Арада күн-түн жүріп, шаршап-талдым.  
 Князьдің мен бұйрығын әкелсем де,  
 Пәлеге ашылмайтын тағы қалдым.

*Қайырмасы:*

Аспанда шырқар боз торғай,  
 Мұсаның әні осылай.  
 Әлдеқандай болды екен  
 Біздің ауыл халдары-ай.





Әй, Мұса, сен бидайық мен бір торғай,  
Жүреміз тірі болсақ ойнай, ойнай,  
Параңды мұнан былай тоқтат, Мұса,  
Нашардың жон терісін іреп сөймай.



*Қайырмасы.*



## ШОРМАНҒА


Қ. Бабақовтың айтуы  
бойынша жазылған.

Еркін, ашық үнмен. Смело и ярко. ♩ = 120



Шорман ұлы Садуакас,  
Қатыны өліп көңлі пәс.  
Ғалымдық пен зұлымдық  
Екеуі түр гой аралас.

Шәкен ұлы Түсіпбек,  
Жәй жүрмейді о да тек.  
Халқына зәбір келген соң,  
Білелға шықты жекпе-жек.



Шорман ұлы сұм Біләд,  
Перғауын десең болар ол  
Әужаң, Иса, Мұсасының  
Бөлегі жоқ бәрі бір.  
Шорман ұлы бәрі қу,  
Жүрген жерім күнде ду,  
Алдау, арбау, шындық жоқ,  
Ағып тұрған бәрі зу.



## КӨКЕЙ КЕСТІ

: Қ. Дехерабтың айтуы  
бойынша жазылған.Жігермен. Энергично.  $\text{♩} = 100$ 


И - ги - ги - ги | Қат - ты соқ - қан  
кө - рі - лік, а, жан - ме - мен тең. Кө -  
зім көр - мес бол - ған соң а - ай  
құ - ла - ғым. А - кем.  
Әу - лие - сі, бақ - сы - сы ау, қа - ра - са - да,  
жү - ре - гім - ді жа - зу - ға  
та - был - мас ем а ах хо - хо  
хуу, о - хо хо - у - а ай.

Қатты соққан көрілік жынмезен тең,  
Көзім көрмес болған соң құларым кем.  
Әулиесі, бақсысы-ау, қараса да,  
Жүрегімді жазуға табылмас ем.

Бірді алып жүргем жоқ бірді қарғап,  
Жігіттікті жүргем жоқ бекер жалғап,  
Күрмеуіме қысқа жіп келмеген соң  
Үш жағына жібердім кендір жалғап.

## ЛӘЙЛІМ

Қ.Бабақовтың айтуы  
Дайынша жазылған.Сабырмен. Не спеша.  $\text{♩} = 76$ 

Ақ көйлек, асыл пеш - пешт. ай, бе -  
 лін қыс қам, ә - әй бір қыз - дың дау - сы  
 шық - ты күн шы - ғыс - тан  
 ай ой - ли - ди - ди  
 ой ая - ді - ай  
 ой ди - ди - ди - дау ди - ди - лай - лай - лай.

Ақ көйлек, асыл пешпешт белін қысқан, ә-әй,  
 Бір қыздың даусы шықты күн шығыстан-ай.  
 Қоян жон, құмырсқа бел ой, қарағым-ай,  
 Жігіттің арманы жоқ сені күшқан а-ай.

## ЖАЗДЫҢ КҮНІ

С. Мусиннің айтуы  
бойынша жазылған.

Марш екпінмен. Маршеобразно. ♩ = 120

Сәу - ір - де кө - тері -

лер рах - мет ту - ы.

кө рі - нер көк жү - зін - де

қаз бен қу - ы. уай - ай.

кө - рі - кер көк жү - зін - де

қаз бен қу - ы ай у - ай - ай.

Сәуірде көтерілер рахмет туы,  
 Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы, ай-уай-ай.  
 Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы, а-уай-ай.  
 Қар еріп, ағыл-тегіл ой мен қырда,  
 Сарқырап таудан құлай аққан суы,  
 ай-уай-ай.  
 Сарқырап таудан құлай аққан суы,  
 ай-уай-ай.

## САПАР ҚЫЗ

С. Мусиннің айтуы  
бойынша жазылған.Жылдам. Быстро.  $\text{♩} = 160$ 

Кеш бол-са күн ба-та - ды тау-дан а-сып, ша-пақ  
тар қы-зыл ал-тын нұ-рын ша-шып. Ақ-шам-  
ның қа-рақ-ғы-сы бол-ған шақ-та, ах. Ү-рып қо-сы-ла-  
ды өң-шен ға-шық. Боз үй-ден таң ал-дым-да  
ай күй-еу шы-ғар ар-ты-нан қа-лар жа-ры бе-тін  
ба-сып, мой-ны-на ақ бі-ле-гін ар-та са-лып, тү-ра-  
ды ат-тай-ды-рып хош ай-ты-сып. Ди-та-ра-рам  
та-ра-ра-ра-ра - там, там, там, ра-ри-ра-ра  
ой ая-лым той ла-ла - ла-дым ла ай,

Кеш болса күн батады таудан асып,  
Шапақтар қызыл алтын нұрын шашып.  
Ақшамның қараңғысы болған шақта,  
Ах, ұрып қосылады өңшен ғашық,  
Боз үйден таң алдында күйеу шығар,  
Артынан қалар жары бетін басып,  
Мойнына ақ білегін арта салып,  
Тұрады аттандырып, хош айтысып

## ӘРИНЕ КҮН

С. Мусиннің айтуы  
бойынша жазылған.

Жігермен. Энергично.  $\text{♩} = 152$


Ақ түйгын көлден қарсы  
ай қаз іледі а-ау,  
жылып қыз-бозбала  
ай бір жүреді а-ау,  
әрине күн, ай-  
бай.

Ақ түйгын көлден қарсы-ай қаз іледі а-ау.  
Жылып қыз-бозбала-ай бір жүреді а-ау,  
әріне күн.

Жігіттер, осындайда-ай ойна да күл а-ау.  
Ұлғайып, үйде отырар кез келеді а-ау,  
әріне күн.

Таланттан жас жігіттер-ай екпінденіп а-ау.  
Ән салып, өлең айтсақ-ай жігерленіп, а-ау,  
әріне күн.





Толықсып пісіп тұрған-ай гүл шешекке, а-ау,  
Жолықсын әр уақытта-ай мейірленіп, а-ау,  
әріне күн.

Болады көк жетілсе-ай шалғын төсек а-ау,  
Өтірік болар ма екен-ай бұлай десек а-ау,  
әріне күн.

Жастықтың әсерінде-ай не болмайды а-ау,  
Айтқаным болмаса менің-ай, сірә, өсек а-ау,  
әріне күн.




## БҰЗАУ ЗАРЫ

С. Мусиннің айтуы  
бойынша жазылған.Жігермен. Энергично.  $\text{♩} = 116$ 

Ей, Мұ - са мен не - ғыл - дым  
 са - ған жар - қын, күш пе - неі тоз - дыр -  
 дың - ғой а - уыл хал - қын  
 Бұ - зау - ын а - уы - лым - ның  
 қы - рып сал - дың, кө - рер - сің  
 не бол - ға - нын іс - тің ар - тын  
 о, ай - ін ай Бұ -  
 за - у за - ры  
 е - рі - я, е - рі - х - н - а.

Ей, Мұса, мен неғылдым саған жарқын,  
 Күшпенен тоздырдың ғой ауыл халқын.  
 Бұзауын ауылымның қырып салдың,  
 Көрерсің не болғанын істің артын.



Қайырмасы:

О, айым-ай, бұзау зары,

О, ерия, ерия.

Мактанба басыңызда бағымызға,  
Қартаймақ қиын сауда тарыңызда,  
Сізге де сорлы болу қиын емес,  
Басыңнан бағың тайған шағыңызда.



## ҚАРШЫҒА, БҮРКІГ (Тұрымтай)

Қ.Бабақовтың айтуы  
бойынша жазылған.

Батыл, еркін. Бодро и смело.  $\text{♩} = 168$

Көк түм - сі - ғы кел - се жал - пақ,  
 шүң - ғыл жем - сау, кү - жыр а - яқ,  
 ау, төс - тек кел - ген ше - гір көз - ді  
 Кең маң - дай - лы бұ - ты тал - тақ  
 Ұ - зын - құй - рық жа - уы рін - ді, жу - ды сан - ды,  
 о - ты - рар шал - жақ ай - ли - ли - ай,  
 ай - ли - ли - ай, ай - ли - ли - ай,  
 а - ау, тай та - ра тап тай тай - тап тай тап  
 тай - тай - та - ра та - тай та - ра та ой.

Көк түмсіғы келсе жалпақ,  
 Шүңғыл жемсау, күжыр аяқ,  
 Төстек келген шегір көзді,  
 Кең маңдайлы бұты талған  
 Ұзын құйрық, жауырынды,  
 Жуан санды, отырар шалжақ.

## ЖУАН АЯК

(Қазір "Қос канат" әнімен айтылып жүр.)

Қ. Бабақовтың айтуы  
бойынша жазылған.Шалқыта. Широко.  $\text{♩} = 80$ 

Қо - лы - ма жи - гіт - тік - пен  
Қа - раөт - кел да - за - ры - на

ал - дым та - аяқ, жи - гіт - ке  
ба - рып е - дік, кез бол - ды

қо - сыл - дық қой өң - шең са - аяқ,  
том - пақ а - уыз жу - ан а - яқ,

су су: Өт - ті - ді у - рен,

кеш - тік сай ран,

*mf* Жі - гіт - тік да - гу - а - сы - на

қал - дық қай - ран, ей

Қолыма жігіттік пен алдым таяқ,  
Жігітке қосылдық қой өңше саяқ.  
Қараөткел базарына барып едік.  
Кез болды томпақ ауыз, жуан аяқ.

ас - пан - да тор - ғай шыр - лай - ды -

кө - кі - рек шір - кін жыр - лай - ды,

ел са - ғы - нып жүр - ген - де,

кө - зің - нің жа - сы тұр - май - ды -

Қан - ша қы - зық көр - сен - де -


Өз е - лің - дей бол - май - ды.

А - хау ой а - у - хай

өз е - лің - дей бол - май - ды.

*Қайырмасы:*

Өтті дәурен,  
 Кештік сайран,  
 Жігттік дағуасына  
 Қалдық қайран.  
 Аспанда торғай шырлайды,  
 Көкірек шіркін жырлайды,  
 Ел сағынып жүргенде,  
 Көзіңнің жасы тұрмайды.  
 Өз еліңдей болмайды.  
 Ахау ой,  
 Өз еліңдей болмайды.



Жимаған дүние, малды мен бір надан,  
Жасымнан сорлы кедей кара табан.  
Алматы, Пішпек, Төкпак, Қокандағы,  
Не болды уа, дариға, қайран бабам.

*Қайырмасы:*

Боларсың сен де мендей маған күлсен,  
Салбырар екі аяғың есек мінсен,  
Ауызың күлмек түгіл, кисаяр ед,  
Айрылып ел-жұртыңнан қаңғып жүрсен.

*Қайырмасы:*



## ҰЛЫ ТАУ

Ы. Турлыбаевтың айтуы  
өбізінші жазылған.

Савырмен. Не спеша.  $\text{♩} = 92$

Ту - ған же - рім Ба - ян ау - ыл, кей -  
де ты - нық, кей - де да - уыл ай!

Ұ - лы та - у - дың қой - на уы - н - да -  
ме - кен ет - кен біз - дің ау - ыл. V -  
арт тау - дың қой - нау - ы - н - да ме - кен  
ет - кен біз - дің ау - ыл Ха - зу ла - у,  
а - ла - у ла - у, ла - у а - ай.

Туған жерім Баянауыл,  
Кейде тынық, кейде дауыл  
Ұлы таудың қойнауында,  
Мекен еткен біздің ауыл  
Артта қалды Баян тауым,  
Жер аудартты ата жауым.  
Қанша қысым көрсетсе де,  
Өмір бойы бітпес дауым.



# ҚЫЗ КҮЙІ

*С. Мусинның тартуы  
бойынша жазылған.*

Жылдам. Быстро.  $\text{♩} = 120$

The musical score consists of eight staves of music. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one flat (B-flat), and a common time signature. The tempo and metronome markings are 'Жылдам. Быстро. ♩ = 120'. The music is primarily composed of eighth and sixteenth notes, often beamed together in groups. The score includes dynamic markings such as *mf* (mezzo-forte) and *ff* (fortissimo). The piece concludes with a final cadence on the eighth staff.

# ҚЫЗ БАЛА КҮЙІ

Асықдай. Не торопсыз.  $\text{♩} = 84$  *С. Мусиннің тартуы бойынша жазылған.*

The musical score consists of eight staves of music. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one flat (B-flat), and a 2/4 time signature. The tempo and mood are indicated as 'Асықдай. Не торопсыз.' (Moderato). The metronome marking is  $\text{♩} = 84$ . A note above the first staff reads 'С. Мусиннің тартуы бойынша жазылған.' (Written according to the arrangement of S. Musin). The music is written in a single melodic line with a piano (p) dynamic marking at the beginning. The score includes various rhythmic values such as eighth and sixteenth notes, rests, and slurs. There are repeat signs and first/second endings indicated by double bar lines with first and second endings. The piece concludes with a final cadence.

## ҚҰМЖЫЛАН КҮЙІ

Көңілді. Весело.  $\frac{3}{4}$  = 116С. Лусинның тартуы  
бойынша жазылған.

Жаяу Мұса Байжановтың өмірі мен  
шығармашылығы жайлы жазылған  
әдебиеттер

1. Жаяу Мұса Байжанов. Ақ сиса // Бес ғасыр жырлайды; Екі томдық.- А., 1989.- Т. 2. – 70- 74 б.
2. Ақышев З. Жаяу Мұса: Роман.- Алматы, 1978.
3. Ауыл кеші көңілді. – А.: Қайнар, 1988. – 575 б.
4. Жаяу Мұса // Қазақстан: Ұлттық энциклопедия.- Алматы, 2001.- Т. 3.- 612-613 б.
5. Жаяу Мұса Байжанұлы // Баянаула.- Астана, 2001.- 90-91 б.
6. Кенжебаев Б., Есназаров Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1996. – 299 б.
7. Қазақ поэзиясының антологиясы: - А.: Ғылым, 1993. – 488б.
8. Қоспақов З. Әнші тағдыры.- А., 1971.
9. Қоспақов З. Жаяу Мұса Байжанов.- М., 1977.
10. Қоспақов З. Жаяу Мұса // Қазақ ССР: 4 томдық қысқаша энциклопедия.- А., 1989.- Т.4.- 253-254 б.
11. Солтанбайұлы З. Мәшһүр. – Павлодар: ЭКО, 2001. – 179 б.


## МАЗМУНЫ

Жаяу Мұсаның өмірі мен музыкалық творчествосы .....	3
--	---

## ӨЛЕҢДЕР

Ақ сиса (I-түрі) .....	117
Көкаршын (I-түрі) .....	119
Көкаршын (II-түрі) .....	121
Хаулау (I-түрі) .....	123
Хаулау (II-түрі) .....	125
Сапар (I-түрі) .....	127
Сапар (II-түрі) .....	128
Сұрша қыз .....	129
Гауһар қыз (I-түрі) .....	131
Гауһар қыз (II-түрі) .....	133
Гауһар қыз (III-түрі) .....	135
Құлбай бай (I-түрі) .....	136
Құлбай бай (II-түрі) .....	138
Толқыма (I-түрі) .....	140
Толқыма (II-түрі) .....	141
Баянауыл .....	142
Бозторғай .....	143
Шорманға .....	145
Көкей кесті .....	147
Ләйлім .....	148
Жаздың күні .....	149

Сапар қыз .....	150
Әрине күн .....	151
Бұзау зары .....	153
Қаршыға, бүркіт (Тұрымтай) .....	155
Жуан аяқ .....	156
Ұлы тау .....	159
Қыз күйі .....	160
Қыз бала күйі .....	161
Құмжылан күйі .....	162
Жаяу Мұса Байжановтың өмірі мен шығармашылығы жайлы жазылған әдебиеттер .....	163



# Кереку-Баян кітапханасы “РУХНАМА”

*Бұл басылым С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Е. Бекмаханов атындағы “Өлкенің тарихы мен этнографиясын зерттеу орталығында” дайындалды.*

Орталықтың директоры

Құдабаев А.Ж.

Аға ғылыми қызметкерлер

Агманова Ә.Е.

Арын Р.С.

Еңсебаев Т.А.

Соколкин Э.Д.

Кіші ғылыми қызметкер

Ыдрышева Б.К.

Компьютерде тергендер

Искакова З.С.

Сағнаева А.С.

Компьютерде әшекейлеп қаттаған:

Иманбаев Е.С.

Солдатов И.С.

Техникалық редактор

Шабанов Г.М.

Корректор

Нүрпеисова Б.К.

## Жаяу Мұса Байжанов

Терімге 10.05.2003 жіберілді. Басуға 20.05.2003 қол қойылды. Пішімі 84x100 1/32. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 7,7. Есепті баспа табағы 4,9. Таралымы 1000. Тапсырыс №1004.

Отпечатано в ТОО НПФ «ЭКО»  
г.Павлодар, ул. 29 ноября, 2 . т. 32-16-08